

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008-2010 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 тамыздағы N 753 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008 - 2010 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары (бұдан әрі - Жоспар) мынадай құрамда бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008 - 2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары (1-бөлім) ;

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік реттеуіштері (2-бөлім);

3) 2008-2010 жылдарға арналған қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың тізбесі (4-бөлім);

4) қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі 2008-2010 жылдарға арналған басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі (5-бөлім).

2. Күпия.

3. Күпия.

4. Жоспар құрамында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008-2010 жылдарға арналған маңызды көрсеткіштерінің болжамы (3-бөлім) мақұлдансын.

5. Ұлттық компанияларды дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары мен негізгі көрсеткіштерінің болжамы (6-бөлім) назарға алынсын.

6. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері тиісті облыстар мен қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008-2010 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарларын уақтылы әзірлеуді және заңнамада белгіленген тәртіппен бекітуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Үкіметін елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйі туралы тоқсан сайын хабардар етсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008-2010 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары

1-бөлім. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары

Мазмұны

Кіріспе

1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2006 жылдардағы жай-күйін және үрдістерін талдау

2. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары

2.1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму проблемалары

2.2. Қазақстан Республикасы дамуының 2008-2010 жылдарға арналған шарттары және макроэкономикалық сценарийлері

2.3. Әлеуметтік-экономикалық дамудың 2008-2010 жылдарға арналған мақсаттары мен міндеттері

2.4. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008-2010 жылдарға арналған сандық индикаторлары

3. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008-2010 жылдардағы басымдықтары

3.1. 1-басымдық. Мемлекеттің экономикалық саясатын жүргізудің тиімділігін арттыру

3.2. 2-басымдық. Адами капиталды дамыту және халықтың тұрмыс сапасын арттыру

3.3. 3-басымдық. Инфрақұрылымды дамыту

3.4. 4-басымдық. Экономиканы жаңғырту және әртараптандыру

3.5. 5-басымдық. Өңірлерді теңгерімді дамыту

3.6. 6-басымдық. Кәсіби Үкімет

Кіріспе

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008-2010 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылы 14 маусымдағы N 647 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеу ережесіне сәйкес әзірленді.

Жоспар ішкі және сыртқы факторларға байланысты 2008-2010 жылдарға экономиканың даму қарқынын негіздейді және экономиканың мемлекеттік және жеке секторларының дамуы үшін қолайлы жағдай жасау саласында мемлекеттік басқарудың орталық және жергілікті органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың іс-әрекетін айқындайды.

Жоспар экономиканың салаларын дамыту саласында 2008-2010 жылдардағы міндеттерді және стратегиялық жоспарларда, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдаулары мен Қазақстан Республикасының Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасында (бұдан әрі - Үкімет Бағдарламасы) айқындалған мақсаттарға қол жеткізу мен басымдықтарды іске асыру үшін оларды шешу жолдарын айқындайды.

1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2006 жылдардағы жай-күйін және үрдістерін талдау

2005, 2006 жылдары экономиканың жедел өсу қарқыны сақталды.

Қазақстан экономикасының жоғары өсу қарқыны әлемдік тауар нарықтарында Қазақстан экспортының негізгі құрамдауыштарына деген қолайлы баға конъюнктурасына, сондай-ақ ішкі жиынтық сұраныс пен ұсыныстың кеңеюінің жалғасуына негізделген.

2005, 2006 жылдары жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі - ЖІӨ) нақты өсуі тиісінше 9,7% - ды және 10,7% - ды құрады.

Экономиканың барлық секторларында нақты, қызметтер секторында, сондай-ақ қаржы секторында оң серпін байқалды.

2006 жылы өнеркәсіп өндірісі көлемі өсуінің қарқыны ұлғайды. Өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі 2006 жылы өткен жылға қатысты 2005 жылғы 4,8 %-бен салыстырғанда 7,3 %-ға өсті.

Өнеркәсіп салалары арасында шикізат емес сектор барынша жедел қарқынмен дамыды. 2005, 2006 жылдар бойы өнеркәсіп өндірісінің жыл сайынғы өсімі орташа 6%-ды құрады, оның ішінде тау-кен өндірісі өнеркәсібінде - 5%, өңдеу - 8%, электр энергиясын, газ бен суды өндіру және тарату - 4% .

Ауыл шаруашылығында өндіріс көлемі 2005, 2006 жылдары орташа 7%-ға ұлғайды, оның ішінде өсімдік шаруашылығында - 9,5 %-ға, мал шаруашылығында - 4,5%-ға.

Құрылыс саласының дамуы жоғары өсу қарқынымен сипатталды. 2005, 2006 жылдары құрылыстағы орташа жылдық өсім 33,8 %-ды құрады.

2005, 2006 жылдардағы экономикалық өсу факторларының бірі жылдық орташа өсімі 22,4% болатын негізгі капиталға инвестициялар көлемінің өсуі болды.

Қызметтер саласындағы өсу негізінен бөлшек сауда, байланыс қызметтері мен жүк көлігі қызметтері саласында көрсетілетін қызметтер көлемінің өсуімен қамтамасыз етілді, онда жылдық өсу қарқыны 2005, 2006 жылдары орташа 15 %-ды, 24 %-ды және 4 , 9 % - д ы қ ұ р а д ы .

Экономиканың өсу факторларының бірі ретінде ішкі жиынтық сұраныстың кеңеюіне 2005, 2006 жылдары үй шаруашылықтарын тұтыну мен жалпы жинақтар шығыстарының ұлғаюы ықпал етті. 2005, 2006 жылдар бойы жалпы тұтыну, оның ішінде үй шаруашылықтары шығыстары жылына орташа 11 %-дан жоғары өсті.

Тұрғындар тарапынан жиынтық сұраныстың өсуі негізінен халықтың нақты ақшалай табысының ұлғаюына негізделген, ол 2005, 2006 жылдары жыл сайын 11,4 %-ғ а ө с т і .

Жалпы жинақтың өсімі 2005 жылы 17,7 %-ды, 2006 жылы - 28,8 %-ды құрады.

Экономиканың өсуі сыртқы сауда көрсеткіштерінің өсуімен қатар жүрді. 2005, 2006 жылдары сыртқы сауда айналымының жыл сайынғы өсуі орташа 37,3 %-ды, оның ішінде экспорт - 38 %-ды, импорт - 36,1 %-ды құрады.

Экспорттың ұлғаюына басты жағдайда энергиялық ресурстар мен металдар нарығында сақталған қолайлы сыртқы конъюнктура, сондай-ақ бірге елдегі отын-энергетика ресурстарын өндірудің өсуі мен металлургия өнеркәсібі өнімдері өндірісінің ө с у і ы қ п а л ж а с а д ы .

Экспорттың құрамында 2005, 2006 жылдары негізгі үлесті экспорттың жалпы көлемінің шамамен 90 %-ын минералдық өнімдер, қымбат емес металдар мен олардан ж а с а л ғ а н б ұ й ы м д а р и е л е н д і .

Импортта негізгі үлес импорттың жалпы көлемінің шамамен 83-84 %-ын машиналар, жабдықтар мен көлік құралдары, қымбат емес металдар мен олардан жасалған бұйымдар, химия өнімі, минералды өнімдер иеленді.

Ішкі нарыққа шетел валютасының едәуір ағыны елдің халықаралық резервтері мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қор (бұдан әрі - Ұлттық қор) активтерінің ұлғаюына ықпал жасады. Ұлттық қордың қаражатын қоса алғанда елдің халықаралық резервтері тұтастай, 2005 жылға 4,7 %-ға, ал 2006 жылға 2,2 есеге ұлғая отырып, 2006 жылдың соңына 33,2 млрд. АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың активтері 2005 жылмен салыстырғанда 71,6 % ұлғая отырып, 2006 жылдың соңына 1853,4 млрд. т е ң г е н і қ ұ р а д ы .

Қаржы нарығы 2005, 2006 жылдары экономиканың ең серпінді дамып келе жатқан

секторларының бірі болды. Екінші деңгейдегі банктер берген кредиттер көлемі 2005, 2006 жылдары 3,2 есеге ұлғая келе 2006 жылдың соңына 4691,0 млрд. теңгені құрады. Депозиттік ұйымдардағы резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2005 жылдан бастап 2,4 есеге ұлғайып, 2006 жылдың соңына 3076,7 млрд. теңгені құрады.

Ішкі валюта нарығында 2005 жылы теңге АҚШ долларына қарағанда 2,9 %-ға құнсызданды, ал 2006 жылы ол 5,06 %-ға нығайды. Теңгенің АҚШ долларына қарағанда орташа өлшемді биржалық айырбас бағамы бір АҚШ доллары үшін 2005 жылы орташа 132,94 теңгені, 2006 жылы - 125,96 теңгені құрады.

2005, 2006 жылдары жұмыспен қамтылған халық санының одан әрі ұлғайғаны байқалды, бұл жұмыссыздар деңгейінің 2005 жылғы 8,1%-бен және салыстырғанда 2006 жылы 7,8%-ға дейін төмендеуіне алып келді.

Нақты жалақының жыл сайынғы өсуі 2005, 2006 жылдары шамамен орташа 11%-ды құрады.

Инфляция деңгейі 2005 жылы орташа 7,6%-ды, 2006 жылы - 8,6%-ды құрады.

Инфляциялық процестерді тежеу мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2005 - 2006 жылдары «қатаң ақша-кредит саясатын» жүргізді, онда инфляциялық қысымды азайтуға, атап айтқанда қайта қаржыландырудың ресми ставканың реттейтін қасиеттерін күшейтуге, ақша-кредит саясатының жекелеген операцияларын мерзімдер мен ставкалар бойынша біріздендіруге бағытталған шаралар бар, сондай-ақ ең төменгі резервтік талаптардың сараландырылған нормативтері енгізілді.

2006 жылы құрылған Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығы өтімді ішкі қаржы нарығын, халықаралық капитал нарығымен ықпалдасуды дамытуға, Қазақстан экономикасына инвестицияларды ұлғайтуға, үздік шетелдік технологияларды тартуға ықпал етеді және ең бастысы, экономиканың нақты секторының құрылымдық реформаларын іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2006 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі N 1641 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасына сәйкес оның жұмыс істеуінің жаңа жүйесі енгізілді, оған сәйкес мұнай секторының кірістері толығымен Ұлттық қорға жіберіледі, ал республикалық бюджеттің кіріс бөлігі тек мұнай емес сектордың есебінен қалыптастырылады.

Қазақстанда қолданыстағы заңнамамен отандық инвесторларға да және шетел инвесторлары үшін де тең жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалған. Елде жеткілікті түрде қолайлы салықтық инвестициялық режим қолданылуда, инвестицияларды қорғау және көтермелеу үшін қажетті институттар жасалған.

2005 - 2006 жылдары бюджеттік инвестициялар базалық инфрақұрылым мен әлеуметтік секторды дамытуға, аграрлық секторды дамытуға жәрдемдесуге, Астана қаласын дамытуға және мемлекеттік басқару функцияларын тиімді іске асыруды

қамтамасыз етуге жұмсалды. Есепті кезеңде бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға 719,3 млрд. теңге жұмсалды. 2007 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген бюджеттік инвестициялардың көлемі 878,8 млрд. теңгені құрады.

Үкіметтік борыштың мөлшерін дәйекті қысқартуды қамтамасыз ету, үкіметтік борыштың құрылымындағы сыртқы борыштың үлесін біртіндеп азайту, сондай-ақ мемлекеттік сектор мен жеке сектор ұйымдарының сыртқы борышының проблемалы мәселелерін шешу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсанда N 234 Жарлығымен Мемлекеттік және жалпы сыртқы борышты басқару жөніндегі тұжырымдама қабылданды.

2005-2006 жылдары салық заңнамасын жетілдіру экономикаға салықтық жүктемені азайтуға, кәсіпкерлердің инвестициялық белсенділігін арттыруға, бәсекеге қабілетті жоғары технологиялы өндірістерді дамытуды ынталандыруға бағытталды.

2005 және 2006 жылдары кешенді және осы заманғы нормативтік-әдістемелік реттеу базаларын құру, оның осы заманғы дамуы мен тәжірибеде қолданылуы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу және бақылау жүйесін жетілдірудің, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 мамырдағы N 455 қаулысымен мақұлданған Табиғи монополиялар салаларында тарифтік саясатты дамытудың 2005 - 2007 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асырудың нәтижесі болып табылады.

Шағын және орта бизнесті дамытудағы сапалы серпілісті қамтамасыз ету мақсатында "Жеке кәсіпкерлік туралы" 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда бизнес пен мемлекет арасындағы өзара қатынастардың жаңа үлгісі ұсынылды, ол кәсіпкерлердің тәжірибесі мен білімін жұмылдыруға мүмкіндік береді.

2006 жылы Қазақстан Республикасында мемлекеттік-жекеменшік серіктестігін енгізу мақсатында "Концессиялар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Отын-энергетикалық кешенде 2005-2006 жылдары тиімділікті және экономикалық қайтарымдылықты арттыруға, сондай-ақ осы салалардың жұмыс істеуінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүргізілді.

Заңнамалық базаны жетілдіру мен әзірлеуде үлкен жұмыс жүргізілді, бұл жер қойнауын пайдаланушылардың қызметін ілеспе газды кәдеге жарату жағына бұруға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын (бұдан әрі - Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы) іске асырудың бірінші кезеңі шеңберінде 20-дан астам заң қабылданды, 9 салааралық, 16 салалық және ғылыми практикалық және 5 мемлекеттік бағдарлама әзірленді. Бірыңғай "Қазына" орнықты

даму қоры" бірыңғай холдингіне біріккен мемлекеттік даму институттарының жүйесі ж а с а л д ы .

Өткен кезеңде экономиканың шикізат емес секторларын кеңінен зерттеу жүргізілді, экономиканың шикізат емес секторларында жобаларды, өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың нақты шараларын іске асыру басталды.

"Қазына" АҚ-ның жиынтық жарғылық капиталы 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 191 млрд. теңгені құрады.

2006 жылдан бастап Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асырудың екінші кезеңін іске асыру жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 609 қаулысымен Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын іске асырудың 2006 - 2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

Индустриялық-инновациялық саясат шеңберінде өңірлік дамудың тиімділігін арттыру әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар - өңірлік даму институттарының (бұдан әрі - ӘКК) қызметімен қамтамасыз етілетін болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 желтоқсанда N 1305 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған бағдарламасының (бұдан әрі - Құрылыс материалдары өнеркәсібін дамыту бағдарламасы) қабылдануымен керамикалық кірпіш, газ бетон блоктар, гипс картонды беттер, темір бетон бұйымдарын, құрғақ құрылыс қоспаларын, шыны пластикалық құбырлар, кен емес материалдар шығару, терезелер мен есіктер, тауар бетонын өндіру жөніндегі өндірістік қуаттар іске қосылды. Құрылыс материалдары өнеркәсібін дамыту бағдарламасын одан әрі іске асыру құрылыс материалдарын шығару көлемін жыл сайын орташа 8-10%-ға өсіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын іске асыру шеңберінде, агроөнеркәсіп кешенін индустрияландыру, инфрақұрылымын және ұлттық бәсекеге қабілеттілік басымдықтарын дамыту жөніндегі міндеттерді шешу жүзеге асырылуда.

2005-2006 жылдары көлік саласында қолданыстағы көлік инфрақұрылымын жаңғырту, теміржол желілерін салу, автомобиль жолдарының жағдайын жақсарту жүзеге асырылды, жылжымалы құрам жаңартылды және теміржол станцияларының өткізу қабілеттері ұлғайтылды.

2006 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасын (бұдан әрі - "Электрондық үкіметті" қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламасы) іске асырудың

бірінші ақпараттық кезеңі аяқталды. " Ақпараттандыру туралы " және "Кейбір заңнамалық актілерге ақпараттандыру мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдары қабылданды, "электрондық үкімет" веб-порталы іске қосылды. 2006 жыл "электрондық үкіметті" дамытудағы интерактивтік кезеңінің басы болды, оның негізгі жайттары е-үкімет инфрақұрылымының өзегін пайдалануға енгізу, мемлекеттік органдардың интерактивті қызметтер ұсынуға өтуін нормативтік құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру болып т а б ы л а д ы .

2005-2006 жылдар ішінде мемлекет, жұмыс берушілер мен қызметкер арасында әлеуметтік қамсыздандырудың жай-күйі мен тұрақтылығына жауапкершілікті бөле отырып, әлеуметтік қамсыздандырудың көп деңгейлі жүйесін қалыптастыру жөніндегі і с - ш а р а л а р жү з е г е а с ы р ы л д ы .

Мемлекеттік әлеуметтік стандарттар жүйесін жетілдіру жұмысы жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылы 11 маусымда N 1388 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде халықтың әлеуметтік қорғалатын топтары үшін коммуналдық тұрғын үй салу жүзеге асырылуда, 2005-2006 жылдары жалпы алаңы 394,4 мың шаршы метр (4752 пәтер) салынды.

2006 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі күн көріс көлемін есептеу әдісі өзгерді, соған сәйкес азық-түлік себетінің жиынтығы қайта қаралды, ең төменгі күн көріс құрылымы азық-түлік себетінің үлесін 70-тен 60 %-ға дейін қысқарту және азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерді 30-дан 40 %-ға дейін ұлғайту жағына қарай өзгерді.

Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері 2006 жылдан бастап тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын бекітілетін ең төменгі күн көріс көлеміне байланысты есептеледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысымен бекітілген 2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасы (бұдан әрі - "Ауыз су" салалық бағдарламасы) шеңберінде сумен жабдықтау жүйелерін жаңадан салу және жұмыс істеп тұрған 4210 жүйені қайта жаңарту, 4,5 млн. адам саны бар 1511 елді мекенді сумен жабдықтауды жақсарту жөнінде жұмыстар жүргізілді.

Республикада демографиялық ахуалды жақсарту мақсатында 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап азық-түлік себетінің құнынан төмен жан басына шаққанда орташа табысы бар аз қамтамасыз етілген отбасының 18 жасқа дейінгі балаларға жәрдемақылар төленуде, ал 2006 жылғы 1 шілдеден бастап отбасының табысына қарамастан бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жәрдемақы енгізілді, оның мөлшері бала санына қарай сараланып белгіленеді.

2005-2006 жылдары денсаулық сақтау ұйымдары желісін типтендіру, мамандарды жалпы дәрігерлік практика бойынша қайта даярлау, ұйымдарды медициналық жабдықтармен, бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарын санитарлық

көлікпен жарақтандыру, денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру үлгісін әзірлеу
ж ү з е г е а с ы р ы л д ы .

Тұтастай алғанда республикада экономика салалары мен секторларын дамыту, экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту, экономикалық қызмет субъектілерінің табыстылығы мен халықтың әл-ауқатының деңгейін арттыру, ішкі нарықта да сыртқы нарықта да отандық тауар өндірушілердің ұстанымын нығайту үшін қажетті жағдай ж а с а л д ы .

2007 жылғы қаңтар-маусымда ЖІӨ-нің нақты өсуі 2006 жылғы қаңтар-маусымға қ а р а ғ а н д а 10,2% - ды құрады .

2007 жылғы бірінші жарты жылдықта өнеркәсіп өндірісінің көлемі 3367,3 млрд. теңгені құрады, ол 2006 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 6,8%-ға артық. 2007 жылғы қаңтар-маусымда ауыл шаруашылық жалпы өнімі көлемінің 216,9 млрд. теңгені құрады және 2006 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 3,8 %-ға ұлғайды.

2007 жылғы қаңтар-маусымда жалпы жүк тасымалдау көлемі 2006 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 4,9 %-ға өсті және 921,6 млн. тоннаны құрады. 2007 жылғы қаңтар-маусымда байланыс қызметтері 158,8 млрд. теңгені құрады және 31,5 %-ғ а ө с т і .

2007 жылғы бірінші жартыжылдықта бөлшек тауар айналымы 832,2 млрд. теңгені құрады және 11,1 %-ға ұлғайды .

2007 жылғы қаңтар-маусымда негізгі капиталға инвестициялардың көлемі 1230,2 млрд. теңгені құрады, ол 2006 жылғы қаңтар-маусымға қарағанда 11,2%-ға жоғары.

Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 2007 жылғы қаңтар-маусымда, кеден статистикасының деректері бойынша 36,6 млрд. АҚШ долларын құрады және 2006 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 34,2 %-ға көбейді, оның ішінде экспорт - 21,8 млрд. АҚШ доллар (25,8 %-ға ұлғайды), импорт - 14,8 млрд. АҚШ доллар (48,8 %-ғ а ұ л ғ а й д ы) .

Үстіміздегі жылғы маусымның соңындағы жағдай бойынша Ұлттық қордың қаражатын қосқанда, елдің халықаралық жалпы резерві 40 млрд. АҚШ долларын құрады, ол жылдың басына қарағанда 20,5 %-ға өсті. Ұлттық қордың активтері үстіміздегі жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 17,6 млрд. АҚШ долларын құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша екінші деңгейдегі банктердің экономика салаларына кредиттік салымдары 2007 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 6568,6 млрд. теңгені құрады, 2006 жылғы маусымның соңына қарағанда 2,1 есе көп. 2007 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банк жүйесіндегі депозиттердің көлемі 3696,1 млрд. теңгені құрады, ол 2006 жылғы маусымның соңына қ а р а ғ а н д а 71,6% - ға көп .

Теңгенің АҚШ долларына қарағанда ресми айырбас бағамы 2007 жылғы қаңтар-маусымда орташа 123,16 теңгені құрады (2006 жылғы қаңтар-маусымда - 127,1).

2007 жылғы екінші тоқсанда республика экономикасында 7,6 млн. адам жұмыспен қамтылды, ол 2006 жылғы екінші тоқсанға қарағанда 215,1 мың адамға көп. Жұмыссыздық деңгейі халықтың экономикалық белсенді санына қарағанда 7,3 % деңгейінде қалыптасты (2006 жылғы екінші тоқсанда - 7,7 %).

2007 жылғы қаңтар-маусымда халықтың жан басына шаққанда орташа номиналды ақшалай табысы 140401 теңгені құрады және 2006 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 27,9 %-ға, нақты ақшалай табысы - 18,5 %-ға ұлғайды. Нақты жалақы кезең ішінде 19,9 %-ға ұлғайды.

2007 жылғы маусымда 2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда тұтыну бағалар индексі 104,6 %-ды, 2007 жылғы қаңтар-маусымда 2006 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда - 107,9%-ды құрады.

2007 жыл бойынша макроэкономикалық бағалау

Соңғы жылдары Қазақстан экономикасының қарқынды дамуы байқалуда. 2007 жылы болжам бойынша тұрақты экономикалық өсу үрдісі сақталды.

Жалпы ішкі өнімнің өсімі 2007 жылы 9,9 % деңгейінде көзделіп отыр.

Халықтың жан басына ЖІӨ бағалау бойынша, 6705 АҚШ доллары мөлшерінде қалыптасады, ол өткен жылғы деңгейден 27,6 %-ға есе жоғары.

Инфляцияның орташа жылдық деңгейі 2007 жылы 5-7 % шегінде болады.

Жоспарланған кезеңде өнеркәсіп өнімнің көлемі 6,8 %-ға, ауылшаруашылық өнімі - 3,5 %-ға ұлғаяды күтіліп отыр.

2007 жылы негізгі капиталға инвестицияның өсу қарқыны 112 %-ды құрайды.

2005 жылдан бастап экономика өсуінің жоғары қарқынына шикізат салаларының дамуы есебінен ғана емес, ең алдымен құрылыстағы өсудің жоғары қарқыны мен қызметтер саласының қарқынды дамуы есебінен қол жеткізілді. 2007 жылы осы үрдістің сақталуы күтіліп отыр, атап айтқанда, бағалау бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі 29,5 %-ға, көлік қызметтері - 5,8%-ға, байланыс қызметтері - 27,5 %-ға өседі.

Тауарлар экспорты (FOB) бағалау бойынша 44,7 млрд. АҚШ доллары мөлшерінде жоспарланады. Тауарлар импорты (FOB) өсуінің жоғары жеткілікті қарқын сақталады, импортталатын өнімнің көлемі 33,2 млрд. АҚШ долларын құрайды.

Әлеуметтік саясат саласында болашақта тұрғындардың тұрмыс сапасын одан әрі жақсарту мен кедейшілікті төмендету шаралары қабылданады. 2007 жылы ең төменгі жалақының мөлшері 9752 теңгеге дейін артты. 2006 жылмен салыстырғанда нақты жалақы мөлшері 14,5 %-ға өседі.

2007 жылы жұмыссыздар деңгейінің 7,5 %-ға дейін төмендеуі күтіліп отыр.

2. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары

2.1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму проблемалары

Экономика салалары дамуының оң үрдісіне қарамастан стратегиялық міндеттерді шешуді тежейтін, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық дамудағы жаңа қатерлердің туындау проблемалары көбеюде.

Елге экспорттық валюта түсімдері түрінде шетелден ресурстардың үлкен ағыны және жеке сектордың қарыз алулары, экономикаға инфляциялық қысым жасауда, айырбас бағамның нығаюына ықпал етуде, осылайша өңдеу өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігіне әсер етіп, макроэкономикалық теңгерімді қолдау міндеттерін қиындатуда. Ақыр соңында шетел валютасының көптеп келуі экономиканың қызып кетуіне алғы шарттар жасауы мүмкін.

Банк секторының сыртқы қарыз алуының едәуір көлемі банк жүйесінің шамадан тыс өтімділігіне ықпал жасайды, ол өз кезегінде экономиканы кредиттеудің жедел өсуімен қатар жүреді, осының нәтижесінде ақшалай ұсыныстың деңгейі ұлғаяды. Банктердің сыртқы қарыз алуының өсуі сонымен бірге банк секторының сыртқы тәуекелдерге бейімділік деңгейінің артуына алып келеді. Банктердің кредит қоржынының қарыштап өсуі де банк активтерінің сапасына қатер туғызады, 2006 жылы банктердің жалпы кредит қоржынындағы күмәнді кредиттердің үлесі жыл басындағы 39,6 %-дан жылдың соңында 45,8 %-ға дейін ұлғайды.

2007 жылдың бірінші жартыжылдығында мұнай мен табиғи газ өндіру (2007 жылдың қаңтар-маусым айларында негізгі капиталға инвестициялардың жалпы көлемінің 30,7%), сондай-ақ жылжымайтын мүлікпен операциялар жасау, жалдау және тұтынушыларға қызмет көрсету (28,3%) басым бағыттар болып табылады, негізгі капиталға инвестициялардың негізгі үлестері жіберіледі. Өңдеу өнеркәсібінің үлесіне үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында инвестициялардың жалпы көлемінің 11,3 % - ы келді.

Яғни, негізгі капиталға инвестициялардың негізгі көлемі экспорттық-бағдарлау салаларына жіберіледі. Көлемі өсіп отырған кезде инвестициялау бағытын шектеу сұраныстың жекелеген секторларда басым түрде артуына ықпал жасауы және олардағы »"қызып кетудің" әлеуетті көзі болып табылуы мүмкін.

Қазіргі уақытта Қазақстанның ұлттық инновациялық жүйесі даму сатысында және одан әрі жаңғыртуға мұқтаж. Инновациялық кәсіпкерлік және трансферттер технологиясын дамытуға, әсіресе ұлттық инновациялық жүйедегі осал буындар болып табылатын шетелдік ғылыми әлеуетті және технологияларды тартуға басты назар аудару қажет.

Энергияны көп жұмсайтын және энергияға тапшы өңірлер арасында электр энергиясын теңгерімді бөлу проблемасы сақталуда. Бүгінгі күні Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ақтөбе, Қостанай облыстары мен Алматы қаласын электр энергиясымен қамтамасыз ету неғұрлым өзекті мәселе болуда.

Қазіргі уақытта көлік инфрақұрылымы экономика мен халықтың қажеттілігін толық

к ө л е м д е

қ а м т а м а с ы з

е т п е у д е .

Темір жол көлігінде әлеуметтік-маңызды жолаушылар тасымалы үшін жолаушылар вагондарын сатып алу, теміржол көлігімен жолаушылар тасымалдауды субсидиялау мәселелері мен Қазақстан Республикасының аумағында тасымалданатын әлеуметтік маңызды жүктер тізбесін айқындау қажеттігі шешілмей отыр.

Көптеген әуежайлар мен азаматтық авиацияның өзге де кәсіпорындарының техникалық жарақтану деңгейлері нашар. Бұл кәсіпорындарда қазіргі заманғы арнаулы техникаларға, әуе кемелерінің батыстық түрлеріне қызмет көрсету үшін аэронавигациялық және технологиялық жабдықтарға, жолаушыларға, жүк пен почтаға сапалы және тез қызмет көрсететін жабдықтарға, сондай-ақ қызметтер көрсетуге деген т а п ш ы л ы қ б а й қ а л у д а .

Тиісті әуеайлақ инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ жалпы мақсаттағы авиация саласында қызметтер көрсету республикада әлі де қалыпты деңгейде болмай отыр.

Су көлігіндегі проблемалар мемлекеттік техникалық өзен флотының тозуына және ішкі су жолдарымен жүк тасуды қамтамасыз етуге қажетті кеме шлюздерінің техникалық жай-күйінің төмендігіне байланысты болуда. Бұдан басқа, сервистік инфрақұрылымдар мен Каспий теңізінің қазақстандық секторында жүзетін кемелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі жоқ.

Автожол саласында жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын жөндеу қайта жаңарту және салуды қаржыландырудың жеткіліксіздігі және автомобиль жолдарын жөндеу мен ұстауды қаржыландыру көлемін нормативтік деңгейге дейін жеткізу қажеттігі проблемалары орын алуда.

Ветеринарлық және фитосанитарлық қауіпсіздік саласы, инвестициялық, сақтандыру, ақпараттық-маркетингтік, сауда-сатып алу және басқа сервистік ұйымдар, институционалдық инфрақұрылымды қалыптастыратын кадрлар даярлау әлі де тәуекелділігі жоғары және пайдасы төмен аграрлық сектор жұмысының ерекшелігіне т о л ы қ б а ғ д а р л а н б а ғ а н .

Мал шаруашылығындағы негізгі проблема ұсақ тауарлық және соған байланысты өнімділігі төмен табындар проблемасы, мал өнімдерінің сапасын қамтамасыз ету болып табылады, соның салдарынан жем азықты өнеркәсіптік өндіру дамымаған және о л а р д ы ң қ ұ н ы ө с к е н .

Макроэкономикалық тұрақтылық, экономикалық өсу қарқынының жоғарылығы жұмыспен қамтудың өсуімен және жұмыссыздық деңгейінің төмендеуімен сипатталатын еңбек нарығындағы жағдайға қолайлы әсер етуде. 2007 жылдың екінші тоқсанында 2006 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандар саны 2,9%-ға ұлғайды, ал жұмыссыздар саны 3,4%-ға қысқарды.

Жұмыссыздық деңгейі төмендеуінің тұрақты үрдісі байқалады. Жұмыссыздық деңгейі екінші тоқсанда өткен жылдың екінші тоқсанындағы 7,7%-бен және тұтастай өткен жылдың қорытындысы бойынша 7,8%-бен салыстырғанда 7,3%-ды құрады.

Сонымен бірге, ішкі еңбек нарығында әлі де білікті жұмысшы күшінің жетіспеушілігі сезілуде. Бұдан басқа, техникалық бағыттағы мамандарға деген сұраныс жоғары.

Біліктілігі жоғары жұмысшы күшіне сұраныс пен жұмысшыларға кәсіптік талаптардың жоғары болуы бос жұмыс орындарының артуына әкелді. Жұмыспен қамту органдарының ай сайынғы бос орын банктері 21 мың бірлікті құрайды. Алайда, кәсіптік белгісі бойынша жұмысшы күшіне сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігінен бір бос жұмыс орнына айына орташа 4, ауылдық жерлерде - 31 жұмыссыз үміттенеді.

Денсаулық сақтау саласында білікті кадрлардың тапшылығы, денсаулық сақтау ұйымдары объектілері жағдайының қанағаттанғысыздығы, аурухана ұйымдарының, әсіресе мамандандырылған үлгідегі ұйымдардың (диспансерлер, перзентханалар, жұқпалы аурулар ауруханалары) тиімсіз жұмысы мәселелері.

2.2. Қазақстан Республикасы дамуының 2008-2010 жылдарға арналған шарттары және макроэкономикалық сценарийлері

Қолайлы экономикалық саясатты жүргізу 2008-2010 жылдары тұрақты серпінді экономикалық өсуді қамтамасыз ету мен бәсекеге қабілетті экономиканың негіздерін құрудың базалық факторы болып табылады.

Макроэкономикалық қолайлы жағдай жасауға Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің тиімді және келісілген ақша-кредит, салық-бюджет саясатын жүргізуі есебінен қол жеткізілетін болады.

Халықтың табысын арттыруға бағытталған саясат халықтың ақшалай табысын ұлғайтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, ол өз кезегінде елдегі ішкі сұраныстың артуына әсер етеді.

Тауарлар мен инвестициялық ресурстарға деген ішкі сұранысты кеңейту инвестициялық тауарлар импортын одан әрі ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Өткен кезеңдегі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын, дамудың ішкі және сыртқы факторларын бағалауды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің орта мерзімді перспективаға арналған әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын, сондай-ақ басқа да стратегиялық бағдарламалық құжаттарды талдау негізінде экономиканы дамытудың бірнеше мүмкін нұсқалары көзделіп отыр.

Даму сценарийі мұнайға әлемдік бағаның ауытқу мүмкіндігі мен осыған байланысты ел экономикасындағы өзгерістерді ескереді.

Сценарийлік шарттар экономиканың дамуының негізгі макроэкономикалық өлшемдерін, елдің таяу үш жылдағы экономикалық және әлеуметтік даму факторларын айқындайды.

Базалық сценарий елдің экспортталатын өнімдерінің негізгі түрлеріне қалыпты бағаға негізделген ел экономикасы дамуының сақтық үрдістерін көздейді.

Базалық сценарийге сәйкес мұнайға әлемдік бағаның болжамды деңгейі бір

барреліне 95-60 долларды құрайды.

Қазақстан экономикасының тұрақты өсу үрдісі сақталады, 2008 - 2010 жылдары ЖІӨ-нің орташа жылдық өсу қарқыны 105,6% деңгейінде қалыптасады.

Оң үрдіс экономиканың барлық салаларында байқалатын болады.

Әлемдік тауар нарықтарындағы қолайлы жағдай экспорт өнімдері көлемінің және тұтастай сыртқы сауда айналымының ұлғаюына алып келеді.

Жоғары бағалар сценарийіне сәйкес мұнайға әлемдік бағаның деңгейі базалық сценарийге қарағанда біршама жоғары болжануда.

Мұнайға әлемдік баға бір баррелі үшін 100-ден аса АҚШ доллары деңгейінде болады.

Мұнай мен газ конденсаты экспорты көлемінің ұлғаюы және мұнайға бағаның жоғары болу нәтижесінде елдің сыртқы сауда айналымының жоғары өсу қарқыны сақталады.

Төмен бағалар сценарийі тауар нарығындағы жағдай ел үшін онша қолайлы болмайды, мұнайға әлемдік және экспорттық бағаның төмендеуіне алып келеді деген болжамдарға негізделеді.

Осы сценарий бойынша мұнайға әлемдік баға бір баррелі үшін 50 АҚШ доллары деңгейіне дейін төмендеуі күтіліп отыр.

Мұнайға экспорттық бағалар деңгейінің төмендеуі салдарынан экспорт көлемі мен сауда теңгерімінің сальдосы азаяды деп күтілуде.

2008-2010 жылдарға арналған жоспарды әзірлеу кезінде дамудың базалық сценарий негізге алынды, ол әлемдік тауар нарықтарында қолайлы жағдай сақталған кезде экономика салаларының қалыпты өсу қарқынын көздейді.

Ескерту. 2.2-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.16 N 463 Қаулысымен.

2.3. Әлеуметтік-экономикалық дамудың 2008-2010 жылдарға арналған мақсаттары мен міндеттері

2008-2010 жылдары әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары ел Президенттің "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" Қазақстан халқына Жолдауында, Үкіметтің бағдарламасында, Индустриялық-инновациялық даму стратегиясында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес болады.

2008-2010 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық саясаттың басты мақсаты Қазақстанның халықаралық бәсекеге қабілеттілігін және оның азаматтарының тұрмыс сапасын арттыру үшін қолайлы институционалдық және экономикалық жағдай жасау болады.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мыналар бірінші кезектегі міндеттер болады:

2000 жылмен салыстырғанда 2010 жылы ЖІӨ-ні 2,3 есе ұлғайту;
инфляцияны 2008-2010 жылдары 7,9-9,9% деңгейде ұстап тұру;

еркін бәсекелі орта және нарықтың барлық субъектілеріне тең жағдай жасау;
халықты әлеуметтік қорғаудың көп деңгейлі жүйесін дамыту;
қазіргі заманғы білім берудің, кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың нақты экономикалық жағдайларға барабар бәсекеге қабілетті жүйесін дамыту;
денсаулық сақтаудың қол жетімді және бәсекеге қабілетті жүйесін құру;
үлкен мультипликативтік тиімділігі бар жаңа технологиялық және жүйе құрайтын өндірістерді дамыту, оның ішінде "серпінді" инвестициялық жобаларды іске асыру;
өндіруші сектор қызметінің тиімділігі мен экономикалық қайтарымын арттыру;
экономика мен халықтың көлік қызметтеріне қажеттілігін қанағаттандыруға қабілетті көлік-коммуникация инфрақұрылымын дамыту;
энергия үнемдейтін технологияларға көшуді ынталандыру;
өңірлердің бәсекеге қабілеттілігінің өсуін қамтамасыз ететін аумақтық даму;
қазақстандық экономиканың әлемдік экономикаға табысты кірігуін қамтамасыз ету;

жаңа жағдайларда әрекет етуге қабілетті мемлекеттік аппаратты қалыптастыру.
Әлеуметтік-экономикалық дамудың 2008 - 2010 жылдарға арналған басымдықтары
б о л ы п м ы н а л а р а й қ ы н д а л д ы :

мемлекеттің экономикалық саясатын жүргізу тиімділігін көтеру;
адами капиталды дамыту және халықтың тұрмыс сапасын көтеру;
и н ф р а қ ұ р ы л ы м д ы д а м ы т у ;
экономиканы жаңғырту және әртараптандыру;
өңірлердің теңгерімді дамуы;
к ә с і б и ү к і м е т .

Ескерту. 2.3-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.16 N 463 Қаулысымен.

2.4. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008-2010 жылдарға арналған сандық индикаторлары

2008-2010 жылдары ЖІӨ-нің орташа жылдық өсу қарқыны 105,6% деңгейінде болжануда, ол ЖІӨ-нің 2000 жылмен салыстырғанда 2010 жылы 2,3 есе ұлғаюына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан халқы тұрмысының сапасы мен стандарттарын арттыру мақсатында халықтың жан басына шаққанда ЖІӨ 2010 жылы 10387 АҚШ долларына дейін жеткізілетін болады.

Өнеркәсіп өнімі көлемінің орташа жылдық өсімі 2008-2010 жылдары 5 %-ды, ауылшаруашылығының жалпы өнімінің өсімі 3%-ды құрайды.

Құрылыс жұмыстары көлемінің өсуі 8% деңгейінде күтілуде.

2008-2010 жылдары қызметтер көрсету салалары одан әрі өседі деп күтілуде. Көлік қызметтері орташа 5,8%-ға, көрсетілетін байланыс қызметтерінің көлемі 21%-ға өседі.

Инвестициялық сұраныстың көбеюі, бірінші кезекте кәсіпорындардың өз қаражат

есебінен алынатын инвестицияларды қаржыландырудың ішкі көздеріне байланысты
б о л а д ы .

Республиканың сыртқы сауда айналымының өсуі жалғасады, сауда теңгерімінің сальдосы шамамен 13 млрд. астам АҚШ долларын құрайды.

2008-2010 жылдары нақты жалақының өсу қарқыны 4,9%-ды құрайды. Жұмыссыздық деңгейі 2010 жылға 7%-ға дейін төмендейді.

Инфляция деңгейі 2010 жылдың соңына қарай 7-9 % шамасында тұрақтанады.

Ескерту. 2.4-бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.16 N 463 Қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008-2010 жылдардағы басымдықтары

3.1. 1-басымдық. Мемлекеттің экономикалық саясатын жүргізудің тиімділігін арттыру

3.1.1. 1-шара. Қолайлы макроэкономикалық жағдайды қамтамасыз ету

Ескерту. 3.1.1-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.16 N 463 Қаулысымен.

Инфляцияға қарсы саясат

Инфляцияның деңгейін берілген көрсеткіштерде ұстап тұру Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бірлескен іс-қимылдарымен жүзеге асырылатын болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатының құралдары мен операциялық негізін одан әрі жетілдіруге, банк жүйесінің шамадан тыс өтімділігі проблемасының өткірлігі сақталған жағдайда ақша-кредит саясатын қатаңдатуға бағытталған мемлекеттік ақша-кредит саясатын жүргізетін болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі өз кезегінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қызметінің негізгі мақсатын орындауға, оның ішінде мынадай бағыттар бойынша жәрдем көрсететін болады:

басым түрде өндірістің тиімділігін арттыру және еңбек өнімділігін өсіру есебінен экономиканың өсуін ынталандыру;

көрсеткіштері ақша-кредит саясатымен келісілетін қалыпты қатаң фискалдық саясат жүргізу;

шикізат ресурстарына жоғары баға кезеңінде Ұлттық қорда қаражатты жинақтау саясатын жүргізу;

орта мерзімді тарифтік жоспарлар шеңберінде табиғи монополиялар субъектілерінің тауарлары мен қызметтеріне бағаны реттеу;

артықшылық (монополиялық) жағдайға ие субъектілердің тауарлар мен қызметтерге баға белгілеуін бақылау;

баға жөнінде сөз байласу фактілерін, теріс пиғылды бәсекелестікті анықтау және
ж о л ы н к е с у ;

бәсекелі ортаны, бәсекелі ішкі нарықтарды дамыту үшін жағдай жасау;
биржалық сауда-саттықты қалыптастыру және оны дамыту;
сауда инфрақұрылымын дамыту;
ішкі тауар нарықтарының теңгерімділігін қамтамасыз ету.

Нақты макроэкономикалық бағдарлар, оның ішінде ақша-кредит саясатының бағдарлары, сондай-ақ тараптардың оларға қол жеткізу жөніндегі бірлескен іс-қимылдары Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің жыл сайынғы бірлескен мәлімдемелерінде айқындалатын болады.

Н ә т и ж е л е р

Қолданылатын шаралар инфляцияны 2010 жылдың соңына қарай 7-9 % деңгейінде ұстауға мүмкіндік береді.

Қаржы секторын дамыту

Орта мерзімді перспективада банк секторын дамытудың негізгі мақсаттары мен м і н д е т т е р і :

банк өнімдеріне тұрғындардың қол жеткізуін ұлғайту және қаржы қызметтерін тұтынушыларды қорғау деңгейін арттыру;

банк секторына тұрғындардың сенімін арттыру мақсатында екінші деңгейдегі отандық банктер қызметінің ашықтық деңгейін арттыру;

бәсекелестікті дамыту және отандық қаржы нарығына шетел банктерінің енуін ы р ы қ т а н д ы р у ;

үздік халықаралық тәжірибе негізінде банктік қадағалауды жетілдіру және елдегі банк секторының сыртқы қарыз алуын басқару тиімділігін арттыру болып табылады.

Қойылған мақсаттарды және міндеттерді іске асыру жөніндегі негізгі шаралар:

Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіруі мен жаһандану үрдісіне байланысты банк жүйесін ырықтандыру және бәсекелестікті арттыру жұмысы;

елдің қаржылай тұрақтылығын қамтамасыз етуге тартылған Қазақстан аумағында шетелдік қатысатын банктер филиалдарының қызметіне өтпелі кезеңді және талаптарды сақтаған жағдайға рұқсат беру мүмкіндігі қарау болып табылады.

Қалыптасқан жағдайға және экономикалық орындылыққа байланысты банктердің қызметін пруденциялық реттеуді жетілдіру мақсатында қажеттігіне қарай банк секторының сыртқы қарыз алуының жекелеген нормативтері мен лимиттері қайта қ а р а л а д ы .

Банк секторында шоғырландырылған қадағалауды және ашықтықты жетілдіру мақсатында банктердің шоғырландырылған қадағалау бөлігінде заңнаманың талаптарын орындауын қамтамасыз етуге бағытталған банктік қадағалау рәсімдері, меншік иелерінің құрылымы, аффилиирленген тұлғалармен қарым қатынастары ж е т і л д і р і л е т і н б о л а д ы .

Қажеттілігіне қарай екінші деңгейдегі банктердің кредиттік тәуекелдерін бағалау мақсатында және экономикалық орындылықты есепке ала отырып, іс-қолданыстағы банктік заңнама, әсіресе пруденциялық реттеу бөлігінде және екінші деңгейдегі банктердің активтерін жіктеу әдістемелері жетілдірілетін болады.

Депозиттерге кепілдік берудің қазақстандық жүйесін үздік халықаралық практикаға сәйкестендіру мақсатында мынадай негізгі шараларды жүзеге асыру қажет:

ең үздік әлемдік тәжірибе мен Депозиттерді сақтандыру жүйесінің халықаралық қауымдастығының (IASB) ұсынымдарын ескеріп, депозиттерге кепілдік беру жүйесін одан әрі жетілдіру;

мәжбүрлеп таратылатын банктің міндеттемелері мен мүлкінің бір бөлігін бір мезгілде басқа банкке (банктерге) беру жөніндегі операциялар жүргізу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық база әзірлеуге қатысу.

Таратылатын банктің салымшыларына шетелде тәуекелдерді қайта сақтандыру немесе кредиттік деривативтерді пайдалану түрінде өтем төлеу үшін ақша қаражатының тапшылығы жағдайында депозиттерге кепілдендік беру жүйесін қорландырудың балама жолдарын пайдалану мүмкіндігі зерттеледі.

Қазақстанның банк жүйесін реттеуді халықаралық стандарттарға жақындастыру мақсатында Қазақстанның банк жүйесін»"Капитал мен капиталдың стандарттарын есептеудің халықаралық конвергенциясы" Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің капиталдың барабарлығының жаңа келісіміне (Базель II) көшіру жөніндегі жұмыс жалғасады.

Бұдан басқа, банктердің қызметіне қойылатын талаптарды арттыру, халықаралық практиканы ескере отырып, екінші деңгейдегі банктердегі тәуекелдерді басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Орта мерзімді кезеңде елдің банк секторының сыртқы қарыз алуын басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында қажетіне қарай, қалыптасқан жағдай мен экономикалық орындылығына байланысты банк қызметін пруденциялық реттеуді жетілдіру шеңберінде банк секторының сыртқы қарыз алуының жекелеген нормативтері мен лимиттері қайта қаралатын болады.

Орта мерзімді перспективада сақтандыру нарығын дамытудың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

халықты әлеуметтік қорғау құралы ретінде өмірді сақтандыруды дамыту;
міндетті сақтандыру жүйесін жетілдіру;
сақтандыру ұйымдарына халықтың сенімін және сақтандыру қатынастарының барлық субъектілерінің сақтандыру мәдениетін арттыру;
үздік халықаралық практиканың негізінде сақтандыруды қадағалауды жетілдіру болып табылады.

Мақсаттар мен міндеттерді іске асыру жөніндегі негізгі шаралар:
"Өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын компаниялардың

қызметін жандандыруға байланысты республика тұрғындарының жинағы мен жинақтау құралы ретінде өмірді жинақтаушы сақтандырудың тартымдылығын арттыру мәселесі барынша өзекті болды.

Қазіргі уақытта өмірді сақтандыру жөніндегі сақтандыру ұйымдарының инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту өзекті мәселеге айналды.

Осыған байланысты өмірді сақтандыру жөніндегі сақтандыру компанияларының жинақтаушы зейнетақы қорларымен бірге мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақталған және индекстелген қазынашылық міндеттемелеріне тең қол жеткізуін қамтамасыз ету қажет.

Деректердің жалпыұлттық базасын құру Ең маңызды міндеттердің бірі болуы тиіс: өлім-жітім; мүгедектік, аурушандық.

Міндетті сақтандыру жүйесін нақты ұйымдастыру мен жұмыс істеуі мақсатында мынадай бірқатар іс-шаралар жүргізілетін болады:

сақтандыру ұйымдарының міндетті сақтандыру түрлері бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алу үшін шарттар белгілеу;

қаржылық есептілік нысандарын жетілдіру жұмыстарын жалғастыру;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан сақтандырушылардың міндетті сақтандыру туралы заңнаманы сақтауына мемлекеттік бақылау жүйесін ұйымдастыру шараларын қабылдау.

Өмірді сақтандыру жөніндегі сақтандыру ұйымдары зейнеткерлік қамтамасыз ету (зейнеткерлік аннуитеті), сондай-ақ жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шеңберінде қоғамның әлеуметтік өмірінде маңызды, рөл атқаратынын ескере келе, сақтандыруды, әсіресе өмірді сақтандыруды танымал ету шараларын жүргізу қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылды жандандыру, халықтың қалың жігі үшін білім беру мен оқыту бағдарламаларын, халықтың сақтандыру қызметтеріне сұранысын зерттейтін маркетингтік зерттеулер жүргізу және қажетіне қарай жаңа сақтандыру өнімдерін әзірлеу қажет.

Сақтандыру саласын дамытудың маңызды бағыты сақтандыру қызметтерін халықтың қалың жігін тұтынушылар ретінде тартуды көздейтін тұтынушылық сақтандыруды (бөлшек сақтандыруды) дамыту болуы қажет.

Ақпаратты ашудың ашық және нақты өлшемдерін әзірлеу қажет. Сақтандыру саласының ақпараттық ашықтығы тұрғындардың көп бөлігінің сақтандыру ұйымдарының қызметі мен қаржылық тұрақтылығы туралы мәліметтерге қол жеткізуін қамтамасыз етуі қажет.

Сақтандыру ұйымдары қызметінің ашықтық деңгейін арттыру мақсатында сақтандыру ұйымдары мен олар құрған топтарды шоғырландырылған негізде пруденциялық реттеу жүзеге асырылады.

Мыналар орта мерзімді перспективада бағалы қағаздар нарығын дамытудың мақсаттары мен міндеттері болып табылады:

қор нарығы арқылы несие капиталына қол жеткізуді ұлғайту;
бағалы қағаздар нарығында инвесторлар тізбесін, оның ішінде тұрғындар есебінен
ұ л ғ а й т у ;

бағалы қағаздар нарығында инвесторлардың құқығын, оның ішінде миноритарлы
акционерлердің құқығын қорғау;

бағалы қағаздар нарығында жаңа және өтімді қаржы құралдарын, оның ішінде
бөлінген активтермен қамтамасыз етілген (секьюритизлендіру тетіктері), облигация
туынды бағалы қағаздар, инфрақұрылымдық облигациялар, мемлекеттік кепілдікпен
қамтамасыз етілген борыштық бағалы қағаздар енгізу.

Мақсаттар мен міндеттерді іске асыру жөніндегі негізгі шаралар.

Акциялар нарығын дамыту мақсатында:

Қазақстан Республикасының корпоративтік заңнамасын жетілдіру, Қаржылық
есептіліктің халықаралық стандарттарын енгізу жолымен ақпараттарды ашу режимін
оңтайландыруға бағытталған инвесторлардың мүдделеріне және қажеттіліктеріне
сәйкес келетін іс-шаралар өткізу;

пәрменді корпоративтік заңнама мен корпоративтік басқару саласындағы
заңнаманың сақталуын бақылау жүйесін құру, көзделіп отыр.

Қазақстандық бағалы қағаздар нарығының негізгі міндеттерінің бірі инвестициялау
мүмкіндіктерін ұлғайту мақсатында ұсынылатын қаржы құралдарының аясын кеңейту
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Міндеттерді шешудегі басым бағыттар:

мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамыту, оның ішінде қор нарығында
тиісті бағдар белгілеуді қамтамасыз ететін деңгейде үкіметтік қарыз алуды жүзеге
асыру, сондай-ақ республиканың ішкі қаржы нарығында қаржы құралдарының барлық
спектрі бойынша шынайы кірістілік ауытқымасын құру;

бағалы қағаздар тетіктерін іске асыру бөлігінде мемлекет кепілдігімен және
мемлекет кепілдемесімен оларды шығару және айналымы туралы заңнаманы жетілдіру;

секьюрити тетіктерін қосу;

мемлекеттік-жеке меншік серіктестік тетіктерін дамыту;

туынды қаржы құралдары нарығын дамыту жөнінде тиімді шаралар қабылдау және
деривативтер нарығын дамыту жолындағы кедергілерді жою бөлігінде заңнаманы одан
ә р і ж е т і л д і р у .

Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын одан әрі дамытуда техникалық
инфрақұрылымды жетілдіруге ерекше назар аударылады.

Бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымын дамытуда бағалы қағаздарға
құқықтарды есеп алудың бірыңғай базасын құру және олар бойынша меншік
құқықтарын көшіру маңызды мәселе болып табылады, бұл тәуекелдерді төмендетуде
жағымды көрініс табады, бұл бағалы қағаздардың меншік иелері құрылымының

ашықтық деңгейін арттыруға және инвесторлардың құқықтарын қорғауға ықпал етеді.

Бағалы қағаздар нарығында тәуекелдерді басқаруды жетілдіру мақсатында тәуекелдерді қадағалауға бағдарланған пруденциялық реттеудің халықаралық стандарттарына сәйкес бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қызметін пруденциялық реттеуді жетілдіру мен тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу көзделіп отыр.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаты қандай да бір тәуекелдерді қабылдау және оларды өлшеу мен басқару тәсілдерін белгілеу мүмкіндіктерін айқындау болып табылу тиіс.

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында шынайы кірістілік ауытқымасын құру туынды қаржы құралдары нарығын дамытуға негіз болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің банкаралық валюта нарығындағы негізгі маркет-мейкер ретінде ену туынды қаржы құралдары нарығын дамытудың алғашқы қадамы болады, бұл нарықтағы басқа қатысушыларды ынталандыруы және барынша күрделі туынды құралдардың (опциондардың) пайда болуына ықпал етуі тиіс.

Орта мерзімді перспективада жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

жинақтаушы зейнетақыны қорлары арасында бәсекелестікті дамыту;

Қазақстанның барлық тұрғындары үшін зейнетақы қызметтеріне қол жетімділік пен сапаны арттыру;

зейнетақы активтерін инвестициялау жөніндегі жинақтаушы зейнетақы қорларының мүмкіндіктерін ұлғайту;

зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету және салымшылар мен алушылардың құқықтарын қорғау тетіктерін, зейнетақы төлемдері мен аударымдар жүйесін одан әрі жетілдіру болып табылады.

Мақсаттар мен міндеттерді іске асыру жөніндегі негізгі шаралар:

жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін бағалауды енгізу арқылы бәсекелестікті ынталандыру;

зейнетақы қорларының инвестициялық қоржындарының сапасын қолдау және салымшылардың инвестициялық қоржындардың түрлі нұсқаларын таңдау мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында салымшылар үшін зейнетақы активтерін басқару тиімділігінің көрсеткіштер жүйесін жетілдіру мүмкіндігін қарастыру көзделіп отыр.

Бұдан басқа, инвестициялар қоржынының кірістілігі мен тәуекелі негізінде жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін көрсететін көрсеткіштерді енгізу ұйғарылып отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі мен кепілдемесі негізінде басым жобаларды, секьюрителендіру мәліметтерін қаржыландыру үшін жинақтаушы зейнетақы қорларының активтерін пайдалану міндеттерін шешу, сондай-ақ қорлардың

жобалар түрінде электрондық карточкаларды енгізу).

Құралдардың тәуекелі мен кірістілігін салыстыру негізінде зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру және инвестициялық қоржынды қалыптастыру мақсатында зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялық объектілерді іріктеу өлшемдері ретінде бағалы қағаз эмитентінде немесе бағалы қағаздың өзінде ең төменгі рейтингтік бағалаудың болуын пайдалану және Қазақстан Республикасының немесе шетелдік мемлекеттің ұйымдастырылған нарығында міндетті айналымы мүмкіндігін қ а р а у ұ й ғ а р ы л а д ы .

Жинақтаушы зейнетақы қорларының және басқарушы компаниялардың инвестициялық қоржындарында қамтылған құралдардың тәуекеліне қарай көрсетілген тәуекелдерге барабар капиталды қалыптастыру тәртібі енгізілетін болады. Жинақтаушы зейнетақы қорларын және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарды зейнетақы активтерінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық қоржынының сапасына қарай қалыптастырылатын жеке капиталдың жеткілікті коэффициенті бөлігінде пруденциялық реттеуді одан әрі ж е т і л д і р у ж о с п а р л а н а д ы .

Бұдан әрі жинақтаушы зейнетақы қорларында және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарда менеджердің де, Директорлар кеңесінің мүшелері мен акционерлердің жауапкершілігін күшейте отырып, осы ұйымдардың міндеттеріне енетін инвестициялық және басқа да шешімдерді қабылдауға байланысты рәсімдерді белгілеу және регламенттеу бөлігінде тәуекел-менеджмент жүйесін жетілдіру ұйғарылады. Бұдан басқа, зейнетақы активтерін сақтандырудың жекелеген элементтерін енгізу мүмкіндігін қарау орынды болып отыр.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалаудың отандық жүйесін жетілдіру жөніндегі бағыттар мен шараларды іске асыру:

мемлекеттің инвестициялық саясатының басым бағыттарына қаржы ұйымдарының қ а т ы с у ы н ұ л ғ а й т у ғ а ;

қаржы қызметтерімен сауда-саттықты ырықтандыру арқылы отандық қаржы нарығының ашықтық, тұрақтылық және бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға;

бағалы қағаздар нарығын жандандыруға және көрсетілетін қаржы қызметтерінің аясын ұ л ғ а й т у ғ а , т ә у е к е л д е р д і ә р т а р а п т а н д ы р у ғ а ;

халықаралық стандарттар мен қаржылық қадағалау қағидаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуге ықпал етеді, бұл қаржы нарығының ішкі және сыртқы тұрақсыздандырғыш факторларға тұрақтылығы, сонымен бірге отандық қаржы қызметтерінің халықаралық экономикалық кеңістікке толық кіру деңгейін арттыруы т и і с ;

қаржы қызметтерін отандық жеткізушілері үшін теріс салдарларды барынша азайта отырып, Қазақстанның ДСҰ-ға кіруіне жағдай жасауды қамтамасыз етуге ықпал ететін б о л а д ы .

Қазақстан Республикасының резидент емес қаржы ұйымдарының қатысуын кеңейту болжанады, бұл қаржы қызметтері нарығында бәсекелестік деңгейінің өсуіне және тиісінше, ұсынылатын қызметтер сапасы мен олардың құнының төмендеуіне алып келеді. Бұл ретте, халықтың, инвесторлардың, рейтингтік агентіктердің отандық қаржы жүйесіне сенімділігінің деңгейі артады.

Бұдан басқа, мыналар бойынша шаралар қабылданатын болады: заңнаманы брокерлік желіні дамытуды ынталандыру бөлігінде жетілдіру, сондай-ақ қор нарығына (зейнетақы қорларына) қатысушылардың да және кәсіби емес инвесторлардың да өтімді құралдарға сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік беретін өзге шаралар;

мемлекеттік бағалы қағаздарды арнаулы шығаруды, оның ішінде халықтың қалың жігіне арналған»"серпінді" жобаларды қаржыландыру үшін орналастыру мүмкіндігі.

Салық саясаты

2008-2010 жылдарға арналған салық саясатының негізгі бағыттары әділетті және өзін ақтаған аспап ретінде, экономиканың қажетті бағыттарының дамуын ынталандыратын және мыналардан көрініс табатын мемлекеттік функциялардың толық орындалуын қамтамасыз ететін салықтардың әлеуметтік-маңызды функцияларын бекіту қажеттілігін есепке ала отырып міндеттерді шешуге бағдарланады:

елдің бәсекеге жарамдылығын күшейтуге мүмкіндік беретін бәсекелі салық саясатын құру;

экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға ықпал етуі тиіс салық саясатын Қазақстанның дамуының жаңа кезеңінің міндеттеріне сәйкес келтіру;

жеңілдіктерді оңтайландыру және тиісінше экономиканың шикізат емес секторына салықтық жүктемені азайту, заңды тұлғаларға салық салуды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру;

қосымша құн салығын ең үздік әлемдік практикаға сәйкес келтіру; импортқа және ішкі өндіріске салынатын акциздердің ставкаларын біріздендіру; жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу жүйесін реформалау; әкімшілендіру рәсімдерін жеңілдету, салықтық қызметтердің сапасы мен салықтық рәсімдердің ашықтығын арттыру, салықтық есеп беру мөлшерін азайту, салықтық тексертулерді ретке келтіру;

2009 жылдан бастап экономиканың шикізат емес секторындағы шағын және орта бизнес жобалары бойынша инвестициялық салықтық преференцияларды алудың хабарландыратын жүйесін енгізу.

Жоғарыда көрсетілген салықтық заңнамаларды жетілдіру жөніндегі міндеттерді шешу қолайлы инвестициялық ахуал жасауға, экономиканың шикізат емес секторында бизнестің дамуын ынталандыруға халықаралық бәсекелестікті күшейту және елдер

арасында капиталдың еркін ағысының болуы, бәсекелестікті дамыту, ІЖӨ-ді, бюджеттің кіріс бөлігін және халықтың экономикалық белсенділігін ұлғайту жағдайында әсер етуі тиіс.

Бюджет саясаты

2008-2010 жылға арналған бюджет саясатының негізгі мақсаты ел экономикасының өнімділігі мен оны әртараптандыруды арттыруға, әлеуметтік-экономикалық дамудың басым міндеттерін шешуге бағытталған бюджет тетіктерін жетілдіру болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделіп отыр:

бюджеттік жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету, бюджеттік тәртіпті арттыру, мемлекеттік шығыстардың және Ұлттық қордың активтерін тиімді басқаруда қалыпты - қатаң саясат жүргізу;

мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі міндеттерін шешуге бюджет қаражатын тиімді жұмсауды қамтамасыз ету.

Макроэкономикалық тұрақтылық пен бюджет жүйесінің орнықтылығын қолдау үшін 2008-2010 жылдары бюджет саясатының негізгі бағыттары мыналар болады:

экономика өсімінің номиналды қарқынынан аспайтын мемлекеттік бюджет шығыстары өсімінің номиналды қарқынын қамтамасыз ету;

бюджеттің мұнай емес тапшылығын бірте-бірте төмендету;

Ұлттық қордың активтерін басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған оның қаражатын қалыптастыру мен пайдалану тетігін жетілдіру.

Мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарын тиімді шешуге арналған бюджет шығыстарын бағдарлау үшін мыналар көзделеді:

стратегиялық, орта мерзімді және бюджеттік жоспарлаудың мақсаттары мен міндеттерін ықпалдастыру;

бюджетті жоспарлау және атқару процесін бюджеттік шығыстардың тиімділігі мен нәтижелілігіне, тиімсіз шығындарды қысқартуға бағдарлау;

бюджетті қалыптастыру мен атқару процесінің ашықтығын қамтамасыз ету;

бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне бюджеттік тәртіпті сақтау бойынша қойылатын талаптарды күшейту.

Бюджеттік процестерді жетілдіруге бағытталған шараларды іске асыру үшін»" Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджет процесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау көзделеді.

Жүргізілген шаралардың нәтижесінде мыналарға қол жеткізіледі:

бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне көбірек дербестік беру және олардың іске асырылатын бағдарламалардың түпкі нәтижелеріне қол жеткізуге жауапкершілігін күшейту;

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ағымдағы және күрделі шығыстарды

қалыптастыру

объективтілігі;

бюджетті әзірлеу мен атқару рәсімдерін ықпалдастыру;
мемлекеттік органның ішінде және олардың арасында бюджеттің атқарылу
рәсімдерінде қайталанатын іс-қимылдарды алып тастау;
ақпараттық жүйені оңтайлы пайдалана отырып, бюджеттік жоспарлау сатысында
еңбек өнімділігін арттыру.

Бюджетаралық қатынастар

Орта мерзімді кезеңде бюджетаралық қатынастардың негізгі мақсаты мемлекеттік
басқаруға бекітілген мемлекеттік қызметтерді толық ұсыну және оларға жүктелген
функцияларды жүзеге асыру үшін олардың барлық деңгейін жеткілікті қаржылай
қаражатпен қамтамасыз ету болып табылады.

Барлық өңірлер тұрғындарының бюджет қаражаты есебінен берілетін
кепілдендірілген мемлекеттік қызметтерге бірдей қол жеткізуін қамтамасыз ету
мақсатында 2008-2010 жылдары 2008-2010 жылдарға арналған жалпы сипаттағы
трансфертті есептеудің жаңа әдістемесі және»"Республикалық және облыстық
бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2008-2010
жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдері туралы"» Қазақстан
Республикасының Заңы жүзеге асырылады. Олардың басым бағыттары:

экономикалық дамуда өңірлерді ынталандыру, салық салынатын базаны кеңейту
және өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуде Әкімдердің
д е р б е с т і г і н а р т т ы р у ;

өңірде қызметтер алушылардың санын, қандай да бір өңірдің ерекшелігіне қарай
шығыстардың өзгеруіне әсер ететін факторларды есепке алу болып табылады.

Мемлекеттік, мемлекет кепілдік берген және жалпы сыртқы борышты басқару саласындағы саясат

2008-2010 жылдары мемлекеттік және жалпы сыртқы борыш саласындағы саясат
Мемлекеттік және жалпы сыртқы борышты басқару жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес
елдің борышын басқарудың бірыңғай және тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру
мақсатында іске асырылатын болады.

Қойылған мақсатты шешу үшін жоспарланатын кезеңде:

борыштық міндеттемелер бойынша есепке алуды жетілдіру, борыштың жағдайына
жүйелі мониторинг және бақылауды жүргізу, оның ішінде корпоративтік және қаржы
секторына, тәуекелдерді басқаруға, мемлекеттік органдармен мемлекет қатысатын
ұйымдардың тиімді өзара қатынасына арналған арнаулы индикаторлар бойынша;

жалпы сыртқы борыш құрамын халықаралық әдістемелік стандарттарға
ж а қ ы н д а с т ы р у ;

орта мерзімді перспективада жалпы сыртқы борышқа қатысты күтілетін
к ө р с е т к і ш т е р д і а н ы қ т а у ;

сыртқы несие капиталы нарықтарында жеке секторлардың қарыз алу мәселелерін

реттеу тетіктерін анықтау;

борыштық құралдардың ішкі нарығын дамыту үшін жағдай жасау.

Жалпы сыртқы борыш мониторингі жетілдіріледі, бұл үшін мүдделі мемлекеттік органдар арасында ақпарат алмасу жүйесін жолға қою қажет. Ол үшін орта мерзімді перспективада мемлекеттік органдардың пайдалануы үшін жалпы сыртқы борыш бойынша ықпалдасқан ақпараттық деректер базасын құру жұмыстары жүргізіледі.

Мыналар Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш саласындағы негізгі бағыттар болады:

мемлекеттік борышты басқару жөніндегі мемлекеттік жүйені жетілдіру;
бюджеттің қалыптасқан мұнай емес тапшылығының мөлшеріне негіздей отырып, жүргізіліп отырған жинақтар саясатын ескере отырып, республикалық бюджет пен үкіметтік борыш тапшылығының өлшемдерін айқындау;

үкіметтік борыш құрылымында сыртқы борыштың үлесін біртіндеп азайту.

Үкіметтік борыш құрылымындағы сыртқы борыштың үлесін біртіндеп азайтуға республикалық бюджет тапшылығын қаржыландырудың жалпы құрылымдағы сыртқы қарыз есебінен республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үлесін қысқарту арқылы қол жеткізілетін болады.

Үкіметтік қарыз алу қоры нарығында тиісті бағдар белгілеу үшін айналымдағы мемлекеттік бағалы қағаздардың жеткілікті көлемін қолдау мақсатында да пайдаланылатын болады. Орта мерзімді перспективада нақты жинақтамалар мақсатында үкіметтік қарыз алу саясаты Ұлттық қор активтерінің нарықтық құнына карағанда кепілдік берілген борыш пен мемлекеттің кепілдемесін ескере отырып, үкіметтік қарыздың ара қатынасын 50-70%-ға жеткізуге бағдарланатын болады.

Мониторинг мемлекеттік борыш бойынша ғана емес, сонымен бірге мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың борыштық міндеттемелерін қамтитын барлық мемлекеттік сектордың борышы бойынша да жүргізілетін болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шартты міндеттемелер бойынша тәуекелдерді азайту мақсатында мониторингті күшейту және үшінші тұлғалар алдындағы борыштық міндеттемелері мемлекеттік кепілдіктер мен кепілдемелермен қамтамасыз етілген заңды тұлғалардың қаржылық жай-күйіне мониторингті және бақылауды күшейту жөнінде, сондай-ақ, көрсетілген заңды тұлғалардың борыштарын басқарудағы кемшіліктерге уақтылы ден қою және жою жөнінде шаралар қабылданады.

Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш саласында жүргізіліп отырған саясат шеңберінде 2008 - 2010 жылдары мынадай міндеттерді шешу к ө з д е л і п о т ы р :

жинақтар саясаты шеңберінде үкіметтік борыштың оңтайлы мөлшерін айқындау;

ішкі қарыз алу бөлігінде:

нарықтағы ахуалға қарай индекстелген және купондық міндеттемелер арасында қарыз алудың жалпы көлеміндегі оңтайлы ара қатынасты белгілеу арқылы пайыздық

тәуекелдерді

азайту;

бағалы қағаздар нарығындағы бағдарларды ("benchmark") белгілеу;

жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы бөлігінде:

жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы лимиттерімен есеп айырысудың жаңа тәсілдерді

әзірлеу;

сыртқы қарыз алу бөлігінде:

жаңа жобаларды іріктеуге және Қазақстанның Даму Банкінің қайтару негізде қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың банктік сараптамасын жүзеге асыруға талаптарды күшейту;

озық тәжірибе трансферті және сыртқы донорлардың жобаларды іске асыруын бақылау рәсімдері мақсатында экономиканың басым салаларында инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін жеңілдік шарттарында сыртқы қарыздарды тарту; республикалық инвестициялық жобалардың тізбесіне енгізілетін жобалардың дайындалу сапасы мен сараптамасын жақсарту арқылы қарыз қаражатын тиімді пайдалану;

теңгенің айырбас бағамы өзгерген жағдайда теріс салдарды азайту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы қарыздар портфелін қарыздардың валюталары бойынша әртараптандыру;

борышты өтеу және оған қызмет көрсету бөлігінде:

неғұрлым қымбат қызмет көрсетілетін үкіметтік қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу жолымен үкіметтік борышты белсенді басқару;

жергілікті атқарушы органдардың мерзімі өткен борыштық міндеттемелерді өтеу және реттелмеген борыштық міндеттемелер проблемаларын жедел шешу жөнінде белсенді шаралар қабылдауы;

фискалдық тәуекелдерді болжау.

Сыртқы теріс факторларға уақтылы ден қою және сыртқы борыштың тәуекелдерін басқару мақсатында қайта қаржыландыру тәуекелдері, өтімділік, валюталық және пайыздық тәуекелдер мониторингі жүзеге асырылатын болады.

Екінші деңгейдегі банктер мен қаржы ұйымдарының инвестицияларын әртараптандыру мақсатында тұтастай экономиканың нақты секторының жобаларын, оның ішінде»"серпінді" және инфрақұрылымдық бағдарламаларды іске асыру схемалары пысықталатын болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі сыртқы қарыз алу мәселелер бойынша салық заңнамасын жетілдіру жүзеге асырылатын болады.

Корпоративтік сектордың сыртқы міндеттемелерін үнемі бақылау және мониторинг жүргізу үшін пайдалы қазбаларды барлауға және өндіруге лицензиясы және келісім-шарты бар шетелдік қатысатын компаниялар тізбесі жасалады және жаңартылады. Нақты секторда жұмыс істейтін ұйымдардың сыртқы міндеттемелері бойынша отандық инвестицияларды серпінді жобаларға ынталандыру және

корпоративтік сектордың жалпы сыртқы борыш құрылымындағы сыртқы қарызы мен ЖІӨ-ге қатысты тұрақты үйлесімдігін ұстап тұру үшін талдау жүргізілетін болады, жағдайлар жасалады.

Валюталық және баға ауытқуларының тәуекелдерін төмендету үшін елдің резидент компанияларына арналған несие капиталының нарығында хеджирлеу құралдарын дамыту үшін жағдай жасау қажет. Осыған байланысты елде өндірістік бағалы қағаздар нарығын дамыту қажет.

Елдің сыртқы борышын басқаруды жетілдіру елде қаржы нарығын дамыту мен тығыз байланысты болады.

Тұтастай алғанда, жалпы сыртқы борыш талдамасымен бірге орта мерзімді перспективада жалпы сыртқы борыштың ойдағыдай»"дабылды" шекті мәндерін белгілеуден басқа сыртқы міндеттемелердің секторлар бойынша жеке»"дабылды" шекті мәндерін белгілеу мүмкіндігі қарастырылатын болады.

Бұдан басқа, орта мерзімді перспективада қабылданатын ынталандыру шараларының жеткіліксіздігінен ірі жобаларды іске асырған және экономиканы қаржыландырған кезде ішкі қаржы ресурстарын пайдалану үшін одан әрі де жағдай жасау қажет.

Мемлекеттік активтерді басқару саясаты

Мақсаты - корпоративті басқару қағидаттарын енгізу ахуалымен мемлекеттік меншікті басқару тиімділігін арттыру.

М і н д е т і :

мемлекеттік меншікті оңтайландыру;
мемлекеттік қатысуымен акционерлік қоғамдарда корпоративті басқару қағидаттарын енгізу.

Қоғамдық маңызы бар қызметтерді көрсету және мемлекеттік қолдауды қажет ететін қызмет салалары үшін мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер және акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі ұйымдар жұмыс істеуге тиіс қызмет салаларын айқындау мақсатында "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің салалары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленетін болады.

Бұдан басқа, мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардың халықаралық стандарттарға негізделген корпоративтік басқару нысандары енгізілетін болады.

Мемлекеттік меншікті басқару ұғымын, оның мақсаттары мен міндеттерін, негізгі қағидаттарын, басқару нысандары мен әдістерін, басқару объектілері мен субъектілерін, есепке алу тәртібін және мемлекеттік меншікті тиімді пайдалануға бақылау жасауды көздейтін мемлекеттік активтерді басқару туралы заң жобасы әзірленетін болады.

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р

Мемлекеттік меншікті басқару тиімділігін арттыру және мемлекетке тиесілі активтердің құнын ұлғайту.

Инвестициялық саясат

2008-2010 жылдары экономиканың басым секторларына отандық және тікелей шетелдік инвестициялардың ағынын ынталандыру, мемлекеттік инвестицияларды пайдаланудың тиімділігін ұтымды ету және арттыру саясаты мен ішкі жинақтарды жұмылдыру жалғасатын болады.

Елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру және инвестициялық климатты жақсарту үшін қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде жұмыс жалғасатын болады.

Басым өндірістердің инвестициялық тартымдылығын арттыру шеңберінде мемлекет іске асыратын одан арғы шаралар мыналарға бағытталады:

миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғауды күшейтуге;
кәсіпорындарды тіркеудің оңайлатылған жүйесін енгізуге;
қызмет түрлерін лицензиялаудың ашық жүйесін құруға;
кәсіпорындардың қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына өтуін жылдамдатуға;

Ұлттық инновациялық жүйенің экономикалық дамуын басқарудың жаңа жүйесін дамыту жөнінде жұмыстың жалғасуына;

мемлекеттік даму институттарының жұмысын үйлестіруді күшейту жөніндегі іс-әрекетті, олардың қызметінің ашықтығын арттыруды жандандыруға;

инвестицияларға жәрдемдесу және шетелдегі инвестициялық сауда өкілеттіктерінің желісімен бірге экспортты ілгерілету жөніндегі мамандандырылған құрылым құру;

отандық бизнестің, әсіресе экспорттаушылардың мүддесін ескере отырып, ірі халықаралық жобаларды синдицирленген қаржыландыруда Қазақстанның қатысуын қамтамасыз ету бөлігінде халықаралық қаржы институттарымен жұмысты жандандыру;

Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктерінің тұсаукесері және шетелдік, атап айтқанда трансұлттық компанияларды іздестіру жөнінде жұмыстарды жалғастыруға бағытталады.

Алдағы кезеңде бюджеттік инвестициялардың басымдықтары мыналар: мемлекеттік басқарудың функцияларын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету;

әлеуметтік секторды дамыту;
базалық инфрақұрылымды дамыту;
аграрлық сектордың дамуына жәрдемдесу;
Астана қаласының дамуы болып қалады.

Сондай-ақ, экономиканың басым секторларында және инновациялық жүйенің дамуында қосылған құнды жоғары жобаларды қаржыландыру үшін даму институттары

қосымша капиталдандырылатын болады.

Жалпы алғанда, бюджеттік инвестициялардың көлемін бөлу қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі 2008-2010 жылдарға арналған басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі шеңберінде жүзеге асырылады.

3.1.2. 2-шара. Тең бәсекелестік жағдайлар қалыптастыру және бизнес-ортаны, оның ішінде рұқсат беру жүйесін жетілдіру арқылы жақсарту

2008-2010 жылдары бәсекелестік және монополияға қарсы саясат саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаты нарықты тиімді жұмыс істетуге бағытталған қолайлы жағдайлар жасау арқылы еркін бәсекелестікті дамыту болып табылады.

2008-2010 жылдарға арналған міндеттер
экономиканың барлық салаларында бәсекелестік орта құру, субъектілердің монополистік мінез-құлқын және мемлекеттік органдардың бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттерін болдырмау;

монополияға қарсы органның институционалдық қайта құрылуын жүргізу;
қолданыстағы монополияға қарсы заңнаманы бәсекелестік құқықтың халықаралық стандарттарына сәйкес келтіру;

кәсіпкерліктің еркіндігін және тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың қоғамдық жүйесін нығайту, бәсекелестік мәдениетті арттыру;
монополияға қарсы органның кадрлық әлеуетінің тиімділігін дамыту және арттыру;
монополияға қарсы органның жұмысы қағидатының айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз ету.

2008-2010 жылдарға арналған жоспарланған іс-шаралар
тауар нарықтарына нарыққа»"кіру" және»"шығу" тосқауылдарын және шоғырлану дәрежелерін айқындау мақсатында талдау жүргізу;
мемлекеттік органдармен адал бәсекелестікті қолдау мақсатында тауар, оның ішінде қаржы нарықтарының мониторингі жүйесін ескере отырып, бәсекелестік саясат мәселелері жөнінде өзара іс-әрекет тәртібін әзірлеу;
тиісті тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің бірыңғай электрондық базасын құру туралы мәселені пысықтау;
монополияға қарсы органның институционалдық қайта құрылуы туралы ұсыныстар әзірлеу;

тарифтік реттеу функциялары мемлекеттік басқарудың бір немесе бірнеше органдарына енгізілетін монополияға қарсы органның өкілеттіктерін қайта бөлу мақсатында»"Монополияға қарсы орган туралы" заң жобасын әзірлеу;
дамыған елдердің және Қазақстанның бәсекелестігін қорғау жөніндегі заңнамаларға салыстырмалы талдау жүргізу;

Монополияға қарсы заңнамаларды кезең-кезеңімен ДСҰ-ның талаптарына сәйкестендіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

жосықсыз бәсекенің алдын алу және олардың жолын кесу, мемлекеттік органдардың монополистік қызметтері мен бәсекеге қарсы іс-әрекеттерін шектеу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

бәсекелестікті арттыру жөніндегі шараларды әзірлеу мақсатында бәсекелестік дамымаған экономиканың бірінші кезектегі салаларын айқындау;

тиісті тауар нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие нарық субъектілерінің баға белгілеу мониторингін жүзеге асыру;

2008-2010 жылдары кәсіпкерлікті дамыту саласындағы негізгі мақсаттар заңнамалық және институционалдық сипатта қолайлы жағдай жасау, әкімшілік кедергілерді одан әрі қысқарту, шағын және орта бизнесті, оның ішінде мемлекеттік холдингтермен қолдау болады.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

бизнесті дамытуды бөгейтін әкімшілік кедергілерді жою;

бизнес ахуалды жақсарту;

шағын және орта бизнесті мемлекеттік холдингтермен ынтымақтастыққа тарту үшін ынтыластық туғызу.

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін:

шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің есептілігін оңайлату;

"Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, оның ішінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі" ұғымын енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

кайталауды жою және рұқсат беру рәсімдері мен тексерулерді қысқарту;

лицензиялау, келісу, сертификаттау, стандарттау, аккредиттеу және аттестаттау рәсімдерін, сондай-ақ кеден рәсімдерін оңайлату;

микрокредит беру жүйесін одан әрі дамыту;

Қазақстанның барлық өңірлерінде инфрақұрылым объектілерінің қызметін жақсарту және кеңейту жолымен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне консалтингтік және үйретуші қызметтер көрсету;

"Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-ның кредит беруінің жаңа өнімдерін әзірлеу, шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін ұзақ мерзімді кредит беруді енгізу;

мемлекеттік холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компаниялардың тапсырыстарын Қазақстанның шағын және орта бизнес кәсіпорындары арасында орналастыруды қамтамасыз ету;

аудиторлық қызмет туралы заңнаманы жетілдіру көзделеді.

Күтілетін нәтижелер:

Дүниежүзілік Банктің (Doing Business) өлшемдеріне сәйкес бизнесті жүргізу жеңілдігі рейтингінің мынадай индикаторлары жақсартылатын болады: лицензиялау (2006 жылға 119 орын), меншікті тіркеу (76), салықтар төлеу (66), халықаралық сауданы жүргізу (172), компанияны жабу (100). Нәтижесінде Қазақстанның жалпы рейтингі

2006 жылы 63-орыннан 2007 жылы 58-ге, 2008 жылы 53-ке және 2009 жылы 48-ге дейін жоғарылайтын болады.

3.1.3. 3-шара. Тариф саясатын жетілдіру

Мақсаты - инвестициялардың жаңғыртуға және олардың активтерін жаңартуға бағытталуын ынталандыратын табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін реттеудің тиімді теңгерімді жүйесін қалыптастыру, инфрақұрылымдық салалардың бәсекеге қабілеттігін арттыруды қамтамасыз ететін және олар көрсететін қызметтердің сапасын арттыру.

Орта мерзімді кезеңде тариф саясатының негізгі міндеттері табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін реттеу және бақылау тетіктерін жетілдіру кезінде табиғи кешенді теңгерімді реттеуге бағытталған шаралар кешенін іске асыру болып табылады.

Табиғи монополиялар субъектілерін шығындарды азайтуға ынталандыратын реттеудің барынша озық үлгілеріне біртіндеп және өз кезегімен көшу қажет. Бұл үшін тиімсіз шығындарды азайтуға уәждемені арттыру, табиғи монополиялар субъектілерінің активтерін жаңғыртуға бағытталған инвестицияларды жүзеге асыру үшін ынталық құру және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында тиімділік факторын қолдану негізінде тариф деңгейін бекіту мүмкіндігін қамтамасыз ететін ынталандыратын реттеу жүргізу мәселесін пысықтау жоспарланып отыр.

Осыған байланысты мыналарға бағытталған іс-шаралар жүргізу жоспарланып отыр:

инвестицияларды табиғи монополиялар субъектілерінің активтерін, әсіресе ескірген активтерін жаңғыртуға және жаңартуға салуды ынталандыру;

тарифтерді қалыптастыру кезінде ескерілетін залалдар деңгейлері бойынша ынталандыратын шектеулерді кезең-кезеңімен белгілеу жолымен табиғи монополиялар субъектілері залалдарының деңгейін төмендету;

табиғи монополиялар субъектілері көрсететін қызметтердің сапасын арттыру; инфрақұрылымдық салалардың бәсекеге қабілеттігін арттыруды қамтамасыз ететін табиғи монополиялар субъектілері қызметтерінің көрсеткіштері мен менеджментін жақсарту;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтерін реттеуге тарифтердің тұрақтылығы мен айқындылығын арттыру;

тиімсіз шығындарды төмендетуге уәждемелерді арттыру және инвестицияларды ынталандыру мақсатында тиімділік факторын қолдану негізінде тарифті есептеуді қамтамасыз ететін тарифтерді есептеу әдіснамасын қалыптастыру;

мемлекеттің коммуналдық кәсіпорындардың өндірістік активтерін жаңғыртуы мен жаңартуына қатысу мәселелері.

Бұл ретте, есептеу әдіснамасын жетілдіру және табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтеріне оңтайлы тарифтерді белгілеу жөніндегі іс-шаралар экономика секторларының жай-күйін, салалық даму бағдарламаларында

белгіленген даму бағыттарын және жүргізіліп жатқан реформалардың іске асырылу қарқынын ескеретін болады.

Жоспарланған іс-шаралар кешенін іске асыру нәтижесінде тариф деңгейлерінің ашықтығын, айқындығын және тұрақтылығын, реттелетін субъектілердің негізгі өндірістік қорларын жаңартуға және жаңғыртуға инвестициялардың көлемін және олардың жұмыс істеу тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін монополистер қызметтерін реттеудің кешенді теңгерімді жүйесі қалыптастырылатын болады.

3.1.4. 4-шара. Әлемдік экономикаға кірігуді күшейту

Мақсаты - Ұлттық экономиканы Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі шарттарына бейімдеу жөніндегі жүйелі шараларды іске асыру және Қазақстанды әлемдік сауда жүйесіне кіріктіру.

М і н д е т т е р :

Қазақстан үшін тиімді шарттарда ДСҰ-ға кіру;
Қазақстанның ДСҰ-ға мүше ретінде көп жақты сауда келіссөздеріне қатысу арқылы ұлттық мүдделерін білдіру;

ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету үшін ДСҰ құралдарын тиімді қолдану;
ДСҰ-ға кіру кезінде Қазақстан қабылдаған міндеттемелерді орындауды бақылау;
Қазақстан нарығына импорттық тауарлар мен қызмет көрсетулердің кемсітусіз енуіне салаларды ашуға бейімдеу;

өңірлік бірлестіктер (ЕурАзЭҚ, ШЫҰ және т.б.) шеңберінде экономикалық кірігуді т е р е н д е т у .

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін 2008-2010 жылдарға мынадай іс-шаралар к ө з д е л д і :

Қазақстанның ұлттық мүдделерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасын ДСҰ-ның міндетті келісімдерінің нормаларына сәйкестендіру;

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі жұмыс тобына мүше елдермен тауарлар мен қызмет көрсетулердің ұлттық экономикалық даму басымдықтарына жауап беретін шарттарда қазақстандық нарықтарға шығуы жөніндегі екі жақты келіссөздерді аяқтау;

Қазақстанның тиісті келіссөз ұстанымын айқындау үшін оны мемлекеттік қолдаудың іс жүзіндегі көлемімен салыстырғандағы ауыл шаруашылығы саласын субсидиялауға деген негізделген қажеттілікті айқындау;

халықаралық кеңістікте - ДСҰ-ға мүше ел Қазақстанның сыртқы сауда саясатының б а с ы м д ы қ т а р ы н ж ы л ж ы т у ;

көп жақты сауда келіссөздеріне - ДСҰ-ға мүше ел - Қазақстанның қатысуы;
қазақстандық тауарлардың сыртқы нарықтарға енуін шектейтін сыртқы сауда дауларын, сондай-ақ ДСҰ дауларын шешу тетіктерін қолдану жолымен реттеу жөніндегі шараларды қабылдау;

Қазақстанның ДСҰ-ға кіру жөніндегі міндеттемелерді іске асыруы;
қазақстандық кәсіпкерлерді ДСҰ-ның тетіктері туралы ақпараттандыру жөніндегі

ш а р л а р к е ш е н і н ә з і р л е у ;

өңірлік бірлестіктер (ЕурАзЭҚ, ШЫҰ және басқалары) шеңберінде экономикалық ықпалдастықты тереңдету жөніндегі жұмысқа қатысу;

ЕурАзЭҚ-ты дамытудың басым бағыттарын, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі бірлескен іс-шараларды іске асыру;

Сауда және инвестициялар жөніндегі Америка-Орталық Азия кеңесінің шеңберінде
(ТИФА) ынтымақтастықты жандандыру;

О Н Ы Ң і ш і н д е 2 0 0 8 ж ы л ы :

кірігу бірлестіктерінің (ЕурАзЭҚ, ШЫҰ және т.б.) отырыстарына қатысу;

Қазақстанның ұлттық мүдделерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасын ДСҰ-ның міндетті келісімдерінің нормаларына одан әрі сәйкестендіру;

Қазақстанның ұлттық мүдделерін ескере отырып, Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі жөніндегі жұмыс тобына мүше елдермен тауарлар мен қызмет көрсетулердің қазақстандық нарықтарға шығуы жөніндегі екі жақты келіссөздер жүргізу;

К ү т і л е т і н н ғ а т и ж е л е р :

Қазақстан елдің экспорттық әлеуетін кеңейту және қазақстандық тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін қолайлы шарттарда

Д С Ұ - ғ а к і р е д і .

Интеграциялық бастамаларға қатысу шеңберінде Қазақстанның өңірлік деңгейдегі саяси және экономикалық рөлі күшейеді, шекаралас мемлекеттермен шекара маңы ынтымақтастығы саласындағы сауда-экономикалық қатынастар кеңейтіледі.

О н ы ң і ш і н д е 2 0 0 8 ж ы л ы :

Қазақстанның экономикалық тиімді шарттарда ДСҰ-ға кіруі жөніндегі жұмыс тобына мүше елдермен екі жақты деңгейдегі қазақстандық нарықтарға тауарлар мен қызметтердің шығуы жөніндегі келіссөз процесін аяқтау.

3.2. 2-басымдық. Адами капиталды дамыту және халықтың өмір сүру сапасын арттыру

3.2.1. 1-шара. Демография мен көші-қонды дамыту

Мақсаты - ұзақ мерзімді көші-қон саясатын іске асыру және елдің ұлттық экономиканы жедел жаңғырту жағдайларындағы қосымша мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін адам әлеуетін ұлғайту, еңбек мигранттарының жоғары инновациялық әлеуетін ескере отырып, еңбек көші-қонының дамуын ынталандыру.

М і н д е т т е р :

өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды ескере отырып, көші-қон процесерін реттеу;

еңбек мигранттарының жоғары инновациялық әлеуетін ескере отырып, еңбек
көші-қонының дамуын ынталандыру;

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ЖЕДЕЛ ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЛАРЫНДА ЕЛДІҢ ҚОСЫМША МҰҚТАЖДЫҚТАРЫН ҚАНАҒАТТАНДЫРУ ҮШІН АДАМ ӘЛЕУЕТІН ҰЛҒАЙТУ;

шет елдегі этникалық қазақтардың қайтып оралуына тиімді жағдай жасау; имигранттарды қабылдау, орналастыру және орналасуы үшін жағдайлар жасау.

2008-2010 жылдарға арналған іс-шаралар:

Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасын қабылдау;

оралмандарды көшіп келу квотасына қосудың объективті өлшемдерін белгілеу, шешім қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қоныс аударушыларды көшіп келу квотасына қосу тетіктеріне өзгерістер енгізу;

оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтарын құру; оралмандарға әлеуметтік жалдау шартымен тұрғын үй беру мүмкіндігін қарастыру, тұрғын үйді жалға алуды қаржыландыру, мемлекеттік көмек шараларын оралмандардың өздерінің жеке тұрғын үйлерді салуын дамытумен ұштастыру жолымен оралмандарды қабылдау және орналастыру жүйелерін жетілдіру.

Тиісті жылға арналған оралмандардың көші-қон квотасына сәйкес оралмандарды қабылдау және орналастыру.

Күтілетін нәтижелер:

жаһандану процесінің күшеюі және елдің ДСҰ-ға кіру жағдайында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосымша серпін мен мүмкіндіктер беретін Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестерін басқарудың жаңа тетіктерін қалыптастыру, сондай-ақ оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ұлттық бірегейлік пен қауіпсіздікті сақтау және нығайту.

3.2.2. 2-шара. Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру

Мақсаты - халықты зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін арттыру және заңнаманы одан әрі жетілдіру.

Көрсетілген мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу алда тұр: мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін кезең-кезеңімен арттыру (КМ - нің 40% - деңгейінде);

зейнетақы есептеуге ұсынылатын ең жоғары табысты шектеуді 25 АЕК дейін арттыру және зейнетақы төлемдерінің мөлшерін инфляция деңгейінен бұрын индекстеу;

1998 жылғы 1 қаңтарға зиянды және ауыр еңбек жағдайларында жұмыс өтілін жинақтаған тұлғаларға берілетін қосымша жәрдемақы енгізу;

халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйелері қызметімен қамтылуын кеңейту; жүктілігі мен бала тууына байланысты, бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жұмыс істейтін әйелдерді міндетті әлеуметтік сақтандыруды енгізу. Осы жағдайлар бойынша әлеуметтік төлемдерді Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына түсетін әлеуметтік аударымдардың есебінен жүзеге асыру;

мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына

байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасына қарай жыл сайын арттыру;

бала туылуына және бір жасқа дейінгі баланың күтімі бойынша жәрдемақылардың мөлшерін ұлғайту;

жинақтаушы зейнетақы қорлары қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету; инфляция деңгейінен оза республикалық бюджеттен зейнетақы төлемдерін арттыру.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі туралы толық статистикалық ақпараттарды пайдалана отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметіне қосымша талдау жүргізілген соң зейнетақы қызметтерін көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы ставкасын реттеу жөнінде шаралар қаралатын болады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі төлемдерін әкімшілендіру жүйесін оңтайландыру барысында анықталған жүйелердегі қателерді жою.»"Бір салымшы - бір қор"» қағидатын қамтамасыз ету мақсатында салымшылардың қосарланған екі-үш шоттарын біріктіру тетігі әзірленетін болады.

3.2.3. 3-шара. Халықтың денсаулық жағдайын жақсарту

Мақсаты - денсаулық сақтаудың қолжетімді және бәсекеге қабілетті жүйесін құру.

М і н д е т т е р і :

денсаулық сақтауды басқарудың жаңа моделін енгізу;
медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру;
денсаулық сақтаудың әлеуметтік мәні бар проблемаларын шешу;
денсаулық сақтау саласындағы медициналық, фармацевтикалық білім берудің және ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру халық денсаулығын және денсаулық сақтау жүйесін одан әрі тұрақтандыруға ықпал етеді.

Денсаулық сақтауды басқарудың жаңа моделін құру жөніндегі міндеттерді шешу үшін мынадай іс-шаралар қабылданатын болады:

ерікті медициналық сақтандыру жүйесін және бәсекеге қабілетті жеке меншік секторды одан әрі дамыта отырып, денсаулық сақтаудың бюджеттік моделін қалыптастыру;

денсаулық сақтау органдары мен ұйымдары қызметінің түпкі нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштері әзірленеді және енгізіледі;

барлық деңгейдегі біліктілік басқару кадрлармен саланы қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау менеджерлермен дайындау, сұранысты және осы мамандардың, оның ішінде шет елде даярлау кезеңдерін анықтау жүйесін құру;

денсаулық сақтау ұйымдарына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын мәртебесін беру және өзге де ұйымдық-құқықтық нысандарға ауыстыру жолымен олардың дербестігін арттыру, сондай-ақ қаржыландырудың жаңа тетіктерін е н г і з у ;

түпкі нәтижеге бағдарланған еңбекақы төлеудің сараланған жүйесін одан әрі ж е т і л д і р у ;

саланы басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекс әзірленетін болады;

"Қазақстан Республикасының денсаулық сақтаудың біртұтас ақпараттық жүйесін құру" жобасын іске асыру, осы жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне, оның ішінде пациенттердің электрондық медициналық картотекасын құру бөлігінде қажетті өзгерістер е н г і з у ;

денсаулық сақтау саласындағы бюджет қаражатын орталықтандыру, оларды өңірлік коэффициенттерді ескере отырып, жан басына шығу қағидаты негізінде бөлу, медициналық көмек көрсету жөніндегі мемлекеттік денсаулық сақтау объектілерінің жұмыс істеуі үшін жауапкершілікті министрлік пен жергілікті атқарушы органдар арасында бөле отырып, денсаулық сақтауды басқарудың бірыңғай құрылымын құру мәселелерін ә з і р л е у .

Медициналық көмектің қолжетімділігін және оның сапасын арттыру мақсатында мынадай іс-шаралар көзделеді:

2007 - 2009 жылдардың ішінде, 150 денсаулық сақтау объектісін оларға аса мұқтаж өңірлерде салу ;

бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының желісін белгіленген мемлекеттік нормативтерге сәйкес келтіру және пайдалану үшін жарамсыз және ыңғайластырылған үй-жайларда орналасқан объектілердің орнына, оның ішінде ауылда , дәрігерлерге арналған тұрғын үй салу. Бұл ретте, жоғары сапалы медициналық көмекті уақтылы көрсетуге қабілетті жаңа объектілер салу және пайдалануға беру қолданыстағы объектілерді ауыстыру және тиімсіз жұмыс істейтін төсек қорын қысқарту қағидаты бойынша жүзеге асырылатын болады;

медициналық қызмет көрсетулердің сапасын арттырудың орнықты жүйесін қалыптастыру үшін медициналық ұйымдарды кезең-кезеңімен тәуелсіз аккредиттеуді е н г і з у ;

тәуелсіз сараптама жүйесін дамыту жолымен тұтынушылар үшін медициналық ұйымдар қызметінің ашықтығын арттыру;

медициналық қызметтерді қоса алғанда, салада пайдаланылатын рәсімдерді одан әрі с т а н д а р т т а у ;

2008 - 2009 жылдары үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, дәрілік препараттардың таңдау құқығын, қолжетімділігін, тиімділігін, қауіпсіздігін және сапасын қамтамасыз етуге және оларды ұтымды пайдалануға бағытталған дәрілік

қамтамасыз етудің жаңа моделі әзірленеді және енгізіледі.

Денсаулық сақтаудың әлеуметтік мәні бар проблемаларын шешу үшін мынадай шаралар кешенін іске асыру көзделеді:

ұйымдық құрылымын жетілдіріп, қан айналымы жүйесі ауруларымен ауыратын сырқаттар мен мүгедектердің ауруларының алдын алудың, ерте диагностикалаудың, емдеудің және медициналық оңалтудың тиімді әдістерін енгізіп, ұйымдық құрылымдарды жетілдіріп, кардиохирургиялық бейіндегі мамандарды даярлап және олардың біліктілігін арттыра отырып, кардиологиялық және кардиохирургиялық көмекті дамыту;

инфекцияның таралуына тиімді эпидемиологиялық бақылауды қамтамасыз ету, індетке қарсы іс-шараларды күшейту, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін туберкулезге қарсы сатып алынатын препараттардың сапасын жақсартып, жұқпалы шағын түйіршікті нысандарымен ауыратын созылмалы сырқаттарды емдеу жөніндегі оңтайлы схемалар мен ұйымдық тәсілдер әзірленетін болады;

трансфузиялық көмектің қауіпсіздігін, сапасын және қолжетімділігін қамтамасыз ету, АҚТҚ/ЖҚТБ-мен аурудың өсу қарқынын төмендету үшін Қазақстан Республикасында қан қызметін жетілдіру;

әлемде сынақтан табысты өткен нақты қағидаттар мен іс-шараларды жүйелендіре отырып және медициналық-статистикалық көрсеткіштер деректерінің болжамды өсуіне байланысты әкімшілік шаралар қабылдауға уақытша мораторий жариялай отырып, ана мен бала өлімін азайту бойынша 2008 жылдан бастап Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған тірі туу және өлі туу өлшемдеріне көшу жүзеге асырылатын болады;

халықтың медициналық және санитарлық сауаттылық деңгейін арттыру, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметті бастапқы медициналық-санитарлық көмегін кіріктіру, ауыз судың сапасын бақылауды күшейту, мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінде алдын алу іс-шараларын өткізу, барлық білім беру ұйымдарында медициналық пункттер желісін кезең-кезеңімен қалпына келтіру.

Медициналық және фармацевтикалық білім беру және ғылыми зерттеулер саласында:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 сәуірдегі N 317 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық білім беру ісін реформалау тұжырымдамасын іске асыру;

халықаралық талаптарды ескере отырып әзірленген жоғары және орта медициналық және фармацевтикалық білім берудің жаңа мемлекеттік стандарттарын енгізу;

медициналық қызметшілердің, біліктілік деңгейін арттыру үшін халықаралық тәжірибе негізінде үздіксіз кәсіби білім беру және сертификаттау тетіктерін енгізу;

медициналық жоғары оқу орындарына халықаралық талаптарға сәйкес ұлттық аккредиттеу жүйесін енгізу;

танымал шет елдік агенттіктердің медициналық жоғары оқу орындарына халықаралық аккредиттеу жүргізуі үшін жағдайлар жасау;
қажеттілікті ескере отырып, мамандарды кейіннен ауылдық жерлерде жұмыс істеуі үшін дайындау мақсатында мемлекеттік тапсырыс шеңберінде квоталар белгілеу;
медициналық қызметшілердің кәсіптік деңгейін жетілдіру үшін дәрігерлердің білімін бағалау жүйесін ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
практикалық денсаулық сақтау сауалдарын негізге ала отырып, медициналық зерттеулердің негізгі бағыттарын қалыптастыруды, ғылыми зерттеулер жүргізудің халықаралық стандарттарын енгізуді көздейтін Медициналық ғылымды реформалау т ұ ж ы р ы м д а м а с ы н ә з і р л е у ;

Астана қаласында құрылатын медициналық кластердің базасында практикалық денсаулық сақтауда жаңа ғылыми, білім беру және басқарушылық технологияларының т р а н с ф е р т і н жү з е г е а с ы р у .

Ескерту. 3.2.3-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.16 N 463 Қаулысымен.

3.2.4. 4-шара. Білім беруді дамыту және кадрлар даярлау сапасын арттыру

Қазіргі заманғы білім берудің, кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың нақты экономикалық жағдайларға барабар бәсекеге қабілеттілік жүйесін дамыту үшін білім беру жүйесін басқарудың жаңа моделін енгізу және білім беру қызметтерінің жоғары сапасын қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

2008-2010 жылдары мыналар көзделеді:
мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту саласында балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамту деңгейін ұлғайту;
жалпы орта білім беру саласында - 12 жылдық жалпы орта білім беруге кезең-кезеңімен көшуді жүзеге асыру;
ү ш а у ы с ы м д а о қ ы т у д ы ж о ю ;

Қазақстанның салыстырмалы халықаралық зерттеулерге қатысуын қамтамасыз ету;
педагогтарды, оның ішінде 12 жылдық білім беру жүйесі үшін қайта даярлау жөніндегі жұмысты жалғастыру;

отандық, оның ішінде электрондық оқулықтарды әзірлеу мен енгізу, білім беру процесіне ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды, оның ішінде оқу телевизиясын енгізу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

мемлекеттік жалпы орта білім беру мекемелерін физика, химия және биология кабинеттерімен, лингафондық және мультимедиялық кабинеттермен одан әрі ж а р а қ т а н д ы р у .

кәсіптік жоғары білім беру саласында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беруді үш сатылы: бакалавриат - магистратура - докторантура моделіне ауыстыруды жүзеге асыру;
техникалық білім беруді дамытуға ден қоя отырып, жоғары оқу орындары желісін

оңтандыруды

жүргізу;

жоғары оқу орындарын аккредиттеудің халықаралық моделіне көшуді жүзеге асыру ;

көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын бақылау жүйесін құру; мамандық пен жоғары оқу орнының мәртебесіне қарай мемлекеттік білім гранттарын саралауды міндетті түрде енгізе отырып, мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастырудың жаңа қағидатын енгізу;

"Болашақ" халықаралық стипендиясының шеңберінде азаматтарды әлемнің үздік жоғары оқу орындарында оқыту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.

кәсібилігі жоғары жұмыс күшін даярлау саласында:

кәсіптік білім беру жүйесін ұлттық экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес келтіруге мүмкіндік беретін өзара іс-қимыл жасаудың "мемлекет - оқу орындары - жұмыс берушілер" жаңа моделін құруға;

техникалық және кәсіптік білім берудің білім бағдарламаларын жоғары білім беру бағдарламаларымен үйлестіруді жүргізу;

экономиканың жекелеген салалары бойынша техникалық және қызмет көрсету еңбегі кадрларын даярлау және қайта даярлау жөнінде өңірлік кәсіптік орталықтар құру жөніндегі іс-шараларды жалғастыру көзделеді.

Іс-шараларды іске асыру нәтижесінде:

2009 жылға қарай кемінде 50 мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттары жетілдіріледі және үйлестірілетін болады;

мектепке дейінгі ұйымдардың балаларды қамтуы кемінде 30 %-ды,

мектеп алдындағы даярлық 80%-ды құрайды;

республикада үш жылдың ішінде 228 мектеп салынатын болады;

жылына кемінде 31 мың педагог қайта даярлаудан өтеді;

2008 жылға қарай мектеп оқушыларының компьютерлермен қамтамасыз етілуі 20 оқушыға кемінде 1 компьютерден келетін арақатынасты құрайды;

2008 жылы 4 және 9-сынып оқушыларының кемінде 50 %-ы аралық мемлекеттік бақылаумен қамтылатын болады;

2009 жылға қарай экономиканың жекелеген салалары бойынша техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кадрларын даярлау және қайта даярлау жөніндегі 2 өңіраралық кәсіптік орталық құрылатын болады, сондай-ақ тағы да осындай 2 орталық құру жөніндегі жұмыс жалғастырылады;

республиканың жоғары оқу орындарына шетелдік оқытушылар мен консультанттарды тарту жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады;

2009 жылы 10 білім беру бағдарламасы халықаралық аккредиттеуден өтеді және кемінде 5 жоғары оқу орны халықаралық аккредиттеуге қатысу рәсімдерін бастайды;

жоғары және жоғары кәсіптік білім беру оқу орнынан кейінгі бағдарламалар

бойынша "Болашақ" бағдарламасының шеңберінде шет елдегі ең үздік оқу орындарына жыл сайын 3 мың қазақстандық азамат жіберіліп отырады.

3.2.5. 5-шара. Мәдениет және спортты дамыту

Мәдениетті дамыту

Мақсаты - мәдениет саласының бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу жағдайын қалыптастыру, ұлттың тұтастығы, орнықтылығы және серпінді дамуының негізі ретіндегі рухани-адамгершілік әлеуетін іске асыру.

М і н д е т т е р і :

елдің мәдени мұрасының сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

мемлекеттік тілдің ролін нығайту және басқа да тілдерді дамыту;

ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттігін арттыру;

үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттің әріптестік тетігін жетілдіру;

ұлтаралық және конфессияаралық келісімді, ішкі саяси тұрақтылықты арттыру.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу және міндеттерді шешу жолы

Елдің мәдени мұрасының сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету міндеті бойынша мыналарға бағытталған кешенді шаралар іске асырылады:

елдің тарихи-мәдени мұраларының сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

халықтың қалың бұқарасының тарихи-мәдени мұраларға қолжетімділігін қ а м т а м а с ы з е т у ;

әлемдік мәдени кеңістікке одан әрі кірігу және елімізде және шет елдерде отандық мәдениет пен өнерді танымалы ету;

әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару арқылы халықтың рухани-білім деңгейін а р т т ы р у .

Мемлекеттік тілдің ролін нығайту міндеті бойынша мынадай шаралар қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы :

озық әдістерді пайдалану арқылы мемлекеттік тілге үйрету тиімділігін арттыру;

мемлекеттік тілді пайдалану саласын кеңейту;

орыс тілінің жалпы мәдени іс-әрекетін сақтау және ағылшын тілін енгізу.

Ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттігін арттыру міндеті бойынша мынадай шаралар кешені іске асырылады:

мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының сапасы мен көрсететін қызметтерінің мәнін жақсарту;

мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарын кезең-кезеңімен жаңғырту.

Мемлекеттің және үкіметтік емес ұйымдардың әріптестік тетіктерін жетілдіру м і н д е т і б о й ы н ш а :

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды іске асыру практикасын жалғастыру;

үкіметтік емес ұйымдардың диалогты тетіктерді одан әрі нығайтуы және дамытуы ү ш і н ж а ғ д а й ж а с а у ;

азаматтық қоғам институттарын дамытудың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру бойынша шаралар қабылдау.

Ұлтаралық және конфессияаралық келісімді, ішкі саяси тұрақтылықты нығайту міндеті бойынша қазақстандық патриотизм идеяларын насихаттау негізінде этникааралық келісімді одан әрі жетілдіру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Б о л ж а н а т ы н н ә т и ж е л е р :

Нәтижесінде 2010 жылға қарай халықты мәдениет саласындағы қызметтермен қамтамасыз етудің орнықты жұмыс істейтін және тұрақты дамып отыратын заманауи жүйесі қалыптасатын болады.

Тарихи-мәдени мұралардың жаңғыртылған ескерткіштерінің саны едәуір ұлғаятын болады.

Мемлекеттік тілді меңгермеген мемлекеттік қызметкерлерді мемлекеттік тілге үйретуге 100 %-бен қамту қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарымен ұсынылатын қызметтің сапасы артады.

Спорт пен дене тәрбиесінің дамуы

Мақсаты - халық денсаулығын нығайту және халықаралық спорт аренасында қазақстандық спортшылардың бәсекеге қабілеттігін арттыру үшін дене тәрбиесі мен спорттың тиімді жүйесін құру.

М і н д е т т е р і :

салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін бұқаралық спортты дамыту; спорт резервін, халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау жүйесін жетілдіру және жоғарғы жетістіктер спорты үшін қазіргі заманғы инфрақұрылымдар құру; жоғары жетістіктердегі дене шынықтыру мен спортты ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

Алға қойылған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу жолдары:

Жалпы мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін Қазақстан Республикасында дене тәрбиесі және спортты дамытудың Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 наурызда N 209 қаулысымен бекітілген 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының іске асырылуы қамтамасыз етіледі.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін бұқаралық спортты дамыту міндеттері бойынша мынадай іс-шаралар өткізіледі:

әсіресе ауылдық жерлердегі балалар мен жасөпірімдердің спорт мектептерінің, жеткіншектер клубының, дене тәрбиесі даярлығының балалар мен жасөпірімдер клубының желілерін дамыту жөніндегі жұмыстар жалғастырылады;

аудан мен қалаларда дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу; дене шынықтыру және спорт құралдарымен салауатты өмір салтын енгізуді жандандыру;

спорттың ұлттық түрлерін одан әрі дамыту.

Спорт резервін және халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау жүйесін жетілдіру және жоғары жетістіктер спортының инфрақұрылымдарын дамыту міндеттері бойынша мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

спорт күнтізбесінде жоспарланған республикалық іс-шараларды өткізуді және құрама командалардың және әлем, Азия, олимпиадалық және Азия ойындары чемпионаттарын қоса алғанда, халықаралық жарыстардағы еліміздің күшті спортшыларының басқа да ресми және іріктелген халықаралық спорт жарыстарына қатысуларын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

2011 жылы Алматы қаласында 7-ші қысқы Азия ойындарын өткізу үшін объектілердің құрылысын қамтамасыз ету;

Б о л ж а н ғ а н н ә т и ж е л е р :

Аталған шаралардың нәтижесінде 2010 жылға қарай халықтың дене тәрбиесінің тиімді жүйесі құрылады, материалдық-техникалық базасы нығаяды, халықтың, спорт ғимараттарымен қамтамасыз етілу деңгейі едәуір артады.

Республика халқының дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылданушыларының саны 16,3% дейін өседі.

Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептері ұлғаяды, олардың ішінде, шұғылданушылардың саны 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жеткіншектердің жалпы санынан 8,5 % дейін өседі.

Әлем, Азия чемпионаттарын, Азия, Әлем кубоктарын, Азия, азиялық және Олимпиада ойындарын қоса алғанда, ірі халықаралық жарыстарға спортшылардың даярлығы мен қатысуы қамтамасыз етіледі.

3.2.6. 6-шара. Халықтың әл-ауқатын арттыру

Мақсаты - жұмыспен тиімді қамтуды қамтамасыз ету, кедейшілік деңгейін төмендету, Қазақстан азаматтарының өмір сүру сапасын арттыру.

Көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу алда тұр:

ана мен баланы әлеуметтік қорғау жүйесін нығайту;

нарықтық қағидаттарға негізделген атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөнінде к ө з қ а р а с т ы ж е т і л д і р у ;

сапалы әлеуметтік қызметтер көрсету арқылы мүгедектерді қолдау;

ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасын есептеу әдістемесін одан әрі жетілдіру;

өнімді және тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету арқылы еңбек нарығында белсенді саясат жүргізу, жұмыссыздық деңгейін төмендету, жұмыс күшінің сапасын арттыру;

жұмыспен қамту саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;

бюджет саласындағы қызметкерлердің еңбек ақы жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.

Міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар:

Ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу әдістемесін одан әрі жетілдіру

жөнінде ұсыныстар әзірленетін болады.

2007 жылы Мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде және мемлекеттік емес медициналық-әлеуметтік ұйымдарда көрсетілетін әлеуметтік қызметтерге қойылатын біліктілік талаптары мен оларды лицензиялау ережесі айқындалатын болады.

Халықты жұмыспен қамту жүйесін жетілдіруге бағытталған 2008 - 2010 жылдарға арналған шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру.

2007 жылы "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Үкіметтің қаулысы әзірленетін болады.

2 0 0 8 ж ы л ы :

атаулы әлеуметтік көмек көрсетуді күшейту, аз қамтылған азаматтарды қайта оқытуға, жаңа мамандық алуға ынталандыруға ықпал ететін тетіктерді әзірлеу бөлігінде»"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы";

"Әлеуметтік қызметтер туралы" заң жобалары әзірленетін болады.

Лайықты еңбек мүмкіндіктерін кеңейту, икемді еңбек нарығын арттыру мақсатында :

өңірлік орталықтарда өндірісті оңтайлы орналастыру, салалардың кластерлік дамуы , экономиканың шикізаттық емес секторын дамыту негізінде жұмыс орындарын құруды ;

кәсіби оқыту, жұмыс берушілердің персоналды ішкі өндірістік оқытуды, кадрларды кәсіби даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыруда қатысуын ынталандыру арқылы жұмыс күшінің кәсіби-біліктілік деңгейін арттыруды;

тұрмысы төмен халықтың жұмыссыз бөлігі арасында, оларды жұмысқа орналастыру арқылы жұмыспен қамтудың белсенді нысандарын пайдалануды;

еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жұмыссыздарды кәсіптік даярлаудың және қайта даярлаудың икемді жүйесін құру;

жергілікті мамандарды кәсіптік даярлауға және қайта даярлауға айрықша ден қоя отырып, шетелдік мамандарды қазақстандық кадрлармен ауыстыру жөніндегі саясатты ж ү р г і з у ;

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі жағдайында ішкі еңбек нарығын қорғауға және Қазақстан мен Орталық Азия өңірі елдерінің арасында білікті жұмыс күшінің басқарылатын қозғалысына бағытталған тетіктерді қалыптастыруды көздейтін жүйелі шаралар қабылданатын болады;

мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды жетілдіру жөнінде жұмыстар жалғастырылатын болады.

2008-2010 жылдары, оның ішінде 2008 жылы күтілетін нәтижелер:

Қабылданатын шаралар нәтижесінде бала туу деңгейінің артуы, атаулы әлеуметтік көмекті, оған шын мәнінде мұқтаж аз қамтамасыз етілген азаматтарға көрсету, еңбекке қабілетті жұмыссыз азаматтардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, табысы кедейлік шегінен төмен азаматтардың үлесін қысқарту, мемлекеттік әлеуметтік қызмет көрсетудің стандарттары жүйесін, оларды халықаралық стандарттар мен нормативтерге жақындата отырып, одан әрі жетілдіру, еңбекақы деңгейін арттыру күтіледі.

Табысы кедейлік шегінен төмен азаматтардың үлесін 2008 жылы халықтың жалпы санынан 1,8 %-ға дейін, 2009 жылы 1,7 %-ға дейін, 2010 жылы 1,6 %-ға дейін төмендету күтіледі.

Базалық зейнетақы мөлшері 35 %-ға және шамамен жарты миллион зейнеткерлердің зейнетақы мөлшері арттырылатын болады.

Халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесімен және міндетті әлеуметтік сақтандырумен қамтылуы ұлғаятын болады.

3.2.7. 7-шара. Халықтың тұрғын үй алуға қол жеткізуін қамтамасыз ету

Мақсаты - халықтың қалың бұқарасының тұрғын үйге қол жетімділігін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемаларын кешенді шешу.

Міндеттері:

тұрғын үйдің толыққанды теңгерімді нарығын құру;
жеке инвестицияларды тұрғын үй құрылысына тарту және жеке тұрғын үй құрылысын дамытуды ынталандыру;
құрылыс индустриясының тиімді нарығын қалыптастыру;
халықтың қалың бұқарасы үшін ипотекалық кредиттің қол жетімділігін және тұрғын үй құрылыс жинақтарын арттыру.

Күтілетін нәтижелер:

2008 - 2010 жылдардың ішінде жалпы ауданы шамамен 26,1 млн. шаршы метр тұрғын үй салынатын болады, бұл ретте, коммерциялық тұрғын үйдің үлесі тұрғын үй құрылысының жалпы көлемінен 21 %-ға дейін төмендейді.

Салынатын тұрғын үйлердің жалпы көлемі 2008 жылы 8,2 млн. шаршы метрді, 2009 жылы 8,6 млн. шаршы метрді, 2010 жылы 9,3 млн. шаршы метрді құрайды.

2008-2010 жылдары шамамен 236 мың отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

Әкімшіліктерде кезекте тұрған 6400 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

Бюджет саласының қызметкерлері үшін Астана қаласында 10 мың пәтер және Алматы қаласы мен облыстарда білім беру мен денсаулық сақтау қызметкерлері үшін 7300 пәтер салынатын болады.

Тұрғын үй салынатын аудандар инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдармен қамтамасыз етіледі.

120 мыңнан астам адамға жаңа жұмыс орны жасалады, құрылыс қызметі бойынша салық салу базасы ұлғайтылатын болады.

Қалалардың және өзге де елді мекендердің сәулет кескіні жақсартылатын болады.

Құрылыс материалдары өнеркәсібінің, электротехникалық, металлургиялық және химиялық өнеркәсіптердің өнімдерін, сондай-ақ жаңа тұрғын үйді жарақтандыру заттарын шығаруды ұлғайту есебінен аралас салаларда мультипликативті тиімділік күтілуде.

3.2.8. 8-шара. Әлеуметтік-экономикалық дамуға жас азаматтарды белсенді тарту

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жас азаматтарды белсенді тарту мақсатында:

жастар үшін әлеуметтік қызмет көрсетудің өлшемдері мен индикаторлары әзірленеді, содан кейін жастар саясатын іске асыру саласындағы стандарттар әзірленетін болады;

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жастардың экономикалық бастамалары іске асырылатын болады;

әрбір облыстарда жастарға арналған әлеуметтік қызметтердің жұмыс істеуі одан әрі қамтамасыз етіледі.

Жастардың экономикалық бастамаларын іске асыру мақсатында "Жасыл Ел" ұлттық жобасын іске асыру жалғасады және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жастарды тартуға бағытталған жаңа жобалар әзірленеді.

Күтілетін нәтижелер:

2009 жылы жастарға әлеуметтік қызмет көрсетудің бірыңғай стандарты бекітілетін болады.

2009 жылы әрбір облыста облыс деңгейінде екіден, аудан көлемінде бірден кем емес әлеуметтік қызметтер жұмыс істейді.

Жыл сайын әрбір өңірде кемінде бір жастар бизнес жобасы іске асырылады.

Жастар ұйымдарының 60 % кем емес қызметтері жастарды патриоттық тәрбиелеуге бағытталады.

3.2.9. 9-шара. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету

2008-2010 жылдары гендерлік дамудың негізгі мақсаттары қоғам өмірінің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін іске асыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Алға қойылған мақсаттарды іске асыруға бағытталған негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 маусымда N 600 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру бойынша 2006 - 2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру;

отбасы жағдайын, некеге тұрған ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін зерделеу;

гендерлік мәселелер бойынша халықты ақпараттық ағарту;

гендерлік теңдікке қол жеткізу шаралары мен тетіктерін әзірлеу.

Алға қойған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін әйелдердің еңбек

нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, әйелдер арасындағы кәсіпкерлікті және өзін-өзі жұмыспен қамтуды одан әрі дамытуға ықпал ететін іс-шараларды өткізу жоспарланып отыр. Қаржы ресурстарын алуда кәсіпкер әйелдердің қол жетімділігін кеңейту жөніндегі ұсыныстар әзірленетін болады.

Әйелдердің зорлық-зомбылықтан қорғалуға құқықтарының тұрақты мониторингі жүргізілетін болады.

Дағдарыс орталықтарының қызметін, сенім телефондарын зорлық-зомбылықтан құрбандарына арналған паналар мен баспаналауды дамыту үшін жағдайлар жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеу жоспарланып отыр.

3.2.10. 10-шара. Экология және табиғатты пайдалануды дамыту

Экологияны дамыту

Мақсаты - халықаралық стандарттарға сәйкес қоршаған ортаның ластану деңгейін азайту, қоршаған ортаны қорғауды және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру, қоғамның орнықты дамуына көшунегіздерін құру.

Міндеттері:

қоршаған ортаның сапасын басқару жүйесін оңтайландыру; шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсерін азайту және табиғатты қорғау және оны қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу.

2008-2010 жылдарға арналған іс-шаралар.

Қоршаған ортаның сапасын басқару жүйесін оңтайландыру саласында экологиялық заңнаманы жүйелендіруге және оның қолданылуын арттыруға бағытталған, қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық заңнаманың осы заманғы талаптарына жауап беретін экологиялық заңнаманы одан әрі реформалау жалғастырылатын болады.

2008-2010 жылдары шөлейттенген жерлерді оңалтуға, биоәралуандықты сақтауға, биоқауіпсіздік жүйесін құруға, орнықты органикалық ластағыштарды түгелдеуге және жоюға, парник газдарының шығарындыларын азайтуға, өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жаратуға бағытталған іс-шараларды іске асыру жалғастырылады.

Екі жақты және көп жақты келісімдерге, атап айтқанда Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциялары мен қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму саласындағы жаһандық халықаралық форумдардың шешімдеріне сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау жөнінде шаралар қабылданады.

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан бекіткен табиғатты қорғау конвенцияларын іске асырудың неғұрлым сапалы деңгейіне өту жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы N 1241 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде "Қазақстан Республикасының 2008-2010 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау" бағдарламасы әзірленетін болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы N 216 Жарлығымен бекітілген 2007-2024 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшу тұжырымдамасын (бұдан әрі - Орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 ақпандағы N 111-1 қаулысымен бекітілген 2007-2009 жылдарға арналған екінші кезеңін іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде орта мерзімді кезеңде халықаралық стандарттарға сәйкес экологиялық орнықты қоғам негіздерін құру к ө з д е л е д і .

Б ұ д а н б а с қ а :

Астана қаласында сияқты энергия және ресурс жинақтау және энергияның жаңартылған көздерін қолданудағы халықаралық тәжірибені тарату жөніндегі солярлық орталық (Германиядағы осыған ұқсас орталықтың үлгісі бойынша);

Астана қаласында Еуразия су орталығы құрылады.

С он д а й - а қ 2010 жылға дейін:

қалдықтарды орналастыру полигондарында жиналған құнды материалдарды қалпына келтіру және пайдалану бағдарламасы;

өз көрсеткіштері бойынша отандық, сондай-ақ шетелдік ұқсастырылған озық технологияларды»"серпінді" санатына жатқызу өлшемдері;

қоршаған ортаның жағымсыз факторларының әсерінен болатын халық денсаулығына келетін зиянды айқындау және зиянның өтемақысын төлеудің ә д і с т е м е л і к т ә с і л д е р і ;

Қазақстан Республикасының өңірлерінде қоршаған ортаның жай-күйінің и н д и к а т о р л а р ж ү й е с і ;

олардың орнықты молықтырылуын қамтамасыз ететін жаңғыртылатын биологиялық ресурстарды пайдаланудың ғылыми қағидаттары және технологиялары;

биологиялық әралуандықты сақтаудың тиімді әдістері әзірленетін болады;

Шаруашылық және өзге де қызметтердің қоршаған ортаға әсерін төмендету және табиғатты қорғауды қалпына келтіру мақсатында "2024 жылға дейін орнықты даму мақсатында Қазақстан Республикасының энергиясы мен жаңартылатын ресурстарын тиімді пайдалану" стратегиясы әзірленетін болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 сәуірдегі N 316 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004 - 2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1278 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2005 - 2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын орындау жалғастырылатын болады.

2008-2010 жылдары орнықты дамудың серпінді технологиялары бойынша тұрақты қолданыстағы көрмелерді ұйымдастыру жоспарланып отыр.

"Балқаш-Алакөл бассейнін орнықты дамытуды қамтамасыз етуге және осы өңір

тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған су-экологиялық проблемаларды шешу мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 наурызындағы N 163 қаулысымен бекітілген "Балқаш-Алакөл бассейнінің 2007-2009 жылдарға арналған орнықты дамуын қамтамасыз ету" бағдарламасын іске асыру жалғастырылатын болады.

Экологиялық сақтандыру және аудит, экологиялық білім беру дамытылады, экологиялық таңбалау және табиғатты қорғау қызметі мен оның өлшемдері ұғымы енгізіледі.

Жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа және шешімдер қабылдауға қол жетімділігі кеңейеді.

2008 жылға арналған іс-шаралар

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық базасына орнықты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған өзгертулерді енгізу қажеттілігі тұрғысында талдау жүргізіледі;

көмірсутек ресурстарын өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды мейлінше қатаң экологиялық стандарттарға сәйкестікке сертификаттау туралы ереже;

өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару жүйелері;

Бурабай кентінде Жаңартылатын энергия көздері жөніндегі инновациялық жобаларды жинақтауға арналған орталық және Орнықты даму проблемалары орталығын құру тұжырымдамасы;

бассейн қағидаты негізінде халықаралық қатысумен орнықты дамудың трансшекаралық аймағын құру тұжырымдамасы әзірленетін болады.

Қоршаған ортаға эмиссияларды төмендету үшін: эмиссияларға өңірлік квоталар енгізіледі;

ең үздік қолжетімді технологияларға кезең-кезеңімен көшуді қамтамасыз ететін жұмыстар жүргізіледі;

"ескірген лас" технологиялар мен жабдықтарды кіргізуге тиым салынады; экологиялық проблемаларды шешу үшін халықаралық ұйымдар мен донор елдерді тарта отырып ел аумағындағы тарихи ластануларды түгендеу жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғат ресурстарын қайта өндіру және ұтымды пайдалануды сақтау үшін басқарушылық және шаруашылық шешімдерді қабылдауды ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында 2008 жылы гидрометеорологиялық қызмет жүйесін реформалап және жаңғырта отырып, қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру жалғастырылатын болады.

Энергия үнемдеуді, гидроэнергетикалық ресурстарды, күн және жел энергетикасы объектілерін және басқа да жаңартылатын ресурстар мен баламалы энергия көздерін ұтымды пайдалануды ынталандыру шаралары әзірленетін болады.

Дамыған және транзитті экономикалы елдердің нарықтық экономика институттарын дамыту саласындағы тәжірибелерді зерделеу жөнінде халықаралық ф о р у м д а р ө т к і з і л е д і .

"Қазақстан - орнықты даму" интернет-порталы әзірленеді және Қазақстан Республикасының орнықты дамуы жөніндегі "Ақ", кітабы баспаға дайындалатын б о л а д ы .

Мыналар бойынша ұсыныстар әзірленетін болады:
өндіріс объектілерінің өмірлік циклінің аяқталуы бойынша табиғи ландшафттарды қалпына келтірудің міндетті талаптарын заңнамалы бекіту;
энергия мен жаңартылатын ресурстарды тиімді пайдалану;
энергия және ресурс үнемдеу және жаңартылатын энергия көздерін қолдануда халықаралық тәжірибені таратуды ұйымдастыру;
орнықты даму индикаторларының ғылыми негізделген жүйесін әзірлеу;
орнықты даму проблемалары жөніндегі орталықты құру.

Шаруашылық қызметті жүзеге асыру процесінде өңірдің экологиялық сыйымдылығын айқындау үшін Каспий теңізінде кешенді мониторинг зерттеулер жү р г і з і л е д і .

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р :

2010 жылға қарай мына көрсеткіштерге қол жеткізу көзделеді:
атмосфераға меншікті жалпы шығарындылар ЖІӨ-нің миллион теңгесіне 0,1 т о н н а н ы қ ұ р а й д ы ;

қоршаған ортада орналастырылатын уытты қалдықтар көлемі ЖІӨ-нің миллион теңгесіне 25 т о н н а н ы қ ұ р а й д ы ;

негізгі су объектілері бойынша судың ластануының ең жоғары индексі 1,7 шартты б і р л і к т і қ ұ р а й д ы ;

тиісті бақылаулар жүргізілетін қалаларда атмосфераның ластануының орташа индексі 7,0 шартты бірлікті құрайды;

ресурстарды тиімді пайдалану орта есеппен барлық салалар мен өңірлер бойынша 0,4 шартты бірлікті құрайды.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама Еуропалық Кеңестің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі негізгі нұсқауларының талаптарына сай болады, қоршаған ортаның ластану деңгейі төмендейді және оның сапасын тұрақтандыру үшін жағдай жасалатын болады, бұл қоғамның экологиялық орнықты дамуының негізін құрайтын болады.

Орман және аңшылық шаруашылығы

Мақсаты - ормандарды күзету, қорғау және молықтыру саласындағы жағдайды тұрақтандыру, оларды ұтымды пайдалану және кейіннен орман шаруашылығын жүргізудің тиімділігін арттыру үшін әлеуетті еселей түсу, Қазақстан Республикасының мемлекеттік табиғи-қорық қорының аумағын ұлғайту, сондай-ақ Қазақстанның жабайы

түлікті жануарларының сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді сақтау және қорғау.

М і н д е т т е р :

ормандарды сақтау және республиканың орманды аумақтарын ұлғайту;
ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көлемін ұлғайту;

Қазақстанның жабайы түлікті жануарларының сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді қорғау және олардың танымалдығын қалпына келтіру;
орман және аңшылық шаруашылығын дамытудың нормативтік құқықтық базасын одан әрі жетілдіру.

2010 жылға дейінгі іс-шаралар:

Тамыр жүйесі жабық көшет материалын өсірудің жаңа технологияларын енгізу.

Жануарлар әлемін сақтау мен тиімді пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісін дамыту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру жалғасатын болады.

Аңшылық шаруашылығын толыққанды жүргізу үшін жүйеленген мемлекеттік есеп және жануарлардың жабайы түрлері ресурстарының кадастры жүргізіледі.

Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, табиғи-қорық қорының объектілерін пайдалануды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу.

2008 жылға арналған іс-шаралар:

тамыр жүйесі жабық көшет материалын өсірудің жаңа технологияларын енгізу;

орман тұқымбақтарын қалпына келтіру, көшет материалын өсіру көлемін ұлғайту;

ормандарды орман өрттерінен және заңсыз ағаш кесуден қорғау;

ормандарды молықтыру және орман өсіру көлемін ұлғайту;

қазіргі ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды кеңейту және жаңа ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру;

жаппай браконьерлікке жол бермейтіндей және олардың таралымдарының санын тұрақтандыратындай және қалпына келтіретіндей дәрежеде Қазақстанның жабайы тұяқты жануарларының сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерін қорғауды ұйымдастыру;

киіктер санын 10 % көбейту;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі шараларды күшейту бөлігінде нормативтік құқықтық актілер әзірлеу;

жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді қорғау, өсімін молайту және ұтымды пайдалану мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

2008 - 2010 жылдарға күтілетін нәтижелер:

Тамыр жүйесі жабық көшет материалын өсірудің жаңа технологиялары енгізіледі.

Ормандарды молықтыру көлемі 2008 жылы - 40 мың га, 2009 жылы - 42,5 мың га және 2010 жылы - 45 мың га дейін жеткізіледі.

Астана қаласының санитарлық-қорғаныштық жасыл аймағы 15 мың га, жыл сайын

5 мың га кеңейтілетін болады.

Республиканың табиғи-қорық қорының аумағы 1258,7 мың га ұлғаяды, мұның өзі мемлекеттің ландшафтық және биологиялық әралуандығын қорғауды, экологиялық туризмді дамытуды, қоршаған ортаның жай-күйін және халықтың денсаулығын жақсартуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Орман өрттерін байқау, жедел жою мақсатында және заңсыз ағаш кесумен күресте ормандарға авиациямен қызмет көрсету көлемін 5 129 мың га ұлғайту көзделуде.

Жабайы тұяқты жануарларының сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің саны тұрақтанып, таралымы қалпына келтірілетін болады.

Киіктер саны жыл сайын 10 % көбейіп отырады, оның ішінде: 2008 жылы - 61 мың бас; 2009 жылы - 68 мың бас; 2010 жылы - 75 мың бас болады.

Балық шаруашылығы

Мақсаты - табиғи су айдындарындағы су биоресурстарын сақтау, өсімін молайту және тиімді пайдалану есебінен балық шаруашылығы кешенінің тұрақты жұмыс атқаруы негізінде балық саласының бәсекеге қабілеттігін арттыру, тауарлық балық өсіруді дамытуда жағдайлар жасау.

М і н д е т т е р

балық шаруашылығын басқару жүйесін одан әрі жетілдіру;
балық ресурстарының өсімін молайту, бекіре өсіруді қоса алғандағы, тауарлық балық өсіруді дамыту және ұйымдастыру (аквакультура);

кәсіптік балық аулаудың тұрақты шикізат қорын қалыптастыру және саланың қазіргі өңдеу және қайта өңдеу базасын қалыптастыру;

балық шаруашылығын және балық ресурстарын қорғау, молықтыру, ұтымды әрі тиімді пайдалану саласындағы заңнаманы одан әрі реформалау.

2010 жылға дейінгі іс-шаралар:

1. Ихтиологиялық мониторинг өткізуде және су айдындарында, бас сағалық ғимараттарда балық шаруашылығына бақылау жасаудағы уәкілетті органдардың аумақтық органдарының ихтиологиялық қызметтерінің ролін арттыру және балық шаруашылығының бассейндік және облыстық басқармаларында ихтиологиялық зертханалар құру;

тиісті нормативтік құқықтық реттеу, сондай-ақ саланың мониторингін ұйымдастыру және институционалдық мүмкіндіктерді нығайту арқылы браконьерлікке және балық шаруашылығындағы құқық бұзушылықтардың басқа да нысандарына қарсы күрес жөніндегі шараларды күшейту;

балық шаруашылығын басқарудың біріктірілген ақпараттық жүйесін құру жолымен мониторинг, бақылау және қадағалау жүйесін жетілдіру.

2. Балықты отырғызу материалдарын жасанды өсіруге бағдарланған, уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы және балық питомнигі базасындағы инфрақұрылымдарды дамыта отырып, өсімін молайту кешенін жетілдіру және кейбір кәсіпорындарды

б ә с е к е л і

о р т а ғ а

б е р у ;

жыл сайын бекірілердің шабақтарын өсіру көлемін 12-15 миллион данаға жеткізу және оларды сағалық кеңістікке жіберу арқылы Атырау облысының бекіре зауыттарын қайта жаңарту және жетілдіру;

Орал-Каспий бассейнінде қазіргі заманғы үздік технологияларды пайдалана отырып, жаңа бекіре зауытын салу жөніндегі мәселелерді пысықтау;

3. Өңдеуші базаны, Каспий теңізіндегі майшабақтардың, шабақтардың және теңіз итбалығының теңіз кәсіпшілігін, тауарлық балық өсіруді және бекіре өсіруді дамытудың шараларын әзірлеу және мемлекеттік қолдау көрсету тетіктерін жасау;

Арал-Сырдария өңірінде балық шаруашылығын дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу ;

балық ресурстарының қазіргі қорын сақтау және ұтымды пайдалану және жасанды жолмен өсімін молайту жөніндегі іс-шараларды күшейту.

4. Қазақ өндірістік-жерсіндіру станциясының базасындағы құрылған балық шаруашылығының селекциялық-генетикалық орталығында сирек кездесетін және жойылып бара жатқан балық түрлерін сақтау және өсімін молайту биотехнологияларын ә з і р л е у ;

5. Тауарлық балық өсіруді құру және дамыту бойынша нормативтік құқықтық б а з а н ы ә з і р л е у ;

көл-тауарлы, тоған, балық ұстайтын және басқа да бейімделген шаруашылықтарды дамыту ү ш і н жа ғ д а й ж а с а у .

2008 жылға арналған іс-шаралар:

1. Бағалы балық түрлерін сақтау және дамыту үшін жағдайлар жасау, балық шаруашылығының су айдындарында бағалы балық түрлерінің кәсіпшілік қорын қ а л ы п т а с т ы р у м е н т о л ы қ т ы р у :

тиісті нормативтік құқықтық реттеу, сондай-ақ саланың мониторингін ұйымдастыру және институционалдық мүмкіндіктерді нығайту арқылы браконьерлікке және балық шаруашылығындағы құқық бұзушылықтардың басқа да нысандарына қарсы күрес жөніндегі ш а р а л а р д ы к ү ш е й т у ;

халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарында авиациялық қарауды ұйымдастыру.

2. Балық ресурстарының өсімін молайту;

балықты қайта өңдеу кәсіпорынын құру жөніндегі мәселелерді пысықтау; Атырау облысының Орал және Қиғаш өзендері атырауында мелиоративтік жұмыстар жүргізу және Алматы облысының Іле және Қаратал өзендері атырауында осы жұмысты жүргізу жөніндегі мәселелерді пысықтау;

Орал-Каспий бассейнінде қазіргі заманғы үздік технологияларды пайдалану арқылы бекіре өсіретін жаңа зауыт салу жөніндегі мәселелерді пысықтау.

3. Каспий маңындағы басқа мемлекеттермен бірігіп бекіре балықтардың және басқа

да су биоресурстарының жай-күйін бағалау жөнінде жыл сайын зерттеулер өткізуді
қ а м т а м а с ы з е т у .

4. Балық аулау туризмі, әуесқойлық және спорттық балық аулауды, тауарлық балық өсіруді дамыту және балық өнімін өндіру саласындағы қарым-қатынастарды реттеу жөніндегі қолданыстағы заңнамаға толықтырулар енгізу;

Каспий теңізі және басқа трансшекаралық су тоғандарының биологиялық ресурстарын бірлесіп игеру және қорғау жөніндегі мемлекетаралық келісімді әзірлеу жөнінде ұ сы ны с т а р е н г і з у .

Б о л ж а м д а л а т ы н н ә т и ж е л е р

2010 жылға қарай 100 индустриялық көлдік-тауарлық, тоғандық, бассейндік, судағы торлы және басқа да тауарлық балық өсіру шаруашылықтары құрылады.

Қайта құрылған тауарлық балық өсіру шаруашылықтары тауарлық балық аулауды 300 тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Балық өсіру және қайта өңдеу саласының инвестициялық тартымдылығы бойынша шаралар қабылданады, Атырау облысында бекіре өсіру зауытын жаңғырту жүргізіледі және қу а т ы ұ л ғ а й т ы л а т ы н б о л а д ы .

Балық жіберу мен оларды жерсіндіру схемасына сәйкес тауарлық балық шаруашылықтарын отырғызу материалдарымен қамтамасыз ету бойынша жағдай жасалатын болады.

Су шаруашылығы

Мақсаты - халықты қажетті көлемдегі және кепілдендірілген сападағы сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін су ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану.

М і н д е т т е р і :

1) Сумен қамтамасыз етудің қазіргі жүйелерін қалпына келтіру мен жетілдіру және жаңаларды игеру, сондай-ақ баламалы көздерді және сумен қамтамасыз ету н ұ с қ а л а р ы н д а м ы т у .

2) Ауыз суды тиімді пайдалану, тұтынылатын судың сапасын және су объектілерінің экологиялық жай-күйін жақсарту.

3) Су қорын пайдалануды және қорғауды басқару жүйесін жетілдіру.

2010 жылға дейінгі іс-шаралар:

Қазақстан Республикасы экономикасының су секторын дамытудың және су шаруашылығы саясатының 2010 жылға дейінгі тұжырымдамасының шеңберінде 2008-2010 жылдары елдің су ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану, әлеуметтік-экономикалық даму қажеттілігінің теңгерімін және судың нормативтік сапасының талаптары деңгейінде су ресурстарын молықтыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылады.

Халықты қажетті көлемдегі және кепілдендірілген сападағы сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін "Ауыз су" салалық бағдарлама іске асыру жалғасады.

Суды пайдалануды тұрақты қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау үшін

оның ішінде кіріктірілген басқару қағидаттарын енгізу жолымен су ресурстарын сақтау және тиімді пайдалану жөніндегі шаралар кешенін қабылдау жоспарланып отыр.

Су объектілері жай-күйінің есебіне және оларды су пайдаланушылардың пайдалану ерекшеліктеріне негізделген өңірлік су шаруашылығының саясаты жүзеге асырылатын болады.

2008 жылдарға арналған іс-шаралар:

ауылдық елді мекендердегі су алу ғимараттары мен оқшауланған су құбырлары желілерінің, сондай-ақ топтық су құбырлардың жұмыстық жай-күйін қолдау үшін қайта жаңғырту жүргізу;

сумен қамтамасыз етуді баламалы көздерге ауыстыру жолымен мейлінше ұсақ топтық жүйелерді құру мақсатында сегменттеу;

қала және кент тұрғындарын орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету үшін сумен жабдықтаудың жаңа жүйелерін салу;

Астана қаласында Еуразиялық су орталығын құру;

республикаға су жинақтайтын технологияларды, суды пайдаланудың айналмалы және тұйық жүйелерін енгізу, сондай-ақ су шаруашылығы жүйелерін есептеу мен реттеуді қазіргі құралдарымен жарақтандыру жөнінде техникалық-экономикалық негіздемелер әзірлеу;

минералды жер асты суларын жергілікті жерлерге тарата отырып, өңірлерге сумен жабдықтау жүйелеріне су тұщытатын қондырғылар енгізу, сондай-ақ судағы фтор, темір, марганецтың және басқа зиянды компоненттердің белгілі шоғырландыру шегіне дейін шоғырлануын төмендету бойынша, сондай-ақ суды залалсыздандыру бойынша жаңа технологияларды қолдану;

су объектілері - ауыз сумен қамтамасыз ету көздерінде су қорғау аймақтарын орнату жөніндегі жұмыстар жалғасады;

ауыз су қажеттіліктері үшін пайдаланылатын су қоймаларының санитарлық-қорғау су қорғау аймақтарындағы орман екпелерін қайта жаңғырту және жаңа орман екпелерін құру;

су пайдаланушылардың қаражаты есебінен су шаруашылығы объектілерін ұстау және жөндеу жөніндегі шығындарды өзін-өзі өтеушілікке кезең-кезеңімен көшіре отырып, су пайдаланушыларға су беру жөніндегі қызмет көрсетулер үшін баға белгілеуді жетілдіру бойынша жағдайлар жасау, бұл ретте, халыққа ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялаудың жаңа тетігі енгізілетін болады.

Күтілетін нәтижелер:

Сумен жабдықтаудың 650 объектісі салынады және қайта жаңартылады, қазіргі су шаруашылығы объектілерінің жұмыстары қайта ұйымдастырылады, су шаруашылығының ресурсты және нормативті құқықтық қамтамасыз етілуі жүзеге асырылады.

Халыққа ауыз су беру қызметтері нарығын дамыту жөніндегі іс-шараларды іске

асыру жалғасатын болады, бұл:
сумен жабдықтаудың жаңа жүйесін құруға;
халықтың сапалы ауыз суға қол жетімдігін ұлғайтуға;
ауыз су сапасының санитарлық ережелерінің талаптары мен стандарт нормаларының толық сақталуын қамтамасыз ету жолымен су көздерінің және сумен жабдықтау жүйелерінің сенімділігін арттыруға;
ауыз су сапасындағы жергілікті жер асты суларын барынша пайдалануға;
жергілікті көздердің суларын ауыз су мақсатында орталықтандырылмаған пайдалануды болдырмауға;
сумен қамту көздеріндегі теріс экологиялық әсер ету мүмкіндіктерін жоюға;
жекелеген өңірлер мен өзендердің бассейндері бойынша ауыз су сапасына мониторингтің жедел жүйелерін құруға;
құрылыста, ауыз суды тазалау жүйелерінде, сондай-ақ кейбір жағдайларда сумен жабдықтау көздерін баламаға ауыстыруда жаңа технологияларды пайдалану жолымен жеткізілетін судың бір кубометрінің құнын төмендету.

3.3. 3-басымдық. Инфрақұрылымның дамуы

3.3.1. 1-шара. Көлікті дамыту

Мақсаты - экономика мен халықтың мұқтаждықтарын қамтамасыз ететін ұлттық көлік-коммуникация инфрақұрылымдарын тиімді қалыптастыру және Қазақстанның көлік жүйесін әлемдік көлік жүйесіне ықпалдастыру.

М і н д е т т е р і :

Автожолдар саласында:

халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының басымды учаскелерінің және тиісті инженерлік ғимараттардың, сондай-ақ жергілікті маңызы бар жолдар учаскелерінің техникалық жай күйін қозғалыс қарқындылығының перспективалық өсуін ескере отырып, нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келтіру ;

жол маңындағы инфрақұрылымдарды дамыту.

Автомобиль көлігі саласында:

автокөлік қызметі нарығын сапалы және сандық қатынастарда жетілдіру, жүк ағынын ұлғайту және отандық, тасымалдаушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Темір жол көлігі саласында:

экономика мен халықтың жүк және жолаушылар тасымалына мұқтаждықтарын тасымалдаудың әлемдік сапасы мен қауіпсіздік стандарттарына сәйкес қамтамасыз ету.

Азаматтық авиация саласында:

әуе тасымалдары нарығын кеңейту және әуе қозғалысын ұйымдастыру жүйесінің жаңа тұжырымдамасын енгізуге дайындық жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;

әуе қозғалысын басқару жөніндегі өндірістік қуаттар мен жердегі инфрақұрылым объектілерін жаңғырту, сондай-ақ әуе кемелерінің паркін жаңарту.

Су көлігі саласында:

қазіргі заманғы жоғары технологиялық теңіз көлігін, порттық және сервистік инфрақұрылымдар, теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін кемелердің қозғалысы мен теңіздегі құтқару операцияларын басқару жүйелерін құру; мемлекеттік техникалық өзен флотының кемелерін кезең-кезеңімен алмастыру және жаңғырту, сондай-ақ имараттарды қайта жаңалау мен жаңғыртуға және Бұқтырма және Өскемен суда жүру шлюздарын жарақтандыру.

Транзиттік әлеует саласында:

қолайлы, сенімді және қолжетімді транзиттік көлік магистралдары мен байланыстырушы бағыттарда Шығыс пен Батыс арасындағы өсіп келе жатқан сауда байланыстарын қамтамасыз ету.

көлік инфрақұрылымын дамыту деңгейін, көлік қызметінің сыртқы нарығындағы отандық тасымалдаушының бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолымен Қазақстанның көлік жүйесін еуразия көлік жүйесіне ықпалдастыру;

сыртқы және ішкі факторларды тиімді пайдалануды және транзиттің жай-күйін арттыру.

2008-2010 жылдарға жоспарланған шаралар мен іс-шаралар:

Орта мерзімді жоспарда темір жол көлігінде - 7, автожолдар саласындағы - 5, азаматтық авиация - 2, су көлігі саласындағы - 2 жобаны, яғни, 16 көлік жобаларын іске асыруды жалғастыру жоспарланып отыр.

Келешекте Еуропа елдеріне шығатын Ляньюньган шығыс қытай портынан ресейлік Санкт-Петербургқа дейін орналасатын "Батыс-Оңтүстік" жаңа көлік дәлізін ұйымдастыруға басты назар аударылатын болады.

Қазақстан құрлықшілік мемлекет болып табылады және осыған байланысты жүк ағындарын сапалы басқару ерекше маңызға ие. Елдің транзиттік-көлік әлеуетін тиімді пайдалану үшін қазіргі заманғы көлік-логистика орталықтарын құру жоспарланып отыр. Көлік-логистика орталықтарын құру жүк ағындарын қалыптастырудың бірнеше нүктелерінде жоспарланып отыр: Астана, Алматы, Ақтау қалаларында, Достық және Қорғас станцияларында, Бақты және Тасқала - Озинки өтпелерінде.

Халықаралық техникалық және экологиялық стандарттарды кезең-кезеңімен енгізе отырып, ұлттық стандарттарды үйлестіру жоспарланып отыр.

Көліктегі жұмыс пен қызмет нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру жөніндегі бағыттарда қолданыстағы нормативтік құқықтық база халықаралық стандарттармен үйлестірілетін болады, сондай-ақ поездардағы жолаушыларға қызмет көрсетуге талаптар мен жылжымалы құрамның техникалық жай-күйіне әсер ететін темір жол көлігі саласындағы стандарттарды әзірлеу жалғасады. 2007 жылы шамамен 100 стандарт әзірлеу жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 сәуірдегі N 86 Жарлығымен бекітілген 2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының Көлік стратегиясын (бұдан

әрі - Көлік стратегиясы) іске асыру Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму мүдделерінде көлік мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруіне ықпал етеді.

Автожолдар және автомобиль көлігі саласында:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1227 қаулысымен бекітілген автожол саласын дамытудың 2006-2012 жылдарға дейінгі бағдарламасын іске асыру шеңберінде жалпы ұзақтығы 6366 км автомобиль жолдарының 6 халықаралық транзиттік дәліздерін қайта жаңғыртуды жалғастыру жоспарланып отыр. Олар: Самара - Орал - Ақтөбе - Қызылорда - Шымкент - 1527 км, Астрахань - Атырау - Ақтау - Түркіменстан шекарасы - 1387 км, Омбы - Павлодар - Майқапшағай - 1094 км, Ташкент -Шымкент - Тараз - Алматы - Қорғас - 945 км, Алматы - Қарағанды - Астана -Петропавл - Ресей Федерациясының шекарасы - 548 км, Таскескен - Бақты - ҚХР шекарасы (187 км) және Шонжы - Колжат - Қытай Халық Республикасының шекарасы (110 км).

Ішкі және келушілер туризмін және кластерлік бастамаларды дамыту бағдарламасына енгізілген республикалық және Азия және Еуропа тас жолдарының құрамдас бөлігі болып табылатын халықаралық маңызы бар автожолдарды қайта жаңарту көзделіп отыр. Бұл автожолдар: Алматы -Өскемен, Үшарал - Достық, Жезқазған - Петропавл - Ресей Федерациясының шекарасы, Қызылорда - Павлодар - Ресей Федерациясының шекарасы, Бейнеу - Ақжігіт - Өзбекістан шекарасы.

Бұдан басқа, Алматы - Ыстықкөл (62 км) автожолдарын қайта жаңғыртуды концессиялық негізде іске асыру жоспарланып отыр.

Орта мерзімді перспективада автомобиль көлігі саласында алға қойылған мақсаттарға жету үшін мынадай жұмыстарды жүргізу жоспарланып отыр:

жылжымалы құрам паркін жаңарту мен жаңғыртуды ынталандыру, оның оңтайлы құрылымына қол жеткізу;

автомобильдердің газдарынан шығатын зиянды заттардың қалдықтарына экологиялық талаптарды арттыру;

тұрақты бағыттардағы автобустардың қозғалысын диспетчерлік сүйемелдеудің қазіргі заманғы жүйесін енгізу;

автотасымалдаудың басқарылуын қамтамасыз етудің ақпараттық жүйесінің қазіргі заманғы технологияларын енгізу;

нормативтік-құқықтық базаны халықаралық стандарттармен үйлестіру;

ұлттық тасымалдаушылардың мүдделерін ескере отырып, Орталық азия мен Закавказья елдерімен автотасымалдау бойынша екі жақты үкіметаралық келісімдердің шарттарын қару.

Темір жол көлігі саласында:

Қазақстан Республикасындағы темір жол көлігі саласын реформалау мен дамыту

жөніндегі кешенді шаралар әзірленуде.

бәсекелі ортаны қалыптастыра, көлік қызмет нарығын ырықтандыра және қолайлы инвестициялық және техникалық дамуға жағдай жасай отырып, тарифтік саясат жетілдірілетін болады.

Жолаушылар тасымалына мұқтаждықтарды қамтамасыз ету үшін: қамсыздандырылуы төмен деңгейлі халық үшін әлеуметтік мәні бар жолаушылар теміржол тасымалының қолжетімділігін сақтау және жолаушылар тасымалын жүк тасымалының есебінен соғыспалы субсидиялауды тоқтату; жолаушылар тасымалынан түсетін кірісті арттыру және шығыстарды оңтайландыру ;

жылжымалы құрамды жаңарту және жаңғырту есебінен жолаушылар тасымалы инфрақұрылымын жаңғырту және дамыту;

жолаушыларды темір жол көлігімен тасымалдау жөніндегі қызмет нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру көзделеді.

Азаматтық авиация саласында:

азаматтық авиация субъектілеріне қойылатын сертификаттық және экономикалық талаптарды жетілдіру ;

авиация нарығын реттеудің жүйелі шараларын қолдану; әуе кемелері, оның ішінде жеңіл авиация паркін жаңарту;

Алматы, Астана, Атырау тораптық әуежайларын және Қазақстанның өнеркәсіптік және дамушы өңірлерінде орналасқан (Ақтөбе, Ақтау, Қостанай, Орал, Шымкент, Петропавл, Павлодар, Өскемен, Қызылорда, Талдықорған) әуежайларды қайта жаңартуды аяқтау ;

аэронавигациялық жүйені CNS/ATM тұжырымдамасын енгізуге дайындау; нормативтік-техникалық актілерді ИКАО халықаралық стандарттарына сәйкес келтіру ;

ірі шетелдік компаниялармен бәсекеге қабілетті белгіленген авиатасымалдаулардың түбегейлі қалыптасуы ;

шағын авиацияны дамыту болып табылады.

Су көлігі саласында:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 қыркүйектегі N 916 қаулысымен бекітілген Саланы дамыту Қазақстан Республикасының теңіз көлігін дамытудың 2006-2012 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Теңіз көлігін дамыту бағдарламасы) мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 қыркүйекте N 917 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының кеме қатынасын дамытудың және ішкі су жолдарында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2007-2012 жылдарға арналған бағдарламасына (бұдан әрі - Кеме қатынасын дамыту бағдарламасы) сәйкес жүргізілетін болады.

Теңіз көлігін дамыту бағдарламасын іске асыру шеңберінде қазіргі заманғы жоғары

технологиялық теңіз көлігін, порттық және сервистік инфрақұрылымдар, теңізде жүзу теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін осы заманғы жоғары технологиялық теңіз көлігін, айлақтық сервистік инфрақұрылымды құру, кемелер қозғалысын және теңізде құтқару операцияларын басқару жүйелерін құру көзделеді.

Кеме шаруашылығын дамыту бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік өзен флоты кемелерін кезең кезеңімен ауыстыру және жаңғырту, сондай-ақ Бұқтарма және Өскемен су кемелері шлюздерін қайта жаңалау және жаңғырту көзделуде. Ішкі су жолдарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатымен су жолдарын кеме жүретін жағдайда ұстау және гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді) ұстау бойынша кешенді жұмыстар жоспарланып отыр.

Транзиттік әлеует саласында:

Транзиттік әлеуетті дамыту Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы сәуірдегі Жарлығымен бекітілген Қазақстанның көлік стратегиясын іске асыруға, сондай-ақ Қазақстан арқылы өтетін халықаралық магистральдар желілерін дамыту тұжырымдамасына негізделетін болады. Бұл ретте үш басым бағытқа ерекше назар аударылатын болады:

Ресей, Еуропа және Балтық елдері;

Қытай, Жапония және Оңтүстік Шығыс Азия елдері;

Орталық Азия және Закавказье, Парсы шығанағы елдері және Түркия.

Көрсетілген бағыттың әрқайсысында жер үсті және су магистралдарының кешенін қамтитын қалыптасқан халықаралық көлік дәліздері бар.

Бұдан басқа, халықаралық көлік дәліздерінде орналасқан екі тораптың дамуын одан әрі жалғастыру жоспарланады: шығыста Достық өткелі және еліміздің батысында

Ақтау порты.

Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін халықаралық ұйымдар шеңберінде де жұмыстар жалғасатын болады.

Бұнымен қоса, транзиттік әлеуетті дамыту бойынша қойылған мақсаттарды шешу үшін:

олардың техникалық және сервистік деңгейін, жол маңы сервисі объектілерін дамытуды қоса алғанда, әлемдік стандарттар деңгейіне жеткізу жолымен транзиттік көліктік дәліздердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

транзиттік жүктердің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы басымдықпен, кедергісіз және қауіпсіз жүруін қамтамасыз ету;

халықаралық және транзиттік тасымалдауға барынша сапалы қызмет көрсету үшін Қазақстан өңірлерінің көлік желілерінде өңірлік көліктік-логистикалық орталықтар және терминалдық кешендер құру жоспарланып отыр.

Күтілетін нәтижелер:

Автожол көлігі және теміржол көлігі саласында:

2008-2010 жылдары жоспарланып отырған іс-шараларды жүргізудің нәтижесінде

жыл сайын 4917 км автомобиль жолын жақсы, 14871 км жолды қанағаттанарлық жағдайда қамтамасыз ету көзделуде.

2010 жылы халықаралық автокөлік қызметін көрсетуде қазақстандық тасымалдаушылардың үлесі шамамен 60 % құрайды, ал транзиттік жүк ағынының өсімі шамамен 500 мың тоннаны құрайды.

Теміржол тарифін құрамдауыштарға тарифтерді есептеу әдістемесі әзірленетін болады: локомотив тартымына, жүк және коммерциялық жұмыстарға және вагондар мен контейнерлерді пайдалануға беру бойынша, тасымалдау үдерісіне қатысушылардың қызмет көрсету тарифін құрайтын бірыңғай өлшеміне келтіру тәртібі. Сонымен бірге, магистральді теміржол желісі қызметінің өзіндік құнын есептеу әдістемесіне өзгерістер болады.

Экономикалық негізделген бағаларды (тарифтерді) бекіту мақсатымен табиғи монополиялар туралы заңнамаларға сәйкес магистральді темір жол желісі бойынша реттелетін қызметтер бойынша кірістерді, шығыстарды және іске қосылған активтердің жеке есебін жүргізу әдістемесі әзірленетін болады.

Азаматтық авиация саласында:

2008-2010 жылдары Қазақстанның әуежайларында жолаушылар ағынын өсуі кемінде 10%-ды, жүк ағыны кемінде 4% құрайды.

2008-2010 жылдары әлемдік стандарттар талаптарына сәйкес келетін әуе кемелерінің паркі орта есеппен жылына 5 бірлікке өсіп отырады. Еліміздің транзиттік әлеуетін барынша пайдалану мақсатымен 2010 жылға қарай әлемдік стандарттардың талабына сәйкес келетін халықаралық әуежайлардың санын сегіз бірлікке дейін өсіру жоспарланып отыр.

Су көлігі саласында

Жоспарланып отырған іс-шараларды табысты іске асыру 2010 жылы мыналарды қамтамасыз етеді:

Ақтау портының қуатын 20 млн. тонна мұнай құюға және 3 млн. тонна құрғақ жүкке ұлғайту;

25 бірлік санында теңіз операцияларын қолдау флотын құру; техникалық флоттың 67 кемесін жаңалау және жаңғырту.

Жоспарлы іс-шараларды іске асыру тұтастай алғанда:

көлік жүйесі қызметінің сапалы жаңа деңгейіне көшуді жүзеге асыруға; қазақстандық тауарлардың түпкілікті құнын төмендетуге және олардың әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыруға;

логистиканы және жаңғыртуды дамыту жолымен жүктерді жеткізу мерзімін қысқартуға;

көлік артерияларының бойында тұратын халықтың деңгейі мен өмір сапасын арттыруға;

Қазақстан аумағы арқылы транзит көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

3.3.2. 2-шара. Құбыр желісі көлігін дамыту

Көлік мүмкіндіктерін көбейту мемлекет үшін стратегиялық тиімділікті қамтамасыз ету бойынша негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Қолданыстағы тасымалдау маршруттарын, сондай-ақ стратегиялық маңызды бағыттарды, әсіресе, жаңа нарықтарды игеру бөлігіндегі және көлік бағыттарын әртараптандыруды білдіретін маршруттарды қолдау мен дамытуға жұмыс жүргізілуде.

Жаңа мұнай құбырларын салу, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған құбыр жүйелерін қайта жаңғырту бойынша бірнеше жобалар іске асырылды.

Каспий құбыр консорциумы мұнай құбыры (бұдан әрі - КҚК)

КҚК жобасының өзекті мәселелерінің бірі мұнай құбырының өткізу қабілетін жылына жобалық деңгейін 67 миллион тоннаға дейін, соның ішінде қазақстан мұнайын жылына 50 миллион тоннаға дейін кеңейту болып табылады.

"Қазақстан - Қытай" мұнай құбыры

Жобаның мақсаты Қазақстан мен Ресей мұнайын Қытайға жеткізуді ұйымдастыру.

М і н д е т т е р і :

Атырау-Алашанькоу мұнай құбырын пайдалану кезіндегі ынтымақтастықтың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы келісімге қол қою;

Атырау-Алашанькоу мұнай құбырының қалған объектілерінің құрылысын аяқтау және объектілердің барлық кешенін өндірістік пайдалануға қабылдау.

Қазақстан-Қытай мұнай құбырының екінші кезеңі құрылысының жобасы бойынша:

Қазақстан-Қытай мұнай құбырының екінші кезеңі құрылысының инвестициялық жобасының негіздемелерін әзірлеуді аяқтау;

Кеңқияқ-Құмкөл мұнай құбыры құрылысының жобасы бойынша жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеуге кірісу қажет.

"Атырау-Самара" мұнай құбыры

"Атырау-Самара" мұнай құбыры ТМД елдерінің мұнай құбырлары жүйесі арқылы Қара және Балтық теңіздерінің терминалдарына, сондай-ақ Еуропа елдерінің нарықтарына қазақстан мұнайын жеткізуге арналған негізгі экспорттық мұнай құбырларының бірі болып табылады.

Мұнай құбыры жұмысының сенімділігін қолдау мақсатында құбырларды кезең-кезеңімен ауыстыру жүргізілетін болады.

Кеңқияқ - Атырау мұнай құбыры

Ақтөбе кен орындары мұнайын Атырау-Самара және КҚК экспорттық мұнай құбырларына жеткізуді қамтамасыз ету үшін бастапқы өткізу қабілеті жылына 6 млн. тонна болатын Кеңқияқ-Атырау мұнай құбыры пайдалануға берілді.

"Солтүстік Бозашы" мұнай құбыры - "Қаражанбас" МӨЗ

МҚС "ҚазТрансОйл" АҚ Солтүстік Бозашы кенорнына арналған магистральды мұнай құбырлары жүйесіне тікелей шығуды, сондай-ақ өндірістік қуаттардың

жүктемесін көтеруді қамтамасыз ету үшін 2006 жылы»"Солтүстік Бозашы - Қаражанбас МҚС" мұнай құбыры пайдалануға берілді.

Бұл мұнай құбырының ұзындығы 25 км, өткізу қабілеті жылына 3,5 млн. тоннаны қ ұ р а й д ы .

Таяу болашақта Қазақстан-Қытай мұнай құбыры құрылысының II кезеңін іске асыру жөніндегі жұмыстарды жалғастырумен қатар Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай өндіруді мұнай тасымалдау бағыттарын әртараптандыру бойынша болжамды ұлғайтумен байланысты жаңа жобаларды іске асыру көзделуде.

Кеңқияқ-Құмкөл учаскесінің құрылысын зерделеу, Құмкөл-Қарақойын-Атасу учаскесіндегі жұмыс істеп тұрған қуаттарды жаңғырту, Кеңқияқ-Атырау мұнай құбырын реверстік бағытта жұмыс істеу үшін қайта жаңғырту, Атырау-Алашанькоу мұнай құбырының қуатын жылына 20 млн. тоннаға дейін арттыру бойынша жұмыстар ж ү р г і з і л у д е .

Кеңқияқ-Құмкөл жобасын іске асыру Қазақстанның Батыс және Ақтөбе өңірлерінің, сондай-ақ елдің шығыс өңіріне, сондай-ақ Қытай Халық Республикасы тұтынушыларына Каспий теңізінің қазақстандық секторы өндірушілерінің мұнайын тасымалдауға арналған Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбырларының оқшауланған жүйелерін біріктіруге мүмкіндік береді.

"Қазақстандық Каспий тасымалдау жүйесі" мұнай құбыры

Қазақстандық Каспий тасымалдау жүйесі қазақстан мұнайын Ескене-Құрық мұнай құбыры арқылы, сонан соң Баку - Тбилиси - Жейхан жүйесіне ауыстырып Құрық портынан Бакуге дейін Каспий теңізі арқылы танкерлермен тасымалдауды көздейді.

2006 жылғы 16 маусымда Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасында Баку - Тбилиси - Жейхан жүйесі арқылы халықаралық нарықтарға Каспий теңізі мен Әзірбайжан Республикасының аумағы арқылы Қазақстан Республикасынан мұнай тасымалдауды қолдау және жәрдемдесу жөніндегі Шартқа қол қойылды.

Осы жобаны іске асыру шеңберінде Ескене - Құрық мұнай құбырын салу, Құрық портында сұйыққойма паркі бар мұнай тасымалдайтын терминал, сондай-ақ көп тонналық танкерлер жасау көзделуде.

Жаңа көлік жүйесі қазақстан мұнайын бастапқы кезеңде жыл сайын 25 млн. тонна тасымалдауды қамтамасыз ететіні, кейін оны жылына 38/60 млн тоннаға дейін ұлғайту к ө з д е л у д е .

Қазіргі кезде»"Қазақстандық Каспий тасымалдау жүйесі" жобасының бизнес құрылымы мен ынтымақтастықтың негізгі принциптері бойынша "ҚазМұнайГаз" АҚ, Шеврон және Солтүстік Каспий мердігерлері арасында келіссөздер жүргізілуде.

"Қазақстан - Түркіменстан - Иран" мұнай құбыры

Жоба бойынша жұмыс жоспары 2002 жылғы 1 қарашада "ҚазМұнайГаз" АҚ, TOTAL, JNOC, IMPREX "Қазақстан - Түркіменстан - Иран" құбыр жобасы бойынша бірлесіп зерттеу туралы Келісімге сәйкес жүзеге асырылатын болады.

2006 жылғы 20 қыркүйекте Қазақстан-Түркіменстан-Иран мұнай құбырының жобасы бойынша Үйлестіру комитетінің кезекті отырысы болды, онда Иранның мұнай өңдеу зауыттарында мұнайды өңдеу, теңізбен тасымалдау, Қазақстан мен Иран арасындағы SWAP операциялары бойынша зерттеулердің алғашқы нәтижелері қаралды.

Бірлескен зерттеулер аяқталғаннан кейін нәтижелері экспорттық мұнай құбырларының мәселелері бойынша ведомствоаралық комиссияның қарауына жіберілетін болады, бұдан кейін егжей-тегжейлі техникалық экономикалық негіздеме жүргізу тұрғысынан алғанда жоба бойынша шешім қабылдау көзделуде.

Қазақстандық жұмыс тобы Қазақстан-Түркіменстан-Иран мұнай құбырын салу жобасын алдын ала зерттеу бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

Жаңа кенорындарды игерумен бірге тауарлық газды шығару мен өндіру көлемі арттырылуда, бұл өз кезегінде, газдың экспорттық әлеуетін арттыруға және ішкі нарықты молықтыруға әкелетін болады.

Қазақстан үшін Шығыс және Солтүстік-Батыс Еуропа, Жерорта теңізі, Қытай көмірсутектерді өткізудің перспективалы нарықтары болып табылады. Барлық осы бағыттарға толық ауқымды серпіліс дамыған және серпінді құбыржол саласынсыз тіпті мүмкін емес. Қазақстан өзінің тәуелсіздік кезеңінде құбыр көлігі мен оның инфрақұрылымын белсенді дамытуда. Онсыз мұнай-газ саласы көмірсутек өндіруді кеңестік кезеңмен салыстырғанда екі еседен астам арттыра алмас еді.

Республиканың газ көлік саласы үшін магистральді газ құбырлары жүйесін, Ресейге, Украинаға, Кавказ мемлекеттері мен Еуропаға қазақстан мен орта азияның газын экспорттық жеткізуге қызмет ететін Орта Азия - Орталық магистральді газ құбырын қайта құру мен жаңғырту жобасы барынша өзекті болып табылады.

2008 жылға қарай магистральді газ көлік жүйелерімен табиғи газды тасымалдау көлемін жылына 130 млрд. текше метрге дейін, газдың халықаралық транзитінің көлемін жылына 116,6 миллиард текше метрге дейін жеткізу, соның ішінде Орта Азия - Орталық магистральді газ құбырының өткізу қабілетін жылына 60 млрд. текше метрге дейін арттыру жоспарланып отыр.

Елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сыртқы жеткізілімдерге және батыс өңірлерден оңтүстік өңірлерге газды кедергісіз беруге байланысты азайту мақсатында жалпы ұзындығы 1650 км және өткізу қабілеті жылына 10 миллиард текше метр "Бейнеу КС- Бозой КС, Шалқар КС -Самсоновка (Ақбұлақ) КС" магистральді газ құбырын салу мәселесі қаралуда. "ҚазТрансГаз" АҚ 2007 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отырған Инвестициялардың негіздемелерін әзірлеп жатыр.

3.3.3. 3-шара. Телекоммуникация саласын және почта байланысын дамыту

2008-2010 жылдары телекоммуникация саласының дамуының негізгі мақсаты телекоммуникацияның бәсекелестік нарығының серпінді дамуына жағдай туғызу және халықты сапалы және қолжетімді байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету болып

т а б ы л а д ы .

М і н д е т т е р і :

бәсекелестіктің дамуы және мемлекеттік реттеу тетігін жетілдірумен телекоммуникация саласының бәсекелестік қабілетін көтеру.

телекоммуникациялық инфрақұрылымдарды, оның ішінде ауылдық жерлерде, д а м ы т у .

интернет қызметтерінің дамуына және қолжетімділігіне жағдай жасау.

Жоспарланып отырған іс-шаралар:

Телекоммуникация саласын ырықтандыру және телекоммуникация желілерін дамыту бойынша іс-шаралар жалғастырылатын болады.

ұлттық ақпараттық супермагистраль құрылысын аяқтау жоспарланып отыр, сондай-ақ жергілікті телекоммуникация желісін, ұялы байланыс, деректер беру желісін және Интернет қызметін дамыту және жаңарту жалғастырылатын болады.

Ауылдық байланыс желісін дамытуға және жаңартуға бағытталған ауылдық байланыс залалдарын субсидиялаудың қолданыстағы тәртібіне өзгерістер енгізілетін б о л а д ы .

"KAZSAT-1" байланыс және хабар тарату спутнигінің сыйымдылығын толтыру бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады, сондай-ақ "KAZSAT-2" спутнигін жасау жөніндегі іс-шаралар жүргізілді.

Байланыс нарығына және қызметтің өзіндік құнына егжей-тегжейлі талдау жүргізілетін болады және телекоммуникация саласын ырықтандыру мен телекоммуникация қызметтеріне тарифтерді қайта теңгерімдеу бойынша іс-шаралар жоспары әзірленді, тіркелген және ұтқыр байланыс, сондай-ақ Интернет-қызмет қызметі рыноктарын "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының шектен тыс монополиялауы ж о й ы л д ы .

Ұтқыр байланыс нарығында бәсекелестікті дамыту мақсатында 1800 МГц аумағында радиожілікті пайдалану бойынша іс-шаралар жүргізілетін болады.

Жергілікті тіркелген байланыс және Интернет-қызмет нарығында бәсекелестік, сондай-ақ осы қызмет түрлеріне тарифтердің төмендеуі басым байланыс операторларының, жергілікті баламалы байланыс операторларының және Интернет провайдерлерінің абоненттік желілеріне регламенттелген тең құқылы қолжетімділік арқылы қамтамасыз етілетін болады.

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р :

2 0 0 8 ж ы л ы :

тіркелген телефон желісінің тығыздығы елдің 100 тұрғынына шаққанда 23 құрайды;

ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы - елдің 100 тұрғынына шаққанда - 60;

жергілікті телекоммуникация желісін цифрландыру деңгейі - 90%;

Интернет пайдаланушылар тығыздығы - елдің 100 тұрғынына шаққанда 10;

2 0 0 9 ж ы л ы :

тіркелген телефон желісінің тығыздығы елдің 100 тұрғынына шаққанда 24 құрайды;

ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы - елдің 100 тұрғынына шаққанда 95;

жергілікті телекоммуникация желісін цифрландыру деңгейі - 95%;

Интернет пайдаланушылар тығыздығы - елдің 100 тұрғынына шаққанда 13;

2 0 1 0 ж ы л ы :

тіркелген телефон желісінің тығыздығы елдің 100 тұрғынына шаққанда 27 құрайды;

ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы - елдің 100 тұрғынына шаққанда 100;

жергілікті телекоммуникация желісін цифрландыру деңгейі - 98%;

Интернет пайдаланушылар тығыздығы - елдің 100 тұрғынына шаққанда 15;

Осының нәтижесінде ақпараттық қоғамның технологиялық негізі ретіндегі тиімді және дамыған телекоммуникациялық инфрақұрылымның экономикалық дамуына мүмкіндік беретін телекоммуникация қызметі нарығының оңтайлы құрылымы ж а с а л а т ы н б о л а д ы .

Почта байланысы саласында, почта қызметтері нарығында бар үрдістерді ескере отырып баламалы операторлардың пайда болуына, ең алдымен жергілікті почта желілерінде почта саласының инвестициялық тартымды секторға айналуына мүмкіндік б е р е т і н ж а ғ д а й ж а с а у қ а ж е т .

Халықты және экономиканың субъектілерін ұсынылатын почта және жинақтау қызметтерінің барлық түрлерімен толық қамтамасыз ету, бірқатар қызметтерге оның ішінде, баспа басылымдарын таратуға тарифтерді азайту және бәсекелестікті дамыту мақсатында 2008-2010 жылдары әлеуетті бәсекелестік қызмет секторының бөлінуін және жергілікті почта желісі операторларының пайда болуы қарастырылған почта қызметі нарығын қайта құрылымдау жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте халыққа тұрған аумағына қарамастан белгіленген сапада қызмет ұсыну кепілдендірілетін, халыққа әмбебап почта қызметін көрсету мәртебесі реттелетін болады.

Сонымен бірге Ұлттық почта операторының магистралдық почта желісінің және инфрақұрылымының одан әрі дамуы мен жаңаруы жалғастырылады, ол үшін Ұлттық почта операторының мына міндеттерді шешуі қажет:

"Қазпочта" АҚ материалдық-техникалық базасын жетілдіру және осы заманғы т е х н о л о г и я л а р д ы е н г і з у ;

почта-жинақтау қызметтерін ұсыну сапасын көтеру;

осы заманғы банк өнімін және Интернет-бағытталған қызметтерді енгізу үшін көрсетілетін қызметтер аясын кеңейту және технологиялық базасын құру;

почта-жинақтау қызметтерін дамыту үшін қаржы тетіктерін қалыптастыру;

осы заманғы басқару технологияларын енгізу.

Өңірлік желі және магистралдық маршруттарды оңтайландыруды қарастыратын

почта жөнелтілімдерін жеткізу жиілігі мен мерзімдерін ұлғайтуды қоса алғанда почта байланысын пайдалану көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған іс-шаралар басым деп а н ы қ т а л д ы .

Көзделген мақсаттарды және алға қойылған міндеттерді орындау почта-жинақтау қызметін көрсету сапасын аса жоғары деңгейде көрсетуге мүмкіндік беретін Ұлттық почта операторының материалдық-техникалық базасын жақсартуға мүмкіндік береді, а т а п а й т қ а н д а :

облыстың ішкі бағыттары бойынша почта тасу жиілігін аптасына 5 ретке дейін, ауданның ішкі бағыттары бойынша аптасына 3 ретке дейін ұлғайтуға; еліміздің барлық аумағы бойынша почта ақша аударымдары бір күн ішінде жүзеге асырылады, тұтастай алғанда магистралдық бағыттар бойынша почта жөнелтілімдерін жеткізу мерзімі»"күн+4" құрайды.

3.3.4. 4-шара. "Электрондық үкіметті" дамыту

Ақпараттық қоғамды қалыптастыруға Қазақстанның одан әрі алға басуы үшін " электрондық үкімет" қалыптастырудың 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленетін болады.

2008 жылы мемлекеттік органдардың транзакциялық электрондық қызметтерін көрсету - "электрондық үкімет" дамытудағы үшінші кезеңі басталады.

Осы мақсатпен қызметтің негізгі бағыттары Төлем шлюзін құру мен электрондық төлемді жүргізуді нормативтік құқықтық қамтамасыз етуге, сондай-ақ төлем инфрақұрылымын дамытуға шоғырландырылатын болады.

Тұтастай алғанда электрондық төлемнің инфрақұрылымын құру екінші деңгейдегі банктермен іс-қимылды қамтамасыз етуді ұйымдастыруды, төлем шлюзінің бағдарламалық қамтамасыз етілуін енгізуді және "электрондық үкімет" веб-порталымен және ведомствалар мен әкімдіктердің ақпараттық жүйелерімен оны біріктіруді қамтиды .

"Электрондық үкіметтің" қызмет істеуінің табысты болуы электрондық қызметтерді халықтың қаншалықты қажетсінуіне байланысты болады, бұл Қазақстан үшін ерекше ө з е к т і б о л ы п о т ы р .

Осы міндеттерді шешу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қазандағы N 995 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жалғасатын болады, мыналар оның негізгі нәтижелері болып табылатын:

Қазақстан халқының компьютерлік сауаттылығының деңгейін 20 %-ға жеткізу;
Қазақстанда Интернет және е-пайдаланушылардың деңгейін 20 %-ға жеткізуді;
азаматтардың күнделікті өмірінде ақпараттық ресурстардың маңызын арттыру.

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р :

Қазақстан 2008 жылы ішінара "транзакцияның болуы" элементтері бар " интерактивтің болуының" 3-кезеңіне қол жеткізген мемлекет ретінде

т ұ ғ ы р л а н д ы р ы л а т ы н

б о л а д ы .

Интерактивті кезеңді іске асыру Қазақстанды е-үкіметтің барынша тиімді жүйелерін құрған 60 елдің қатарына шығарады.

2008-2010 жылдарға арналған транзакциялық кезеңді іске асыру шеңберінде мынадай нәтижелерге қол жеткізу болжануда:

"электрондық үкімет" инфрақұрылымының құрамдас бөліктерімен біріктірілген және азаматтардың қажеттілігіне бағытталған мемлекеттік органдардың ақпараттық ж ү й е с і н д а м ы т у ғ а ;

мемлекеттік органдардың қосарласқан немесе қажетсіз операцияларынан бас тартуға әкелуге тиіс жетілдірілген нормативтік базаға;

Қазақстан Республикасы халқының Интернет желісінде қатысуы кеңейіп, кемінде 20 %-ды құрайды, бұл осы кезең үшін әлемдегі елдердің көрсеткішімен сәйкес келеді; азаматтардың кез келген нүктеден кез келген мемлекеттік органмен операция жүргізуін қамтамасыз ететін транзакциялық қызметтерді дамытуға.

3.4. 4-басымдық. Экономиканы жаңғырту және әртараптандыру

3.4.1. 1-шара. Отын-энергетикалық ресурстарды және энергетикалық сектордың әлеуетін ұтымды пайдалану

Тау-кен өндіру өнеркәсібі

2008-2010 жылдары мұнай өнеркәсібінің негізгі мақсаты жаңғыртуды жүргізу, өндірістің озық технологияларын пайдалану және енгізу есебінен саланың серпінді да м у ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Мұнай өнеркәсібінде Каспий теңізінің қазақстандық секторының көмірсутек ресурстарын тиімді игеруді және ірі кенорындарында мұнай өндіруді арттыруды қамтамасыз ету үшін мынадай міндеттер шешілетін болады:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 Жарлығымен қараңыз.U101105 бекітілген Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасының екінші кезеңін, (2006-2010 жылдар) іске асыру;

Қ а р а ң ы з . U 1 0 1 1 0 5

мұнай-газ кешені үшін бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызметтерді ұсыну үшін жоғары дәрежелі қосылған құны бар салаларды дамытуға жағдайлар туғызу; мұнай мен газды тереңдетіп өңдеуді дамыту және мұнай өнімдерін өндіруді ұлғайту .

Мұнай өндіру көлемін ұлғайту мақсатымен қабаттардан мұнай өндіруді арттыру үшін, сондай-ақ энергетикалық және еңбек шығындарын азайтатын техникалық құралдарды, жаңа әдістер мен технологияларды енгізу жалғасатын болады.

Газ ресурстарын ұтымды пайдалану және экологиялық жүктемені төмендету мақсатымен жер қойнауын пайдаланушылардың ілеспе газды кәдеге жарату жөніндегі іс-шараларды орындауымен жағатын газдың көлемін төмендетуді қамтамасыз ету жөнінде белсенді жұмыс жүргізілетін болады.

2009 жылға қарай алауларда газ жағу 7 еседен астам қысқарады және 430 млн. куб. метрді

құрайды.

Күтілетін нәтижелер:

көмірсутектердің барланған қорларының өсуін қамтамасыз ету және өндіруін тұрақты жоғары деңгейге шығару;

Каспий құбыр консорциумының мұнай құбырларын кеңейтуді көздейтін көмірсутектерін тасымалдаудың мультимодальді экспорттық жүйесін құру жөнінде жұмыстарды жалғастыру, Ақтау - Баку - Тбилиси - Джейхан бағыты бойынша мұнай тасымалдау жүйесін құру, Қазақстан-Қытай құбыр құрылысының жобасы бойынша жұмыстарды жалғастыру (II-кезең).

Теңіз кенорнында шикі мұнайды айдауды және екінші буынды зауыт құрылысының жобасын аяқтау.

Павлодар мұнай-химия зауытында қуаты сағатына 20 мың текше метрді сутегі өндірісінің қондырғысы бойынша құрылыс жұмыстарын жалғастыру, бұл дизель отынын сумен тазалау қондырғысын сутекпен жабдықтау проблемасын шешуге және күкірт қоспаларынан тауарлық өнімдерді тазалау дәрежесін ұлғайтуға және өнім сапасын ЕВРО еуропалық стандарттарға дейін көтеруге мүмкіндік туғызады.

Шымкент мұнай өңдеу зауытында зауытты дамытудың перспективалық жоспары әзірленуде, оған сәйкес ағымдағы жылдың соңына дейін 2008-2009 жылдары құрылысы жүргізілетін зауытты жаңғыртудың техникалық-экономикалық негіздемесінің әзірлігін аяқтау жоспарлануда, ол әлемдік стандарттарға сәйкес өндірілген өнімнің сапасын жақсартуға, жоғары қосылған құнмен шығарылатын мұнай өнімдерінің ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Газ саласында жобаларды іске асырудың басты мақсаты газ өндіруді ұлғайтудан және ішкі ресурстарды ұтымды пайдаланудан әлеуметтік-экономикалық нәтиженің, сондай-ақ ішкі нарықтың қажеттілігін толық қамтамасыз ету мен елдің экспорттық әлеуетін одан әрі өсіру мақсатында газ көлік жүйесінің транзиттік мүмкіндіктерін арттыру болып табылады, ол мынадай бағыттар бойынша жұмысты көздейді:

Кенорындарында ілеспе өндірілетін газды барынша кәдеге жаратуды қамтамасыз ету және қажетті экологиялық талаптарды қамтамасыз ете отырып мұнай мен газ конденсатын өндіру жөніндегі қуаттарды одан әрі ұлғайту үшін мүмкіндіктер жасау.

Электр энергетикасын, табиғи және сұйытылған газды жеткізу жөнінде елдің энергетикалық тәуелсіздігіне қол жеткізу, сондай-ақ мұнай-химия өнімдерінің жекелеген түрлері бойынша импорт алмастыру бағдарламасын іске асыру.

Табиғи газды тұтынудың бұрынғы қалыптасқан мөлшерін қалпына келтіре отырып тарату желісінің деңгейінде табиғи газбен республика халқы мен өнеркәсіп кәсіпорындарын апатсыз және үздіксіз жабдықтауды және жаңа өңірлерді газдандыру есебінен газ нарығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету.

Табиғи газдың өсіп келе жатқан көлемінің халықаралық транзитін қамтамасыз ету

үшін республиканың газ көлігі магистралінің транзиттік қуатын дамыту және қолданыстағы құбыр жүйесінің активтерін неғұрлым тиімді пайдалану.

Табиғи және сұйытылған газ бойынша елдің экспорттық әлеуетін, сондай-ақ өндірілген газ бен тереңдете өңделген газ өнімінің ілеспелі құрамдас бөлігін ұлғайды.

Жоғарыда көрсетілген мақсатқа жету үшін нақты ұйымдастыру-техникалық іс-шаралары мен инвестициялық жобаларды іске асыру көзделеді, ол мына міндеттерді шешуді көздейді:

Газ қорлары бойынша ресурстық әлеуетті ұлғайту және ілеспе газды кәдеге жарату жөніндегі іс-шараларды енгізе отырып жаңа газ және мұнай-газ кен орындарын игерумен оны өндіру қуаттылығын дамыту.

Импорт алмастыру бағдарламасы шеңберінде сұйытылған газ өндіру мен мұнай-химияның басқа да өнімдерінің көлемін ұлғайта отырып өндірілетін газды өңдеу және кәдеге жарату жөніндегі қуаттарды жаңғырту және жаңадан салу.

Жаңа аумақтарды газдандырудың өңірлік бағдарламасын әзірлеу және іске асыру мен коммуналдық шаруашылықта, электр энергетикада, автокөлікте және т.с. газды пайдалану саласын кеңейту.

Оларды пайдаланғанда техникалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін газ көлігі жүйесінің объектілерін техникалық жаңғырту жөніндегі шараларды іске асыру, сондай-ақ жаңа газ құбырларын салу мен сыртқы нарыққа табиғи газды тасымалдау жөніндегі экспорттық бағыттарды белгілеу.

Газ саласының нормативтік базасын қайта қарау, табиғи газды тасымалдау кезінде газ тасымалдау жүйесі субъектілерінің ұйымдық құрылымдарын оңтайландыру және тариф белгілеу жүйесін жетілдіру.

Салаға мамандарды тарту үшін жағдай жасау.

Көмір саласындағы негізгі мақсат жер қойнауын ұтымды пайдалану, көмір кенорындарын игерудің озық технологияларын енгізу есебінен көмір өнімдеріне отандық және шетелдік тұтынушылардың сұранысын қамтамасыз ету болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін 2008-2010 жылдары мынандай міндеттер шешілетін болады:

қазіргі шахталық және карьерлік қорларды жаңғырту, пайдасы жоқ шахталарды жабу;

көмір өндіру техникалары мен технологияларын жетілдіру;

көмірді тереңдете өңдеу технологияларын енгізу, ілеспе пайдалы қазбаларды кешенді пайдалану және шетелдік және отандық инвесторларды тарта отырып шахталық метанды өндіру;

ферроқорытпаларды өндіру үшін шұбаркөл көмірінің негізінде жылына 300 мың тоннаға дейінгі көлемде арнайы кокс өндіру;

Екібастұз таскөмір бассейні мен Шұбаркөл көмір кенорнын игеру және кен

шығарудың кешенді жоспарларын орындау;

Қабылданған шаралар көмір өндіру көлемін 2006 жылғы 96,3 миллион тоннадан 2010 жылы 100 миллион тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Атом өнеркәсібі

Мақсаты - еліміздің өскелең қажеттіліктерін және түпкілікті өніммен нарыққа шығуын қамтамасыз ететін еліміздің энергетикалық әлеуетін арттыру.

Міндеті - атом энергетикасының негізін жасау.

Уран кеніштерін, уран өндіруші саланың және оған шектес аудандардың инфрақұрылымдары мен әлеуметтік салаларын дамытудың инвестициялық бағдарламаларын орындау жалғасады.

Уран отынын Қытайға жеткізу туралы келіссөздерді одан әрі жүргізу.

2008-2010 жылдары бірлескен кәсіпорындарда мыналар бойынша қызметтер жалғастырылады:

табиғи уран өндіру бойынша - "Ақбастау" бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамы;

Қазақстанның, Ресейдің және үшінші елдердің нарығына шағын және орташа қуатты атом реакторлық қондырғылары бар энергетикалық блоктарының инновациялық жобаларын игеру және жылжыту бойынша - "Атом станциялары" акционерлік қоғамы;

байытылған уранды өндіру және уранды байыту жөнінде қызметтер көрсету бойынша - "Уран байыту орталығы" жабық акционерлік қоғамы.

Іс-шараларды іске асыру Қазақстанға:

Қазақстан аумағындағы сияқты, басқа елдердің аумағында да реакторлардың мүлде жаңа түрлерін әзірлеуге, салуға, қолдауға қатысуға мүмкіндік береді;

әлемдегі ең арзан табиғи уранды байыту технологияларына қол жеткізетін болады, бұл Қазақстан аумағында отын жинақтауларын өндіру үшін пайдаланылатын өзінің байытылған уранын алуға мүмкіндік береді.

2008-2009 жылдары "ҮМЗ" акционерлік қоғамы базасында конденсаторлар шығаратын әлемдік жетекші Kemet фирмасымен бірлесіп тантал конденсаторлар өндірісін құру мүмкіндігі қаралуда. Бұл аса сапалы өңделген өнім жасауға мүмкіндік береді және сыйымдылығы үлкен конденсаторлық ұнтақтарды өткізуді қамтамасыз етеді, оны өндіру қазіргі кезде "ҮМЗ" акционерлік қоғамының тантал өндірісінде жасалуда.

Отандық бериллий нарығын дамыту үшін құрамында бериллий бар материалдарды дамыту бойынша жұмыстар жүргізілетін болады. Осыған байланысты»" Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы бериллийді қолдану мүмкіндіктерін зерттеуге кірісті.

2008-2010 жылдарға арналған іс-шаралар:

Қазақстанда атом электр станциялары құрылысының техникалық-экономикалық

негіздемесін әзірлеу (12,4 млрд. теңге);

Ангарск қаласында "Уран байыту орталығы" қазақстан-ресей бірлескен кәсіпорнының уран байытатын өндірістерге арналған жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеу.

Электр энергетикасы саласы

Мақсат - экономика мен Қазақстан халқының электр және жылу энергиясына қажеттілігін қамтамасыз ету.

2008-2010 жылдары Қазақстанның электр энергетикасының бар қуат көздерін жаңғырту және жаңа қуат көздерін енгізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экспорттық және транзиттік мүмкіндіктерін іске асыру электр энергетикасы саласының міндеттері болып табылады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 31 мамырдағы өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасының 2007-2015 жылдарға арналған электр энергетикасы саласын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарымен 2008-2010 жылдары электр энергетикасы объектілерін қайта құру, кеңейту, техникалық қайта жарақтау мен жаңа құрылыс бойынша жобаларды іске асыру көзделуде.

Электр энергиясын өндіру секторында:

мемлекеттік жеке серіктестіктің концессиялық негізінде Астана қаласында жылу электро орталығының-3, Қарағанды қаласында жылу электро орталығының-4, Балқаш жылу электро станциясын, Қызылорда газ турбиналық электро станциясының, Бұлақ және Кербұлақ су электро станциясының құрылыстарын бастау көзделіп отыр;

республикалық және жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ "Самұрық" акционерлік қоғамының мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамының және инвесторлардың қаражаты есебінен Алматының ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭО-3 қайта жаңарту, жаңғырту және кеңейту және жалғастырғыш жылу магистралін және электр желілері объектілерін салу жүзеге асырылатын болады;

меншік иелері қаражатының есебінен Рудный ЖЭО-да (кеңейтілу 63 МВт), Өскемен ЖЭО-да, (кеңейту 80 МВт), Қарағанды 1-МАЭС-те жыл сайын (3x50 МВт) турбиналарды іске қосу, сондай-ақ блоктарды кезең-кезеңімен жаңалау, Екібастұз ГРЭС-1-де жұмыс істемейтін N 8-блокты қалпына келтіру және Ақсу РРЭС-інде блоктарды кезең-кезеңімен қайта жаңалау.

Бұдан басқа, меншік иелері қаражатының есебінен Қарағандының ЖЭО-2 және ЖЭО-3 тиісінше 185 және 140 МВт кеңейту белгіленіп отыр.

Электр энергиясын беру және тарату секторында:

"Солтүстік-Оңтүстік" транзитінің 500 кВ екінші желісін салуды аяқтау;

"Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" 500 кВ өңіраралық электр беру желісін салуды аяқтау ;

Ұлттық электр желілерін жаңғырту жобасының 1-кезеңін аяқтау; энергетикалық тарату компаниялары желілеріндегі техникалық қайта жарақтау

және жаңа құрылыстар салу.

Республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қазақстанда шамамен Маңғыстау атом энергетикалық комбинатының алаңында атом электр станциялары құрылысының және Алматы, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарының Қорғас, Көксу, Шілік, Күршім, Майдантал, сарқырамаларында су электр станцияларының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу қажет.

Бұдан басқа, Қостанай және Батыс Қазақстан өңірлерінде жылу станцияларын салу негізділігіне техникалық-экономикалық зерттеулер жүргізу қажет.

Қайта құру, техникалық қайта жарақтандыру және жаңа құрылыс бойынша келесі жылдары да электр энергетикасы салаларындағы жобаларды іске асыру көзделуде.

3.4.2. 2-пара. Экономика секторларын индустриялық-инновациялық дамуы

Ескерту. 3.4.2-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.16 N 463 Қаулысымен.

Өңдеу өнеркәсібін дамыту

Мақсат - Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясының екінші кезеңін іске асыру.

Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясының екінші кезеңі бәсекеге қабілетті өндірісті жаппай қарау мәселелерін шешуі тиіс.

М і н д е т т е р :

2008-2010 жылдары өңдеуші өнеркәсіпте жылдық орташа өсу қарқынын 103-105%-дан кем емес мөлшерде қамтамасыз ету;

2010 жылға қарай қайта өңдеу өнеркәсібінің өнеркәсіп өнімінің жалпы көлеміндегі үлес салмағын 38,8%-ға жеткізуді қамтамасыз ету;

жоғарғы шектегі өңдеуші сектордың тартымдылығын:

ынталандыру шаралары (салықтық, кедендік, инвестициялық және т.б.);

кредиттік қаржыландырудың қол жетерлік көздерін қамтамасыз ету;

кадрлармен, әсіресе кәсіби-техникалық бағыттағы, қамтамасыз ету мәселелерін шешу арқылы арттыру;

серпінді жобаларды іске асыруды:

әр өңірдің ерекшелігін, минералды және кадрлар ресурстарының, сондай-ақ өткізу нарығының болуын есепке ала отырып өндірістік күштерді перспективті орналастыру картасын әзірлеу;

өндірістік объектілерді жаппай іске қосуды инфрақұрылымдық қолдау арқылы жетілдіретін.

Қойылған міндеттерден басқа 2008-2010 жылдары келесі жұмыстар жалғасады:

технологияларды жаңарту негізінде өнеркәсіптің технологиялық деңгейін арттыру үшін тікелей инвестициялар тарту; инновациялық инфрақұрылымды, ғылымды қажетсінетін өндірістер құру және олардың негізінде өнеркәсіпте жаңа жоғары технологиялық секторларды кезең-кезеңімен қалыптастыру;

өнім сапасы мен сапаны басқарудың халықаралық стандарттарына өтуді
қ а м т а м а с ы з е т у ;

ішкі және сыртқы нарықта өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, тауар өндірудің
номенклатурасы мен көлемін ұлғайту;

қосылған құны жоғары өнім шығару жөніндегі өндірісті ұйымдастыру.

2006 жылмен салыстырғанда 2010 жылы мыналар күтіледі:
өңдеуші өнеркәсіпте өндірілген өнімнің жалпы қосылған құнының көлемінің нақты
а л ғ а н д а 1 , 2 е с е ө с у і ;

өңдеуші өнеркәсіпке жыл сайынғы инвестициялардың көлемін 1,5 есеге ұлғайту;
шикізаттық емес экспорттың көлемін 1,4 есеге ұлғайту;
өңдеуші өнеркәсіптің негізгі қорларының орташа тозу көрсеткішін кемінде 10 %-ға
а з а й т у ;

өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін кемінде 30 %-ға ұлғайту;
өңдеуші өнеркәсіпте бестен астам»"серпінді" жобаларды іске асыру.

Кластерлік даму (басым салалар бөлінісінде)

2008-2010 жылдары тағам өнімдері, тоқыма өнеркәсібі, құрылыс материалдары, металлургиялық өнімдер, мұнай-газ машина жасау, туристік қызметтер және көліктік-логистикалық қызметтер кластерлік дамуы 2005 жылы бекітілген олардың жоспарларының негізгі бағыттарына сәйкес болады.

Мұнай-газ машиналарын жасау

2008-2010 жылдары мұнай-газ машиналарын жасау кластерін дамыту бойынша іс-шаралар жоспары шеңберінде машина жасау саласында 13 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Жергілікті кәсіпорындарда жабдықтарды, қосалқы бөлшектерді және мұнай-газ саласы үшін қызмет көрсетулердің игерілуі мүмкін негізгі түрлері анықталды.

Орта мерзімді перспективада мынадай өндірістерді іске асыру жоспарланып отыр:

"ҚазҚұбырөнеркәсіп" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде сорғылық-сығымдау құбырларын және оларға муфталар өндірісін ұйымдастыру;

"БҚМЖК" акционерлік қоғамының газ сығымдайтын станциялар мен газ толтыратын кәсіпорындар үшін жабдықтар шығару;

"Металлбұйымдары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде металконструкцияларын ыстықтай мырыш жалату бойынша қызметтерді өндіруді ұйымдастыру ;

"БҚМЖК" акционерлік қоғамының колтюбингілік қондырғыларды кешенді өндіруі;

химиялық реагенттерді дозамен беретін қондырғыларды өндіру.

Металлургия

2008 жылы металлургия кластерін дамыту мен құру жоспары шеңберінде Теміртау қаласында Индустриалдық парк құру жобасын іске асыру жалғасады.

Қазіргі кезде "Silicium Kazakhstan" компаниясының металл кремний өндіру бойынша жоба Индустриалды паркте іске асырылуы жоспарланып отырған алғашқы "серпілісті" жобалардың бірі болып табылады.

Орта мерзімді кезеңде индустриалды аймақты жобалармен толықтыру бойынша жұмыс жалғасатын болады. Жаңа кәсіпорындардың қызметі металлургияда 4-5 қайта бөліс өнімдерін, қосылған құны жоғары машина жасау өндірісіне бағытталатын болады. Бұл ретте, отандық және шет елдік ғалымдар мен конструкторлар әзірлеген инновациялық технологиялар қолданылатын болады.

Көліктік логистика

Мақсат - Қазақстан экономикасы мен халқының тасымалдарға және транзиттік тасымалдардың әлемдік нарықтарында табысты бәсекелестікке баламалы талаптарына және көліктік кешен қызметінің даму деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Көліктік-логистикалық қызметтер кластерінің ерекшелігі күшінде оның оқшаулануы аумақтық-функционалдық сипатқа және өз ерекшелігіне ие: біріншіден, кластердің шешуші буыны жеткізу бағыттары, жүк ағындарының жолын кесу және туындатудың ірі тораптары болады, екіншіден кластердің әрекетін көліктік-логистикалық және қосымша қызметтерді көрсететін кәсіпорындар орналасқан барлық аумақтарға тарату қажет.

Бірінші кезеңде екі пилоттық жобаны іске асыру көзделеді: Алматы қаласында көліктік-логистикалық орталықты және жаңа Еуразиялық көліктік бастама "NELTI" ұйымдастыру.

Екінші кезеңде клиентке көліктік-экспедициялық қызмет көрсетудің кешенді жүйесін құру көзделеді: көліктік-экспедициялық қызмет көрсетуге тапсырыстар қабылдаған кезде жоспарлы, тасымалдау, коммерциялық және есептік операцияларды әзірлеу және ресімдеу.

Кластерді дамытуды қамтамасыз ету үшін мынадай іс-шаралар кешенін жүргізу көзделеді:

халықаралық теміржол дәліздерін халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келтіру және өткізу қабілеттілігін ұлғайту;
автомобиль жолдарының желілерін оңтайландыру жөніндегі зерттеулер жүргізу;
контейнерлік және интер-мультимодальдік тасымалдаулардың дамуын жетілдіру;
тасымалдаулардың динамикасы мен қауіпсіздігінің мониторингі үшін көліктік деректер базасымен ақпараттық-талдамалық жүйелерді жасау;
жылжымалы құрамды жаңарту және жаңғырту үшін жеке инвестицияларды тарту.

Тоқыма өнеркәсібі

Оңтүстік Қазақстан облысында»"Оңтүстік" арнайы экономикалық аймақ ұйытқы болып табылатын "Тоқыма өнеркәсібі" кластерін кезең-кезеңімен іске асыру жүзеге асырылатын болады.

Бірінші кезең, 2007 - 2009 жылдар: инфрақұрылымдарды салу, инвестициялар тарту

, арнайы экономикалық аймақ (бұдан әрі - АЭА) аумағында кәсіпорындар құрылысын
б а с т а у .

Екінші кезең, 2010-2012 жылдар: кәсіпорындар құрылысын салу және АЭА
аумағында инвестициялық жобаларды іске асыру; 65 млрд. теңге көлемінде
и н в е с т и ц и я л а р т а р т у .

2008 жылы АЭА инфрақұрылымының 2,9 млрд. сомасына бірінші кезеңінің
құрылысын салу жалғасады, ол аяқталған соң АЭА аумағында инвестициялық
жобаларды іске асыру жоспарлануда. АЭА құру және дамыту бойынша жұмысқа "
Оңтүстік" ӘКК тартылатын болады.

Құрылыс материалдары

Қазақстанда соңғы жылдары тұрғын үй, өндірістік ғимараттар, әлеуметтік-мәдени
мақсаттағы объектілердің, жолдардың және басқа құрылыс көлемінің өсуі байқалуда.

2008-2010 жылдары құрылыс материалдары өнеркәсібін дамыту бағдарламасын іске
а с ы р у ж а л ғ а с а т ы н б о л а д ы .

"Құрылыс материалдары" пилоттық кластерін жасау мен дамыту жөніндегі
жоспарда заңнамалық сипаттағы жалпы жүйелік мәселелерден және жалпы салалық
іс-шаралардан басқа, 3 пилоттық кластер айқындалды.

"Астана қаласының құрылыс материалдары" индустриялық аймағы құрылды.

Алматы облысында акционерлік қоғам түріндегі кластер құрылды, саланың жұмыс
істеп тұрған кәсіпорындары оның құрылтайшысы болады. Бірлестік әмбебап маркетинг
базасын құру мен өнімнің жаңа бәсекеге қабілетті түрлерін өндіруді ұйымдастыруға
инвестициялар тартудан бастап кластерге барлық қатысушылар үшін шикізатты,
жинақтауыштарды көтерме саудада сатып алу есебінен өнімнің өзіндік құнын
төмендетуге дейінгі мәселелердің кең ауқымын шешетін болады.

Қызылорда облысында қуаттылығы жылына 180 мың тонна флоат-шыны өндіру
бойынша зауыт құрылысы жөніндегі жобаны іске асыру базасында кластер құрылды.
Зауытты пайдалануға беру 2009 жылдың 2-тоқсанына жоспарланып отыр,
коммерциялық қуаттылыққа - 2010 жылы қол жеткізіледі.

Тамақ өнеркәсібі

Мақсат - ішкі өндірісті кеңейту және интеграциялық байланыстарды қалыптастыру
және мемлекеттік реттеулерді жетілдіру негізінде отандық тамақ өнеркәсібі өнімдерінің
ішкі өндірісін және бәсекелестігін арттыруын кеңейту үшін жағдайлар жасау.

М і н д е т т е р :

агроиндустриялық технологиялар негізінде шикізат базасын дамыту;
инновациялық және жоғары технологиялық өндірісті енгізу;
халықаралық үйлестірілген техникалық регламенттер мен стандарттар әзірлеу;
ішкі және сыртқы рыноктағы сатулардың көлемін кеңейту;
отандық тамақ өнімдерінің брэндтерін қалыптастыру;
мемлекеттік реттеудің нормативтік құқықтық базасы мен тетіктерін жетілдіру.

Республиканың негізгі астық белдеуі Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында **экспортқа бағытталған дәнді дақылдарды қайта өңдеу кластерін дамыту.**

Мақсат - өндіріс қуаттарын жаңғырту және сыртқы нарыққа экспорт көлемін көбейту есебінен астықты қайта өңдеу және оның өнімдерін өңдеу кешенділігін арттыру.

М і н д е т т е р :

экспортқа шығарушылар - дәнді дақылдарды қайта өңдеушілер кластерін құру;
қайта өңделген астық өнімдерін сыртқы рынокқа жылжыту бойынша ұйымдастыру шараларын іске асыру;

ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарын экономикалық қолдау шараларын қолдану;

астықты тереңдетіп қайта өңдеу жөніндегі өндірістерді дамыту.

І с - ш а р а л а р :

республикада астықты қайта өңдеудің экспорттық әлеуетін ұлғайтудың мемлекеттік стратегиясын әзірлеу;

Қазақстан ұнын саяси қамқорлыққа алу, дипломатиялық корпустар мен Қазақстан Республикасының сауда өкілдіктерін тарту;
техникалық мәселелерді шешу (жылжымалы құрамдарды беру, оның сапасы).

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р :

сыртқы нарықтарда Қазақстан өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
қайта өңделген астық өнімдері экспортының көлемін ұлғайту;
отандық компаниялар арасындағы теріс пиғылды бәсекелестікті төмендету және баға демпингін жою;
құрғақ клейковина өндірісі көлемін ұлғайту.

Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарында **бәсекеге қабілетті жеміс-көкөніс кластерін дамыту.**

Мақсат - жеміс-көкөніс өнімдері өндірісін ұлғайту, ішкі рынокты қанықтыру және жеміс-көкөніс өнімдерін қайта өңдеуді дамыту.

М і н д е т т е р і :

таза сұрыпты отырғызылатын көшеттерді және тұқымдарды өсіру үшін көкөніс дақылдарының жеміс питомниктері мен тұқым шаруашылығын қалпына келтіру мен дамыту;

сапа және ауыл шаруашылығы шикізаты мен тамақ өнімдері зертханаларының материалдық техникалық базасын жақсарту;

жеміс-жидек дақылдары және жүзімнің көп жылдық көшеттерін сақтау;

ISO және HACCP сапа менеджменті жүйесін сертификаттау және енгізу,
халықаралық үйлестірілген техникалық регламенттер мен стандарттар дайындау;
қайта өңдеуге жарамды жеміс-көкөніс дақылдары өндірісін ұлғайту;

жеміс-көкөніс өнімдерін қайта өңдеу бойынша өндірістерді ұйымдастыру және
д а м ы т у .

І с - ш а р а л а р :

таза сұрыпты отырғызу көшеттері мен тұқымдарды өсіру үшін жеміс
питомниктерін және көкөніс дақылдарының тұқым шаруашылығын қайта қалпына
келтіру және дамыту шараларын әзірлеу;

қайта өңдеуге жарамды жеміс-көкөніс дақылдары тұқымдарының өндірісін ұлғайту
жөніндегі шараларды әзірлеу;

Алматы облысының Қарасай ауданының Шамалған ауылында және Еңбекшіқазақ
ауданының Шелек ауылында жеміс-көкөніс өнімдерін қайта өңдеу бойынша екі зауыт
с а л у ;

Қазақстанның сертификациялау жөніндегі органдары мойындайтын тамақ
өнімдеріне берілген сертификаттарды тану рәсімдерін жеңілдету;

жеміс-көкөніс өнімдері өндірісінің инфрақұрылымын қалыптастыру бойынша
ш а р а л а р ә з і р л е у ;

көкөніс сақтау қоймаларын қалпына келтіру;

тұқым шаруашылығы шаруашылықтарын дамыту;

ауыл шаруашылығы өнімдерінің көтерме базарларын ұйымдастыру;

ауыл шаруашылығы шикізаттары мен тамақ өнімдерінің сынақ зертханалары үшін
оларды ИЛАК мүше - органы ретінде халықаралық (180 17025) тіркеуге дайындау үшін
п е р с о н а л д а р ы н д а я р л а у .

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р

жеміс-көкөніс өнімдерін қайта өңдеу мен өндірісінің көлемін ұлғайту, ішкі азық
түлік нарықтарын қанықтыру және экспорттың үлес салмағын арттыру.

Қостанай облысында **экспортқа бағытталған бәсекеге қабілетті сүт кластерін**
д а м ы т у .

Мақсат - сүттің жалпы өндірісі көлеміне шаққандағы оны қайта өңдеу үлесін
ұ л ғ а й т у .

М і н д е т т е р :

облыстың ауылдық округтарында мал түрлерінің аудандастыру бағыты бойынша
базалық шаруашылықтар ұйымдастыру;

шикізат пен дайын өнімнің сапасын бақылау жөніндегі зертханалар базасын дамыту
, оларды техникалық қайта жарақтандыру;

облыстық бюджет қаражатынан асыл тұқымды мал басын сатып алуды субсидиялау
.

І с - ш а р а л а р :

мына жолдармен сүт бағытындағы орта - ірі тауарлы шаруашылықтардың дамуын
ы н т а л а н д ы р у :

мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау;

арнайы техника мен жабдықтар лизингіне кредит беру (жемазық жинау комбайндары, азық араластырғыштар, азық таратқыштар, сауу агрегаттары, суытқыштар, пастеризаторлар, транспортерлар, автосуарғыштар, арнайы автокөліктер);

ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толтыруға берілген кредиттер бойынша екінші деңгейдегі банктердің сыйақы ставкаларын субсидиялау;

ISO және HACCP негізіндегі сапа менеджменті жүйесін әзірлеуге, енгізуге, сертификаттауға тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының шығындарын субсидиялау;

ғылыми-өндірістік орталықтардың сүт өнімдерінің жаңа түрлерін, оның ішінде, қойытылған сүт өндіру технологияларын әзірлеу.

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р

мал табыны құрылымында жоғары өнімді асыл тұқымды мал басының және мал шаруашылығында қарқынды және өнеркәсіптік технологиялар бойынша жұмыс істейтін шаруашылықтардың үлес салмағын арттыру;

эпизоотиялық салауаттылық, өнімді сату нарығына бөгетсіз шығу; сүт өнімдерінің бәсекеге қабілетті жаңа түрлерін өндіру, ішкі нарықты қанықтыру.

Туризм

Мақсат - сырттан келушілер туризмі және ішкі туризм көлемін ұлғайту есебінен мемлекет пен халық кірісінің тұрақты өсуін, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру.

М і н д е т т е р :

туризм инфрақұрылымын дамыту;
туризмді мемлекеттік реттеу мен қолдаудың тиімді тетігін жасау;
елдің тартымды туристік имиджін қалыптастыру.

Тұтастай алғанда мақсат пен міндеттерді іске асыру Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 231 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында Туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қамтамасыз етілетін болады.

Туризмнің инфрақұрылымын дамыту саласында мынадай шаралар қабылданатын болады:

Алматы, Ақмола, Оңтүстік Қазақстан облыстарында туризм инфрақұрылымы объектілерінің құрылысы бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуді қамтамасыз ету ;

Каспийде жағажай туризмін дамыту мақсатында Кендірлі аралында демалыс аймағын жайластыру жөнінде шаралар қабылдау;

Елдің тартымды туристік имиджін қалыптастыру саласында:
қазақстандық туристік өнімді туристік қызмет көрсетулердің әлемдік нарығына ілгерілету қамтамасыз етілетін;

ішкі және сыртқы нарықтарда қазақстандық туристік өнімді кең ауқымда жарнамалық-ақпарат қызмет бойынша жұмыстар жалғасатын болады;

Туризмді мемлекеттік реттеу мен қолдаудың тиімді тетігін жасау саласында мынадай іс-шаралар жүргізілетін болады:

Алматы қаласы және Алматы облысының үлгісімен өңірлерде туризмді дамыту жөніндегі мастер-жоспар әзірлеуді қамтамасыз ету;

туристік қызмет саласындағы ұлттық заңнамаларды жетілдіру және халықаралық стандарттармен, оның ішінде келу және ішкі туризмді дамыту, визалық және тіркеу рәсімдерін, шекара бақылауын оңайлату мәселелері бойынша үйлестіру.

Б о л ж а н а т ы н н ә т и ж е л е р :

2010 жылға қарай белгіленген іс-шаралар нәтижесінде бәсекеге қабілетті туристік индустрия құрылатын болады, Қазақстанның әлемдік туристік нарық жүйесіне кіруіне ықпалын тигізетін ұлттық туристік өнімнің тартымдылығы артады, 2010 жылға қарай ішкі туризм бойынша 4 млн. туристке дейін, сыртқы туризм бойынша 6 млн. туристке дейін тұрақты ағыны қамтамасыз етілетін болады.

Кіру туризмі есебінен туризм саласында 2008 жылы 447,6 мың адамнан 2010 жылы 499,4 мың адамға дейін жұмыспен қамтамасыз етіледі.

Ғылым, технология және инновациялардың дамуы

Ғылымды, технологияны және инновацияны дамытудың негізгі мақсаты - жаңа білімді тиімді дамыту мен пайдалануды қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті ұлттық инновациялық жүйенің негізін құру болып табылады.

Қазақстан ғылымының дамуы ғылыми және инновациялық қызмет үшін осы заманғы инфрақұрылымды құруды, сондай-ақ ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетінің ықпалдасуын қамтамасыз етуді көздейді.

Ғылым саласында саясатты іске асыру Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 маусымдағы N 348 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

2 0 0 8 - 2 0 0 9 ж ы л д а р ы :

қолданбалы ғылымды қаржыландыру саласындағы озық тәжірибе мен білімді енгізу, әлемдік деңгейдегі күрделі ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді дамыту саласындағы басқару әдістерін жетілдіру жөнінде нысаналы бағытта жұмыс жүргізу;

қабылданған халықаралық практикаға сәйкес білімді молықтыру және отандық кадрлар даярлау жүйесі болатын университеттік ғылымды дамыту;

жеке бастама үшін бағдар ретінде ғылыми және ғылыми-техникалық дамудың белгілі бір мемлекеттік басымдықтары шеңберінде халықаралық стандарттар негізінде ұлттық ғылыми зертханалардың қызметін мемлекеттік саясат пен жүзеге асыру жөніндегі жұмыстар жалғастырылатын болады;

О с ы н ы ң н ә т и ж е с і н д е :

басымды ғылыми бағыттар бойынша жоғары оқу орындарының жанынан ашық типті бес ұлттық ғылыми зертхана және инженерлік бейінді 15 зертхана ашылатын б о л а д ы ;

бес басымды бағыттар бойынша ұлттық компаниялармен бірлескен арнайы ғылыми-техникалық бағдарлама іске асырылады;

шетелдік ғалымдармен ұйымдарды, халықаралық бағдарламалар мен жобаларды, оның ішінде шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдерін тарта отырып, ғылыми жобалар і с к е а с ы р ы л а д ы .

Технологияларды және инновацияларды дамыту саласындағы негізгі міндеттер: үлкен мультипликативтік тиімділігі бар жаңа жоғары технологиялық және жүйе құрайтын өндірістерді дамыту, оның ішінде»"серпінді" инвестициялық жобаларды іске а с ы р у ;

өңдеуші өнеркәсіптің ғылымды қажетсінуін арттыру және бизнестің инновациялық-кәсіпкерлік белсенділігін ынталандыру;

нақты экспорттық»"тауашаларды" айқындау және бағындыру жолымен қазақстандық тауарлар сыртқы нарықтарға экспансиясын ынталандыру.

Жоспарланып отырған іс-шаралар:

Мультипликативтік тиімділігі бар жаңа жоғары технологиялық және жүйе құрайтын өндірістерді дамыту, оның ішінде "серпілісті" инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында мыналар көзделеді:

жоғары қосылған құны, мультипликативтік тиімділігі мен экспорттық әлеуеті бар экономиканың құрылымын өзгертуге қабілетті бірқатар жобаларды айқындайтын "серпінді" инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі бас жоспарды әзірлеу;

"серпінді" инвестициялық жобаларды іске асыруға, ел аумағында 5-6 кластер жасауға және дамытуға ірі отандық бизнесті тарту әрі оның шағын және орта бизнеспен өз ара іс - қ и м ы л ы н ы н т а л а н д ы р у ;

шекара маңы аудандарында, өнеркәсіптік-сауда және қаржылық белсенді орталықтарда жаңа сауда-экономикалық аумақтар құру және дамыту;

өңірлердің индустриялық саясатын іске асыруға әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың белсенді қатысуы;

қаржы институттарын ұлттық және өңірлік деңгейлерде ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға тарту;

жер қойнауын пайдалану саласындағы қазақстандық сервистік нарықты дамыту жөнінде пәрменді шаралар әзірлеу.

Минералдық шикізат кешенінің аралас және ілеспе өндірістерін, мұнай-химия саласын, машина жасауды, химия, жеңіл өнеркәсіпті және өңдеуші өнеркәсіптің басқа да салаларын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Орта мерзімді перспективада мұнай-химия өндірісін әлемдік деңгейде одан әрі дамытуға мүмкіндік беретін тұңғыш әлемдік кластағы интеграцияланған мұнай-химия

к е ш е н і

қ ұ р ы л а д ы .

Өңдеуші өнеркәсіптің ғылымды қажетсінуін арттыру және бизнестің инновациялық-кәсіпкерлік белсенділігін ынталандыру үшін мыналар көзделуде:

отандық инновациялық әзірлемелерді, оның ішінде гранттық қаржыландыру мен тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді бірлесіп қаржыландыру есебінен институционалды және қаржылық қамтамасыз ету;

технологиялардың, оның ішінде шетелдік технологиялардың трансфертінің ынталандыру ;

патенттік белсенділікті арттыру, технопарктер мен бизнес-инкубаторларды нығайту бойынша іс-шаралар әзірлеу ;

авторлық құқықтарды, патенттер мен сауда белгілерін қорғау саласындағы барлық халықаралық конвенцияларды тануды қоса алғанда, өркениетті технологиялар нарығын дамыту үшін жағдай қалыптастыру ;

ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін экономиканың нақты секторына беру тетігін әзірлеу ;

отандық кәсіпорындар мен Қазақстандағы және шет елдегі технологиялар нарығы арасында жалғастырушы буын болатын технологияларды коммерциялау офисін, сондай-ақ автоматтандырылған жобалау жүйесін пайдаланып конструкторлық бюролар мен жобалау ұйымдарының желілерін ашу ;

ұлттық ғылыми-техникалық ақпаратқа, регламенттерге, дерекқорларға және инновациялық қызметке қажетті басқа да көздерге ашық қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында инновациялар мен патенттер банкін қалыптастыру.

Венчурлік қаржыландыруды дамыту, отандық және шетелдік венчурлік қорлардың қызметін құру және жандандыру жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Мемлекет тарапынан венчурлік индустрияны дамытуға белсенді жәрдемдесу ұлттық экономикада инновацияларды құру және капиталдандыру процестерін жеделдетуге бағытталады.

"Қазына" АҚ шетелден жоғары технологиялық компанияларды сатып алу және республика аумағына өндірістердің бір бөлігін орналастыру жөнінде жұмыс жүргізеді.

Технологиялық парктер желісін құру және дамыту жөніндегі, оның ішінде»" Ақпараттық технологиялар паркі" АЭА екінші кезегін салу, парктің инфрақұрылымын қалыптастыру, технологиялық толықтыру жөніндегі жұмыстар жалғастырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 сәуірдегі N 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру және дамыту бойынша 2005-2015 жылдарға арналған бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады.

Нақты экспорттық "тауашаларды" айқындау және бағындыру жолымен қазақстандық тауарлардың сыртқы нарықтарға экспансиясын ынталандыру үшін мыналар көзделді :

бәсекеге қабілеттіктің сапалы жаңа деңгейіне және экономиканың экспорты

мүмкіндіктеріне қол жеткізу стратегиясын әзірлеу;

перспективалы экспорттық тауарлар мен қызмет көрсетулердің тізбесін айқындайтын Қазақстандық тауарлар мен қызмет көрсетулердің экспортын сыртқы нарыққа жылжытуға жәрдемдесу бағдарламасын, қазақстандық экспорт үшін әлемдік нарыққа және перспективалы "тауашаларға" шығу стратегиясын, сондай-ақ, отандық экспорттардың институционалды қолдау жүйесін қабылдау;

өнімдерді экспорттау кезінде әкімшілік рәсімдерді одан әрі оңайлату, өңдеуші өнеркәсіп өнімдерін жеткізуге арналған экспортты келісім-шарттарды сақтандыру жүйесін құру, байланысты кредиттер ұсыну тәжірибесін кеңейту.

2008-2010 жылдары, оның ішінде 2008 жыл бойынша күтілетін нәтижелер:

Кәсіпорындардың инновациялық қызметін дамыту үшін тиімді нормативтік құқықтық база жасалады.

Өңірлерде инновациялық белсенділік жандандырылатын болады, атап айтқанда Қазақстан Республикасының жетекші жоғары оқу орындарының жанында кемінде жеті өңірлік технопарк, 12 технологиялық бизнес-инкубаторлар қызмет істейді.

Ұлттық технологиялық парктер мен аймақтар, ақпараттық технологиялар, ядролық технологиялар, биотехнологиялар паркі, индустриалды мұнай-химия технопаркі, жаңа материалдар және агроөнеркәсіп технологиялар паркі белсенді қызмет жасауды бастайды.

Инновациялық менеджмент деңгейі көтеріледі.

Шет елдік инвесторлармен венчурлық қорлар құру арқылы венчурлық қаржыландыру тетігі белсенді дамиды.

Жеке меншік, оның ішінде шет елдік қаражатты да тарту, тиімділігі жоғары әзірлемелерді өндірістік игеру мен пайдалануды жеделдету және олардың негізінде ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамыту көзделуде.

Кәсіпкерліктің инновациялық белсенділігі артады.

Мұнай-химия саласында

Мақсат - әлемдік жетістіктерге сәйкес қосылған құн тізбегі бойынша тауарлы мұнай-химия өнімдерін шығарумен бірге көмірсутегі шикізатын тереңдей тазарту және кешенді өңдеу бойынша инновациялық технологиялар мен жұмыс істеп тұрған өндірістер құру арқылы Қазақстан өнеркәсібінің мұнай-химия саласын жедел дамыту.

Міндет - көмірсутегі шикізатын тереңдей өңдеу бойынша Қазақстанның мұнай-химия өндірістерін құру және дамыту жөнінде шаралар кешенін іске асыру және олардың таяудағы он жылда серпінді дамуын қамтамасыз ету.

2008-2010 жылдарға арналған іс-шаралар:

Атырау облысында "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" АЭА құру;

Атырау облысында жылына 1,2 млн. тонна базалық мұнай-химия өнімдерін алу бойынша әлемдік деңгейдегі алғашқы интеграцияланған мұнай-химия кешенін салу (құрылыс 2008 жылдан басталады);

"ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамымен бірлесіп жоғары қосылған құнмен өнім шығару бойынша, мұнай-химия өндірістері құрылысының инвестициялық жобаларын дайындау (2007-2009 жылдары).

Металлургия өнеркәсібінде өнеркәсіптің жалпы көлеміндегі үлес салмағын 2008 жылы 18%-дан 2010 жылы 20%-ға дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Металлургия өнеркәсібінде 2008-2010 жылдары қосылған құны жоғары тауарлар өндірісін қамтамасыз ететін бөлінісі барынша жоғары бәсекеге қабілетті жаңа кәсіпорындарды салу және жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңарту бойынша іс - шарлар жалғасады.

2008 жылы Павлодар облысында қуаты жылына 125 мың тонна алюминий бастапқы алюминий өндіру жөніндегі электролиз зауытының бірінші кезегін іске асыру жоспарланып отыр, қуаты жылына 250 мың тонна болатын екінші кезегі 2010 жылға жоспарланып отыр. Жобаны іске асыру оның негізінде тұтастай бірқатар ілеспе өндірістерді дамытуға мүмкіндік береді.

2009 жылы "Қазмырыш" акционерлік қоғамы қуаты жылына 70 мың тонна катодтық мыс өндіретін мыс балқыту және электролиз зауыттарын пайдалануға беруді жоспарлап отыр.

2008 жылы "Химпром 2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі зауытының (Тараз қаласы) қайта бейімделген қуаттарында бірінші пешті, 2009 жылы ферромарганец өндіру бойынша екінші пешті іске қосу жоспарланып отыр.

"Шалқия Цинк ЛТД" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қызылорда облысы) қуаты жылына 3 миллион тонна кен өңдеу қорғасын-мырыш концентратын өндіру жөніндегі байыту фабрикасын салуды жоспарлап отыр.

Машина жасау саласында 2008-2010 жылдары келесі іс-шараларды іске асыру жоспарланып отыр:

Көкшетау қаласында "КамАЗ" үлкен жүк автомобильдер өндірісін, оның ішінде әлеуетті құрылымдар үшін, одан әрі кеңейту;

- осы заманғы жабдықтарды орнатумен автомобиль техникасының тораптарын, агрегаттарын, оның ішінде локомотивтер мен оларға жинақтауыш тетіктерді шығару бойынша жаңа өндірістерді ұйымдастыру;

теміржолдың жылжымалы құрамы өндірісін құру;

Каспий теңізінде кеме жасау верфін салу.

Химия өнеркәсібінде 2008-2010 жылдары экспортқа бағдарланған өнім түрлерін: фосфор, үшполифосфатты натрий, минералды фосфор және азот тыңайтқыштарын, хром қосылыстарын өндіруді ұлғайту жоспарланып отыр.

Қазіргі кезде республикада өсімдіктерді қосымша қоректендіру және ауыл шаруашылығы алқаптарының өнімділігін арттыру үшін қажетті құрама және азот тыңайтқыштарының жеткіліксіздігі өткір сезіледі. Еліміздің ауыл шаруашылығы алқаптарын өзіміздің минералдық тыңайтқыштарымызбен толыққанды қамтамасыз ету

топырақтың құнарлылығын қалпына келтіруге жәрдемдесетін шаралардың бірі болып табылады. Қазақстанның минералдық тыңайтқыштарға барлық қажеттілігі алыс-беріс заттарының 1089 мың тоннасын құрайды.

Елді өз минералдық тыңайтқыштарымен толыққанды қамтамасыз ету үшін 2010 жылға дейінгі өндірісте негізгі күш концентрацияланған және құрама тыңайтқыштарды шығару бойынша өндірістер құруға бағытталатын болады. 2010 жылға қарай Ақтау қаласында аммиак және карбамид азот тыңайтқышын өндіруге бағдарланған карбамидті-аммиак кешенін салуды аяқтау жоспарланып отыр.

2008-2010 жылдары кальцинирлендірілген және каустикалық сода өндіру бойынша жобаларды іске асыру жұмыстары жалғасады. Осы химиялық реагенттің өндірістің түрлі, салаларында кеңінен қолданылатындығына қарамастан қазіргі кезде Қазақстанда оларды шығаратын кәсіпорындар жоқ. Жоспарланып отырған өндірістер импорт алмастыруға бағдарланған, өнімнің бір бөлігі шет елдерге сатылуы мүмкін.

Жеңіл өнеркәсіптің халықаралық нарықтарға шығуының негізгі бағыттары сапалы мақта, мақта талшықтарын, иірім жібі, маталардың ассортиментін және бүкіл әлемге танымал тоқыма брэндін пайдаланумен дайын бұйымдар өндірісін ұлғайту болып табылады.

2008-2010 жылдарға арналған саланың ағымдағы жай-күйін, тоқыма және тігін өнімдерінің әлемдік нарығының конъюнктураларын, әлемдік брэндтерді пайдаланудың табысты тәжірибесін есепке алғанда саланы дамытудың стратегиялық бағыттары мынадай:

жаппай пайдалану үшін тоқыма және тігін өнімдері өндірісін дамыту;
Fast fasion сегменті өндірісін дамыту.

Бірінші бағыт бойынша даму тоқыма өнімдері импортының көлемі 14 млрд. АҚШ долларынан астамды құрайтын Қытайдың нарығына енуді көздейді. Бұның басты себебі Қытайда мата өндіру деңгейінің жеткіліксіздігі және олардың әлемдік нарықта қабылданған сапа өлшемдеріне сәйкес келмеуі болып табылады.

Сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі үлесі 20-30 % болатын екінші стратегиялық бағыт бойынша fast fasion сегментінде белгілі брэндтерді пайдалану, жабдықтарды жаңалау және өндірісті жаңғырту, инновациялық технологияларды енгізу арқылы жұмыс жүргізуді көздейді. Бұл бағытта тауар өткізілетін негізгі рыноктар ретінде әлеуметтік-экономикалық ахуалдың жақсару үрдісі байқалатын Орталық Азия елдері және Ресей назарға алынып отыр. Қазақстандық компаниялардың өнімдері орта тапқа бағдарланған.

Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, тоқыма саласының дамуына компаниялардың талшықтар мен жіп дайындаудан бастап дайын тігін бұйымдарын өндіруге дейін - тұйықталған өндіріс циклы бар холдингтерге экономикалық және стратегиялық пайдалы бірлесулері ықпалын тигізеді.

Бәсекеге қабілетті тоқыма сегментін құру қосылған құнды ұлғайтып және тігін

кәсіпорындарында одан әрі өңдеу үшін өнім өндіруді жолға қойып, республикада өндірілетін мақтаны қайта өңдеуге мүмкіндік береді.

Бұл стратегия Оңтүстік Қазақстан облысында»"Оңтүстік" АЭА-ның дамуы бойынша бағдарламада көрініс тауып отыр.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында

Мақсат - бәсекеге қабілетті, экспортқа бағытталған, ауыл шаруашылығы шикізатының қайта өңделген өнімдерін өндіру.

М і н д е т т е р :

қазақстандық бизнес үшін тауашалар анықтау мақсатында нарықтар мен салалардың маркетингілік және технологиялық зерттеулерін жүргізу;

басым салаларда бірқатар жоғары технологиялық өндіріс құру;
еңбек өнімділігін арттыру және энергия қажетсінуді төмендету бойынша нақты шараларды анықтау ;

қосылған құны жоғары тауарлар мен қызмет көрсету пайдасына еліміздің экспорттық әлеуетін әртараптандыру;

ISO және HACCP халықаралық стандарттар негізінде сапа менеджменті жүйесін енгізген кәсіпорындар санын ұлғайту;

экологиялық таза тамақ өнімдерінің түрлерін, "Халал" өнімдерін өндіру және сыртқы нарыққа жеткізу .

2010 жылға дейінгі іс-шаралар :

ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі ірі тауарлы өндірістер құруды ынталандыру ;

сапалы өнімдер өндірісін ынталандыру бойынша шараларды іске асыру, шикізатты дайындау, сақтау және алғашқы өңдеу бойынша мамандандырылған пункттер ұйымдастыру ;

екінші деңгейдегі банктердің ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау;

тамақ өнеркәсібі салаларын инвестициялау мәселелерінде даму институттарын жандандыру ;

буып-тую материалдарын өндіру көлемін және түрлерін ұлғайту жөнінде шаралар әзірлеу ;

ұлттық стандарттарды үйлестіру бойынша жұмыстарды күшейту, ISO және HACCP халықаралық стандарттар негізінде сапа менеджмент жүйесіне өтуді ынталандыру жөніндегі шараларды әзірлеу ;

ауыл шаруашылығы өнімінің көтерме базарлар жүйесін дамыту.

2008 жылға арналған іс-шаралар :

ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі ірі тауарлы өндірістер құруды ынталандыру ;

сапалы өнімдер ендіруді ынталандыру бойынша іс-шараларды әзірлеу және іске асыру, шикізаттарды дайындау, сақтау және алғашқы өңдеу жөніндегі мамандандырылған пункттер ұйымдастыру;

екінші деңгейдегі банктердің ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау;

тамақ өнеркәсібі салаларын инвестициялау мәселелеріндегі даму институттарын ж а н д а н д ы р у ;

ұлттық стандарттарды үйлестіру бойынша жұмыстар жүргізу, ISO және HACCP халықаралық стандарттар негізінде сапа менеджменті жүйесіне өтуді ынталандыру жөніндегі шараларды әзірлеу;

ауыл шаруашылығы өнімінің көтерме базарлар жүйесін дамыту.

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р :

ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу өндірісінің өсуі жыл сайын 5-7% құрайды;

отандық өндірісте ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу үлесінің ұлғаюы, шығарылатын өнім түрлерінің кеңеюі;

ішкі нарықтың ауыл шаруашылығы шикізатының қайта өңделген жоғары сапалы өнімдерімен қ а н ы қ т ы р ы л у ы ;

қайта өңдеу саласында кейбір өнімдер түрлерінің импортын ығыстыру;

жаңа жұмыс орындарының құрылуы, бюджетке түсетін түсімдердің ұлғаюы;

ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу бойынша кәсіпорындардың кірістілігінің а р т у ы ;

экспортқа бағытталған және импортты алмастыратын ауыл шаруашылығы шикізаттарының қайта өңделген өнімдері өндірісінің дамуы, қайта өңдеу саласындағы өнімнің өндіріс шығындарын және өнім бағасын төмендету есебінен оның бәсекеге қабілеттілігінің артуы, оның сапасының артуы.

Осы заманғы фармацевтика өнеркәсібі әлемдік экономиканың серпінді дамып келе жатқан және ғылымды аса қажетсінетін салалардың бірі болып табылады.

Экспортқа бағдарланған өндірісті дамыту мақсатында Жолға қойылған өндірістік практиканың (GMP) халықаралық стандартын кезең-кезеңімен енгізу жоспарланып отыр. GMP стандарттарын енгізу белгілі бір талаптардың сақталуын, персоналдың тиісті даярлық деңгейін сақтауды көздейді. Бұдан басқа, Жолға қойылған дистрибьютерлік практиканы (GDP) енгізу көзделіп отыр. Жолға қойылған практикаларды енгізу саланың дамуына бағдарланған өндірісті жаңғыртумен, қызметкерлерді оқытумен, қойма үй-жайларын қайта жарақтандырумен байланысты болып отыр.

3.4.3. 3-шара. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту

Мақсаты - отандық өнімнің бәсекелестік басымдықтарын дамыту, оның салаларының өнімділігі мен кірістілігінің өсуі негізінде орнықты дамуды қамтамасыз

е т у .

М і н д е т т е р і :

агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру;
аграрлық өндірісті әртараптандыруды қамтамасыз ету және оның инфрақұрылымын
д а м ы т у ;

қазақстандық тауарлардың экспорттық нарықтарға жылжуы үшін негізгі бағыттар
мен "тауашаларды" айқындау және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы нақты "
серпінді" ж о б а л а р д ы і с к е а с ы р у ;

агроөнеркәсіп салаларын қазіргі заманғы прогрессивтік энергия, ылғал және ресурс
үнемдеуші технологияларды енгізу негізінде техникалық және технологиялық
ж а ң ғ ы р т у д ы қ а м т а м а с ы з е т у .

Агроөнеркәсіп кешені саласында мемлекеттік саясатты жетілдіру саласында:
агроөнеркәсіптік кешенді орнықты дамыту жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған
і с - ш а р а л а р к е ш е н і н ә з і р л е у .

ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру көзделеді.

Агроөнеркәсіптік кешенді институционалдық қолдауды оңтайландыру үшін "
ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының құрылымдарын
функционалдық талдау, тиімділігін бағалау мен бейіндеу жүргізіледі.

Салалардың және биоотынның ішкі нарығының дамуы бойынша іс-шаралар кешені
ә з і р л е н е т і н б о л а д ы .

Аграрлық өндірісті әртараптандыру және оның инфрақұрылымын дамытуды
қ а м т а м а с ы з е т у с а л а с ы н д а :

агроөнеркәсіптік кешен салаларында өңірлерді мамандандыруды қамтамасыз ету
ж ө н і н д е г і ж ұ м ы с т а р д ы ж а л ғ а с т ы р у .

агроөнеркәсіптік кешен салаларының, ең алдымен, ауыл шаруашылығы
құрылымдарының өнімділігі мен кірістілігін арттыру жөніндегі шаралар кешенін
ә з і р л е у .

агроөнеркәсіптік кешенді қолдаудың және оның өнімінің нарықтарын реттеудің
ж а ң а т е т і к т е р і н е н г і з у :

ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорының қатысуымен шағын несие
ұ й ы м д а р ы н қ ұ р у ;

ауылдық округ деңгейінде ақпараттық-консультациялық қызметтермен қамтамасыз
е т у ;

республикада ауыл шаруашылығы өнімінің көтерме (коммуналдық) базарларын
д а м ы т у ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттігін арттыру және индустрияландыру
мақсатында кластерлік тәсіл кеңінен қолданылатын болады.

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі өндіріс, оның ішінде "ҚазАгро"
А Қ - н ы ң қ а т ы с у ы м е н д а м и д ы .

Қазақстандық тауарлардың экспорттық нарықтарға жылжуы үшін негізгі бағыттар мен "тауашаларды" айқындау және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы нақты "серпінді" жобаларды іске асыру саласында мынадай сипаттағы шаралар қабылданатын болады.

Ауыл шаруашылығы салаларын дамыту басымдықтарын қалыптастыру мақсатында шетелдік агроазықтүліктік нарықтардағы экспорттық "тауашаларды" анықтау жөнінде жұмыс жүргізілетін болады.

Агроөнеркәсіптік кешен өнімінің сыртқы нарықтарға жылжытылуы үшін экспорттық инфрақұрылымды қалыптастыру және оны одан әрі дамыту жөнінде шаралар қабылданады, сондай-ақ астықты және оның қайта өңдеу өнімдерін сыртқы нарықтарға тасымалдауды мемлекеттік қолдаудың нақты шаралары әзірленетін болады. Амирабад және Поти (Грузия) порттарында астық терминалдары салынатын және жарактандырылатын болады.

Агроөнеркәсіп салаларын қазіргі заманғы прогрессивтік энергия, ылғал және ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу негізінде техникалық және технологиялық жаңғырту мынадай жолмен қамтамасыз етіледі:

суармалы жерлерді дамыту және энергия, ылғал және ресурс үнемдеуші технологияларды, ауыл шаруашылығында су пайдалану мен қалдықсыз технологиялардың айналымды және тұйық жүйелерін енгізуді ынталандыру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу;

ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сыналатын сорттарының сапасын бағалау жөніндегі зертханаларды жарактандыру;

ауыл шаруашылығы машиналарын жасаудың басым бағыттары бойынша өндірісті әзірлеу мен ұйымдастыру жөніндегі бас жобалау-конструкторлық бюролар құру мен олардың тиімді жұмыс істеуі жөнінде шаралар әзірлеу.

Ескерту. 3.4.3-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.07.20. N 1101 Қаулысымен.

3.4.4. 4-шара. Сауда саясаты

Мақсат - қазақстандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған икемді сауда жүйесін жасау.

М і н д е т т е р :

сауда қызметін дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты халықаралық нормалар мен стандарттардың талаптарын есепке ала отырып жүргізу;

инновациялық технологияларды қолдану және инфрақұрылымды дамыту есебінен ішкі сауда жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес тұтынушылар құқығын қорғаудың тиімді жүйесін құру және оның жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асыру;

2008-2010 жылдарға арналған іс-шаралар:

қорғаныстық, демпингке қарсы және өтем шараларын қолдану жолымен

Қазақстандық өндірушілердің мүдделерін қорғау;
мемлекеттің индустриялық-инновациялық даму міндеттерін іске асыруға, Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіру кезінде қабылдайтын міндеттерін есепке ала отырып отандық өндірушілерді қолдауға бағытталған кедендік-тарифтік және тарифтік емес с а я с а т т ы ж ү р г і з у ;

сауда қызметін реттеу саласында заңнамалық актілерді жетілдіру;
отандық өндірушілерді тауарлардың өсіп отырған, демпингтік және субсидияланған импортынан қорғау тетігінің тиімділігін арттыру;
ЕурАЗЭҚ шеңберінде Кедендік одақ қалыптастырудың құқықтық базасын әзірлеуге қ а т ы с у .

"Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы" заң жобасын жаңа редакцияда әзірлеу;
о н ы ң і ш і н д е 2 0 0 8 ж ы л ы :

олардың негізінде импорттық кедендік баждардың ставкаларын өзгерту жөніндегі жұмыс жүргізілетін ДСҰ-ға кіру кезінде міндеттемелер қабылдау шеңберінде кеден статистикасының деректерін, әлемдік бағаларды есепке ала отырып ерекше және құрамаланған кедендік баждарды және арнайы кедендік баждарды қайта есептеуді ж ү р г і з у ;

мұнай шикізатына әлемдік бағалар өзгерген жағдайда мұнайдан өндірілген тауарларға әкетілетін кедендік баждардың мөлшерін есептеуді ай сайынғы негізде ж ү р г і з у ;

тауарлар импорты кезінде қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шараларды қолдану жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында экономиканың өнеркәсіптік секторының және сыртқы сауданың талдауын жүргізу.

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р :

Сауда саясатын қалыптастыру шеңберінде сауда қызметін реттеу, оның ішінде кедендік-тарифтік реттеу саласында заңнама жетілдірілетін болады, қорғау демпингке қарсы және өтемдік шараларды қолдану жолымен өндірушілердің мүдделерін қорғау жөнінде қабылданатын болады.

3.4.5. 5-пара. Құрылыс және құрылыс индустриясын дамыту

Құрылыс және құрылыс индустриясын дамыту саласында 2008 - 2010 жылдарға арналған басты мақсат жоғары қосылған құны бар бәсекеге қабілетті өнімдер шығаруды қамтамасыз ететін аса тиімді технологиялық өндірістер енгізу болып т а б ы л а д ы .

2008-2010 жылдарға арналған міндеттер:

шыны, цемент, жылуокшаулағыш және жабын материалдар, каптағыш кірпіш сияқты құрылыс материалдарын шығаруды ұйымдастыру;

2010 жылы құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібі өнімінің негізгі түрлерін құрылыстың тұтыну көлемінен 60-70%-ға дейін қамтамасыз е т у .

2008-2010 жылдарға жоспарланған іс-шаралар:

Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамыту бағдарламасы шеңберінде құрылыс саласының қажеттілігін қамтамасыз ету және осы заманғы сапалы, бәсекеге қабілетті өндірістерді алу бойынша жаңа өндірістерді құру мақсатымен 2010 жылы іске қосылатын мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру к ө з д е л у д е :

жылына қуаттылығы 52 млн. шартты шаршы метр табақты шыны өндіретін зауыт
қ ұ р ы л ы с ы н с а л у ;

жалпы қуаттылығы жылына 8,5 млн. шаршы метр керамикалық тақта мен
к е р а м о м ә р м ә р ө н д і р у ;

жылына қуаттылығы 248 млн. шартты шаршы метр қаптама және керамикалық
к і р п і ш ө н д і р і с і н ұ й ы м д а с т ы р у ;

жалпы қуаттылығы жылына 3,2 млн. тонна цемент зауыттарын салу;
құрылыс жаппай жүргізіліп жатқан өңірлер үшін жылына қуаттылығы 300 мың
текше метр көбікбетон блоктар өндірісін ұйымдастыру;
жылына 380 мың текше метр жылу оқшаулағыш материалдар шығару.

3.4.6. 6-шара. Техникалық реттеу жүйесін жетілдіру

Мақсаты - өнім мен процестердің адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған ортаны қорғау үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ саудадағы техникалық кедергілерді жою.

М і н д е т т е р і :

техникалық реттеу саласындағы заңнаманы жетілдіру;
техникалық регламенттерде ең аз қажетті талаптарды белгілеу жолымен әкімшілік
к е д е р г і л е р д і ж о ю ;

адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін өнім туралы ақпаратпен жинау
ж ә н е а л м а с у ж ү й е с і н құру ;

мемлекеттік стандарттарды халықаралық талаптармен үйлестіру, техникалық
регламенттерді әзірлеу үшін айғақтау базасын құру;

аккредиттеу және сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды дамыту және жетілдіру
ү ш і н ж а ғ д а й ж а с а у ;

сәйкестікті растау жөніндегі отандық органдар мен зертханаларды халықаралық
д е ң г е й д е т а н у ;

отандық кәсіпорындарды халықаралық менеджмент жүйесінің стандарттарына өту
ү ш і н ы н т а л а н д ы р у ж ә н е ж а ғ д а й ж а с а у ;

экономика салаларының қажеттілігін метрологиялық қамтамасыз ету үшін эталон
б а з а с ы н ж е т і л д і р у ;

техникалық реттеу бойынша жұмыстарды үйлестіру жөніндегі функциялар мен
стандарттау және аккредиттеу жөніндегі функциялардың ара жігін ажырату.

Аккредиттелген ұйымдар, оның ішінде интеграциялық бірлестіктер шеңберінде

беретін аккредиттеу, сертификаттар мен хаттамалар жүйелерінің баламалығы жөніндегі көп жақты және екі жақты келісімдер жасасу жөнінде (қазақстандық экспортты жылжыту үшін "жасыл дәліз" құру), мемлекеттік органдар сынақ зертханаларын (орталықтарын) құру жөнінде шаралар қабылдауы және жұмыс істеп тұрған сынақ зертханаларының (орталықтарының) жұмысын жетілдіруі қажет.

Техникалық реттеу саласында мемлекеттік саясатты жетілдіру саласында: қажетті заңнамалық актілерді, техникалық регламенттерді әзірлеу және қабылдау; техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін ықтимал қауіпті өнімдердің есебін жүргізу;

өнімнің өмірлік кезеңінің барлық сатыларында қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша оны қадағалау жөніндегі функциялардың аражігін ажырату және мемлекеттік метрологиялық қадағалау саласын қысқарту;

анықталған тәртіп бұзушылықтар үшін жазаның қайтымсыздығы мен шамалас болуын қамтамасыз ету, аумақтық бақылау органдарын, оның ішінде жедел талдаулар жүргізу үшін арнайы жабдықпен қамтамасыз ету;

техникалық регламенттердің талаптарын орындауда айғақтау базасы ретінде қызмет ететін үйлестірілген стандарттар әзірлеу;

республикада стандарттау жөніндегі жаңа техникалық комитеттер құру және олардың халықаралық стандарттау ұйымы (ISO), Халықаралық электротехникалық комиссия (IEC) мен Еуропалық стандарттау комитеті (CEN) халықаралық техникалық комитеттерінің жұмысына қатысуын қамтамасыз ету;

қажетті халықаралық стандарттарды сатып алу және оларды түпнұсқа тілінен, оның ішінде материалдық, табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу, телекоммуникация мен инфрақұрылым мәселелеріне байланысты, әсіресе, шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды қазақ және орыс тілдеріне аудару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағыныстағы кәсіпорны базасында стандарттау жөніндегі ұлттық орган құру;

салалық мемлекеттік органдарда стандарттау қызметтерін құру;

техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты кәсіпорны базасында сәйкестікті растау органдарын аккредиттеу жөніндегі ұлттық орган мен зертханалар құру;

шекара маңы сауда орталықтарын салу шеңберінде, сондай-ақ бейінді емес мемлекеттік активтерді бәсекелі ортаға беру есебінен өнім жөніндегі сынақ зертханаларын құру көзделіп отыр.

Жаңа Техникалық реттеудің моделіне көшу:

ұлттық эталон базасын жетілдіру, оның шетелдік ұқсас желілерге сәйкес келуіне қ о л ж е т к і з у ;

жаңа материалдар, биотехнология, ядролық технологиялар мен жаңартылатын

энергия көздері технологиялары, көмірсутегі және тау-кен-металлургия секторларына арналған технологиялар және оларға байланысты сервистік салалар, сондай-ақ ақпараттық және ғарыш технологиялары саласындағы жоғары технологиялы өлшеу, сынау жабдығы құралдары мен эталондарын жаңғырту және олармен жарақтандыру жөнiнде т ал да у жү р гі зу ;

өлшеу құралдарын сынаудың мемлекеттік орталығын құру;
кәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау менеджменті, экологиялық менеджмент жүйелеріне және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйелеріне арналған стандарттарды енгізуді нормативтік және әдістемелік қамтамасыз ету;

өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарында менеджмент жүйелерін жедел енгізу үшін х а л ы қ а р а л ы қ с а р а п ш ы л а р д ы т а р т у ;

менеджмент жүйелерін енгізетін және халықаралық стандарттар бойынша өнім шығаратын кәсіпорындарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсының лауреат кәсіпорындарын ынталандырудың экономикалық және қ а р ж ы л ы қ т е т і к т е р і н ә з і р л е у ;

техникалық регламенттерді, стандарттарды әзірлеу, зертханалар құру, даму институттарының қызметі шеңберінде жаңа өндірістер ашу кезінде менеджмент ж ү й е л е р і н е н г і з у ;

халықаралық деңгейдегі сарапшы аудиторларды даярлау және біліктілігін арттыру;

бұқаралық ақпарат құралдарында техникалық реттеудің халықаралық моделіне көшу идеясын кеңінен жария ету жолымен қамтамасыз етіледі.

3.5. 5-басымдық. Өңірлердің теңдестірілген дамуы

3.5.1. 1-шара. Экономикалық өсу орталықтары мен "нүктелерінің" дамуы

2008-2010 жылдарға арналған өңірлік дамудың негізгі мақсаты - перспективті және экологиялық қолайлы аудандарда бәсекеге қабілетті мамандануды қалыптастыру мен еңбек және экономикалық ресурстарды қалыптастыру негізінде өңірлердің орнықты да м у ы н қ а м т а м а с ы з е т у .

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 тамыздағы N 167 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясын (бұдан әрі - Аумақтық даму стратегиясы) және өңірлердің бәсекелестік стратегиясын іске асыру шеңберінде орта мерзімді кезеңде қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін алға мына міндеттерді шешу қажет:

елдің және оның өңірлерінің ұстанымдануының жаңа міндеттеріне сәйкес келетін аумақтарды экономикалық тиімді ұйымдастыруды қалыптастыру;

- экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру, Астана және Алматы қ а л а л а р ы н ы ң да м у ы .

2010 жылға дейін мынадай іс-шаралар жүргізілетін болады:

Елдің және оның өңірлерінің ұстанымдануының жаңа міндеттеріне сәйкес

аумақтарды экономикалық тиімді ұйымдастыруды қалыптастыру саласында:

өңірлік және ұлттық еңбек бөлінісінде ұстанымданудың перспективаларын айқындай отырып, тірек қалалардың даму стратегияларын (бәсекелестік стратегиясы) қабылдау;

облыс аумақтарының қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын бекіту; халықты таратып қоныстандыру мен өндірістік күштерді орналастыру жүйесін қоса алғанда, оның негізгі ережелерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасы аумағын ұйымдастырудың бас схемасын қабылдау;

әкімшілік-аумақтық жайластыруды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

Экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру, Астана және Алматы қалаларының дамуы саласында:

"үдемелі" өсу аймақтарын қалыптастыру жөніндегі өңірлік бастамаларға селективті қолдау көрсету және халықаралық қаржы даму институттарымен бірлесіп, ірі инновациялық жобаларды қаржыландыру мәселелерін пысықтау;

өңірлерде өнеркәсіп кәсіпорындарын, технопарктерді, индустриялық және арнайы экономикалық аймақтарды орналастыру;

құрылысты ұтымды салу және олардың орналасу жиілігі мәселелерін шешу мақсатында ірі мегаполис қалалардың айналасындағы серіктес қалаларды дамыту мәселелерін пысықтау.

Астана қаласын одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 17 наурыздағы N 67 Жарлығымен бекітілген Астана қаласының 2030 жылға дейінгі тұрақты дамуының стратегиялық жоспары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 4 мамырдағы N 111 Жарлығымен бекітілген Астана қаласының 2006-2010 жылдарға арналған әлеуметтік экономикалық дамуының мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жалғасады және:

оң жақ және сол жақ жағалауда оңтүстік-шығыс бағытында екі жаңа орталық;

ұлттық биотехнология орталығын;

әлемдік стандарттардың барлық талаптарына сай келетін осы заманғы медицина кластерін;

осы заманғы университетін салу басталады.

Бұдан басқа, Астана қаласында су ресурстарын зерттеу және қорғау мәселелерін кешенді шешуге арналған Еуразиялық су орталығы құрылады.

Аумақтық даму стратегиясын іске асыру шеңберінде жекелеген рекреациялық аймақтардың туристік әлеуетін дамыту бойынша жұмыстар басталады.

Алматы қаласын ірі өңірлік қаржы және іскерлік белсенділік орталығы ретінде одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 1019 Жарлығымен бекітілген Алматы қаласын дамытудың 2003 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, Алматы қаласының 2015 жылға дейінгі даму стратегиясын (бәсекелік стратегиясын), сондай-ақ қабылдау және

іске асыру көзделіп отыр.

2008 жылға арналған іс-шаралар

Елдің және оның өңірлерінің ұстанымдануының жаңа міндеттеріне сәйкес аумақтарды экономикалық тиімді ұйымдастыруды қалыптастыру саласында:

өңірлік және ұлттық еңбек бөлінісінде ұстанымданудың перспективаларын айқындай отырып тірек қалалардың даму стратегияларын (бәсекелестік стратегиясы) қабылдау;

халықты таратып қоныстандыру мен өндірістік күштерді орналастыру жүйесін қосалғанда, оның негізгі ережелерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу жоспарланып отыр;

Экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру, Астана және Алматы қалаларының дамуы саласында:

экономикалық өсу орталықтарының (тірек қалалардың) тізбесін айқындау; өнеркәсіп кәсіпорындарын орналастыру, индустриялық және арнайы экономикалық аймақтар құру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

оң жақ және сол жақ жағалауда оңтүстік-шығыс бағытында екі жаңа орталық салуды есепке ала отырып, Астана қаласының Бас жоспарына өзгерістер енгізу;

құрылысты ұтымды салу және олардың орналасу жиілігі мәселелерін шешу мақсатында ірі мегаполис Алматы және Астана қалаларының айналасында серіктес қалаларды дамыту мәселелерін пысықтау;

2008-2010 жылдарға арналған күтілетін нәтижелер:

2008-2010 жылдары экономикалық әлеует пен халықты таратып орналастырудың, аумақтарды экономикалық ұйымдастырудың кеңістіктегі тиімді ұйымдастырылуы үшін алғышарттар жасалатын болады.

Нәтижесінде елдің аумақтық-экономикалық ұйымдастырылуының кластерлік дамуға негізделген өзін өзі ұйымдастыруының және ішкі ресурстарды жұмылдыруының, өңірлердің бәсекеге қабілетті мамандандырылуының және жаңа үлгісінің алғышарттары қалыптаса бастайтын болады.

Экономикалық үдерістерге "Самұрық", "Қазына" және "ҚазАгро" мемлекеттік холдингтері, экономикалық субъектілердің кең ауқымы тартылып, олар өңдеу өнеркәсібінің дамуын, кәсіпкерліктің дамуын және еліміздің қоғамдық орнықты дамуының негізі ретінде орта тапты қалыптастыруды ынталандыратын болады.

Астана қаласын дамыту жөніндегі кешенді шараларды іске асыру Астананың осы заманғы әлемдік стандарттарға сай астана ретінде, Еуразиядағы халықаралық өзара іс-қимылдың ірі орталықтарының бірі ретінде орнығуына ықпалын тигізеді.

Астана қаласы өзінің төңірегіндегі іргелес орналасқан аумақтарды тарта отырып, айналасында тораптық "өсу аймағын" қалыптастырып, іргелес аумақтардың дамуына серпін береді және Қарағанды және Ақмола облыстары үшін "өсу локомотивіне" айналады.

Қаржылық және іскерлік белсенділіктің өңірлік орталығы ретінде қалыптасу жолымен Алматы қаласы 2009 жылы іскерлік белсенділіктің ірі халықаралық орталығы ретінде, халықаралық жетекші қаржылық, сақтандыру және басқа да компаниялар үшін тартымды орталық ретінде одан әрі дами түсетін болады; өңірлік қаржы орталығы дамуының мультипликативті әсері еліміздің одан әрі экономикалық дамуына ықпалын тигізетін болады.

Оның ішінде 2008 жылы:

өңірлік және ұлттық еңбек бөлінісінде тірек қалалардың ұстанымдану перспективалары, сондай-ақ облыс аумақтары қала құрылысының кешенді схемалары айқындалатын болады;

халықты таратып қоныстандыру мен өндірістік күштерді орналастыру жүйесін қоса алғанда, оның негізгі ережелерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасы әзірленеді;

оң жақ және сол жақ жағалауда оңтүстік-шығыс бағытында екі жаңа орталық салуды есепке ала отырып, Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру жүзеге асырылады.

3.5.2. 2-шара. Өңірлердің әлеуметтік инфрақұрылымының дамуы

Мақсат - өңірлердің әлеуметтік инфрақұрылымы объектілерінің желілерін оңтайлы дамыту арқылы мемлекет кепілдік беретін ұсынылатын әлеуметтік қызметтің жалпыға бірдей қол жетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін 2007 жылдың соңына дейін білім және денсаулық ұйымдары желілерінің кепілдендірілген мемлекеттік нормативтері нақтыланатын болады және олардың негізінде әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қажеттілікті және әлеуметтік салада басым инвестициялық жобалардың тізбесін қалыптастырудың жаңа әдістемесі әзірленетін болады.

Бұл ретте, мақсатты міндет ретінде қабылданатындар:

елді мекендерде, аудандарда (қалаларда) әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің қажетті, нормативке сәйкес тиісті желілерінің құрылысын салу;

оларды жаңалау немесе күрделі жөндеу мүмкін болмаған жағдайда және оларды жою қажеттілігі туындағанда санитарлық-пайдалану нормаларына сай келмейтін тозған және апатты жағдайдағы қорды алмастыру;

әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің жүктемелерінің асып кетуін жою.

Жаңа объектілерді салу басым түрде әр түрлі қуаттағы, табиғи-климаттық нақты жағдайларға бейімделген, олардың осы заманғы жабдықтармен жарақтандырылуы көзделетін үлгі жобалар негізінде жүзеге асырылатын болады.

Тұтастай алғанда, аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымының одан әрі дамуы қалалық агломерацияларды қалыптастырумен ұштастырыла жүзеге асырылатын болады және әзірленуі 2008 жылға жоспарланып отырған облыс аумақтарының қалақұрылысы дамуының кешенді схемаларында және Қазақстан Республикасы

аумағын ұйымдастырудың бас схемасында көрініс табатын болады.

Индустриялық аймақтар және әлеуметтік инфрақұрылымдарымен АЭА-тар орналастырылатын экономикалық өсу орталықтарын толықтыру бойынша мәселелер пысықталатын болады.

Жаңа объектілерді салу және қолданыстағы объектілерді жаңалаудан басқа басым міндеттердің бірі әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін санитарлық-пайдалану нормаларына, құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес келтіру, сондай-ақ оларды жарақтандыру нормативтеріне сәйкес жарақтандыру болып табылады.

3.5.3. 3-шара. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың дамуы

Мақсат - мемлекеттік және жеке меншік сектордың ықпалдасуы жолымен өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу, кластерлік әдіс негізінде бірыңғай экономикалық нарықты құру.

Міндеттер:

экономикалық үдерістерге экономикалық субъектілердің кең ауқымын қатыстыру, инвестициялар тарту;

өңірдің әлеуметтік дамуына бағытталған жобаларды әзірлеу және қаржыландыру.

2008 жылға арналған іс-шаралар:

Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар туралы заң жобасы әзірленетін болады.

Күтілетін нәтиже:

Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар құрудың нәтижесінде бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер жасау, өңірлерде жұмыс орындарын ұлғайту, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өнімділігін арттыру, қосылған құны жоғары экспортқа бағдарланған отандық өнімдерді сату, тиімсіз мемлекеттік кәсіпорындардың санын қысқарту, кәсіпкерлік субъектілері өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру күтіліп отыр.

Ескерту. 3.5.3-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.02. N 89 Қаулысымен.

3.6. 6-басымдық. Кәсіби Үкімет

3.6.1. 1-шара. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру

Мақсаты - мемлекеттік қызметтердің сапасын және қолжетімділігін арттыру.

Міндеттері:

халыққа мемлекеттік қызмет ұсынудың регламенттерін кезең-кезеңімен енгізу;

жоғары сапалы мемлекеттік қызметтерді ұсынуға бағытталған мемлекеттік қызметшілердің және ұйым қызметкерлерінің уәждеме жүйесін құру;

мемлекеттік қызметті ұсыну бойынша әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру;

мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызметке ISO сапа менеджменті стандарттарын енгізу;

мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпаратты-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану.

"Мемлекеттік қызмет" түсінігі заңды түрде бекітілді, мемлекеттік қызмет

көрсетудің сапасы мен қол жетімділік көрсеткіштерінің нормативтік мәнін, жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл тәртібін және олардың белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік қызметтерді алу құқықтарын белгілейтін» Мемлекеттік қызмет көрсетудің үлгілік регламенті бекітіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету тізілімі әзірленді. Халыққа мемлекеттік қызметтерді ұсынатын мемлекеттік органдар мен ұйымдар, үлгілік регламенттің негізінде мемлекеттік қызмет көрсетудің тиісті регламенттерін әзірлейді. Көрсетілген органдардың қызметіне ISO сапа менеджменті стандарттары енгізілетін болады.

"Бір терезе" қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтер санының ұлғаюымен халыққа мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін дамыту бойынша жұмыстар жалғасатын болады.

Мемлекеттік органдар қызметін бағалау мен тиімділігінің аудиты элементтерінің бірі ретінде халыққа қызмет көрсету сапасының ішкі және тәуелсіз сыртқы бағасын енгізу жоспарлануда. Осы мақсатта мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалау бойынша халықтың тұрақты әлеуметтік сауалдары енгізіледі. Бағалау нәтижелері жалпыға ортақ бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялануға тиіс болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында және мемлекеттік қызметшілерді оқытудың өңірлік орталықтарында халыққа мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша оқу бағдарламалары іске асырылады. Сонымен қатар, халыққа мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жауапкершілігі күшейтіледі.

Іс-шараларды орындаудың нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасы артады, халық үшін олардың ашықтығы мен қол жетімділігі, сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету қамтамасыз етілетін болады, әкімшілік кедергілер жойылатын болады, мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі артатын болады.

3.6.2. 2-пара. Мемлекеттік қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру

Мақсат - қазіргі заманғы экономикалық жағдай мен мемлекеттің ресурстық мүмкіндіктерге сәйкес кәсіби мемлекеттік қызметтің талаптарына сай мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру.

М і н д е т т е р і :

оқытудың сапасы мен тиімділігін арттыру;
оқыту инфрақұрылымын дамыту;
оқыту жүйесін ресурстық қамтамасыз етуге барабар орнықты тетік жасау;
оқытуды басқарудың тиімді жүйесін жасау;
оқытуды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.

Қойылған міндеттерді шешу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару

академиясының базасы негізінде ұлттық басқару мектебін құру туралы Жарлығының
ж о б а с ы ә з і р л е н е д і .

2008-2010 жылдарға арналған, соның ішінде 2008 жыл бойынша күтілетін
н ә т и ж е л е р :

Осы заманғы талаптарға сәйкес мемлекеттік қызметшілерді оқытудың сапасын
арттыру.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

2 9

т а м ы з д а ғ ы

№

7 5 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

2-бөлім. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік реттеуіштері Әлеуметтік сала дамуының реттеуіштері

Ескерту. Кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.05.16 N 463, өзгерту енгізілді
- ҚР Үкіметінің 2008.12.22 N 1197 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз),
2009.12.30 № 2274 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулыларымен.

Атауы	2007 ж. есеп	2008 ж. баға	Болжам	
			2009 ж.	2010 ж.
Еңбекақының ең төменгі мөлшері, теңге	9752.0	12025*	13107.0	14156.0
Базалық зейнетақы төлемінің мөлшері, теңге	3000.0	4810*	5243.0	5662.0
Зейнетақының ең төменгі мөлшері, теңге	7236,0	7900.0	8769.0	9646.0
Күнкөріс минимумы, теңге	8861,0	12025*	13107.0	14156.0
Айлық есептік көрсеткіш, теңге	1092.0	1168.0	1273.0	1375.0
Жұмыс күшінің импортының үлесі (Қазақстан Республикасының шекара бойындағы облыстардағы ауылшаруашылық жұмыстарында еңбек қызметін атқару үшін тартылған еңбекші-мигранттарды қоса алғанда)	0,98	1,60	0,75	0,75

* 2008 жылдың 1 шілдесінен бастап

**Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп
көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына)
бағалардың және тарифтердің шекті өсуі**

Көрсеткіштер	2007 ж. желтоқсан	2008 ж. желтоқсан	2009 ж. желтоқ- с а н	2010 ж. желтоқ- с а н
	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж. желтоқ-	2009 ж. желтоқ-

	желтоқ- санға, %, бағалау	желтоқ- санға, %, бағалау	санға, % , бағалау	санға, % , бағалау
Электр энергиясын өңіраралық деңгейдегі электр желілері арқылы беру	115,5	115,8	113,5	117,1
Электр энергиясын өңірлік және жергілікті деңгейдегі электр желілері арқылы беру	118,2	158,0	107,0	112,0
Электр энергиясын желіге жіберуді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру	115,0	115,0	104,8	101,1
Табиғи газды тасымалдау:				
таратушы құбыржолдар арқылы	110,0	110,0	108,0	104,8
магистральды құбыржолдар арқылы	100,0	100,0	100,0	100,0
Мұнайды магистральды құбыржолдар арқылы тасымалдау	125,0	100,0	100,0	100,0
Жылу энергиясымен қамтамасыз ету, соның ішінде өндіру, беру және (немесе) тарату	130,0	168,0	107,0	108,0
Су шаруашылығы жүйесінің қызметтері:				
магистральды құбыржолдар және (немесе) арналар арқылы	117,5	113,3	108,9	106,5
таратушы құбыржолдар арқылы су беру	107,4	196,0	109,0	108,0
Ағынды суларды ағызу	112,7	176,0	108,0	108,0
Порттардың қызметтері:				
тиеу-түсіру жұмыстары	108,0	108,0	103,0	103,0
кеменің кіруі	108,0	108,0	103,0	103,0

Әуе жайлардың қызметтері:				
Әуе кемесінің ұшуын және қонуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	108,0	108,0	112,0	112,0
Әуе кемесінің авиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	138,0	138,0	101,0	101,0
ӘК жолаушылар жүктер үшін 6 сағаттан және жүк үшін 3 сағаттан астам аялдау орындарын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	108,0	108,0	112,0	112,0
әуе кемесін деректендіру жөніндегі қызметтер	108,0	103,0	112,0	112,0
Пошта байланысының жалпыға қол жетімді қызметтер:				
жай хат жіберу	102,0	102,0	102,0	102,0
жай карточка жіберу	102,0	102,0	102,0	102,0
жай бандероль жіберу	102,0	102,0	102,0	102,0
Кіреберіс жолдарының қызметтері				
жылжымалы құрамды жүргізу үшін кіреберіс жолдарын қамтамасыз ету	127,0	127,0	102,0	102,0
маневрлік жұмыстары үшін кіреберіс жолдарын қамтамасыз ету	108,0	103,0	103,0	103,0

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 29 тамыздағы
N 753 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. 3-бөлім жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2008.05.16 N 463 , өзгерту енгізілді - 2008.10.21 N 967
Қаулыларымен.

3-бөлім. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2008-2010 жылдарға арналған маңызды көрсеткіштерінің болжамы
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2007 ж. есеп	2008 ж. есеп	Болжам	2010 жыл % бен 2007 жылға қарағанда	
2009 ж.	2010 ж.				
Халықтың жалпы саны, мың адам	15488,9	15675,2	15865,6	16059,5	103,7
Экономикада жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам	7558,2	7720,2	7870,5	8001,7	105,9
Зейнеткерлер саны (орташа жылдық), мың адам	1636,6	1636,9	1648,9	1664,9	101,7
Орташа айлық зейнетақы мөлшері, теңге	10823,0	13660,0	17075,0	21344,0	197,2
Нақтылы еңбек-ақы, өткен жылға қарағанда %-бен (шағын кәсіпорындарды есепке алғанда)	117,8	104,5	105	105,3	115,5
Атауы	2007 ж. есеп	2008 ж. баға	Болжам	2010 жыл %- бен 2007 жылға қарағанда	
2009 ж.	2010 ж.				
Жалпы ішкі өнім, млрд. теңге	12849.8	15909.8	17743.8	20737.6	
өткен жылға қарағанда нақты өзгерісі %-бен	108.9	105.0	106.0	105.6	117.9
халықтың жан басына ЖІӨ, АҚШ долл.	6771.6	8340	9036.0	10387.0	154.4
ЖІӨ-нің салалық құрылымы, %-бен	100.0	100.0	100.0	100.0	
Тауар өндірісі	43.9	45.1	42.7	42.7	
соның ішінде:					

өнеркәсіп	28.2	28.4	24.1	23.2	
ауылшаруашылық	5.7	5.5	5.8	5.9	
құрылыс	10.0	11.3	12.9	13.7	
Қызметтер өндірісі	54.4	53.7	56.9	57.6	
Таза салық	6.6	7.1	7.7	7.8	
Қаржылық дел- далдық қызметі	-4.8	-5.9	-7.4	-8.3	
Тұтыну бағасы- ның индексі, %-бен (кезең соңына)	18,8	7,9-9,9	7,5-9,5	7-9	
Мемлекеттік бюджет тапшы- лығы %-бен ЖІӨ-ге	-1.7	-2.1	-1.0	-0.8	
Тауарлар экс- порты (FOB), млн. АҚШ долл.	48349.1	62075.1	60958.9	68423.4	141.5
өткен жылға қарағанда %-бен	124.7	128.4	106.4	112.2	
Тауарлар им- порты (FOB), млн. АҚШ долл.	33208.5	39316.0	48339.2	57572.0	173.4
өткен жылға қарағанда %-бен	137.7	118.4	123.0	119.1	
Өнеркәсіп өнімдерінің (жұмыстар, қызметтер) көлемі, млрд. теңге	7703.8	9509.4	9155.9	10301.8	
өткен жылға қарағанда нақ- ты өзгерісі %-бен	104.5	102.0	108.2	104.9	115.8
Ауыл шаруашы- лығының жалпы өнімі, млрд. теңге	1069.6	1266.9	1508.0	1794.9	
өткен жылға қарағанда нақ- ты өзгерісі %-бен	108.5	103.0	103.5	103.5	110.3
Құрылыс, млрд. теңге	1591.8	2200.5	2851.9	3542.1	

өткен жылға қарағанда нақ- ты өзгерісі %-бен	116.4	108.0	108.0	108.0	126.0
Көлік қызметі, млрд. теңге	2112.0	2397.0	2758.6	3176.6	
өткен жылға қарағанда нақ- ты өзгерісі %-бен	107.7	105.0	106.4	106.1	118.5
Байланыс, млрд. теңге	356.8	472.8	596.3	752.2	
өткен жылға қарағанда нақ- ты өзгерісі %-бен	133.0	125.0	119.0	119.0	177.0
Сауда, млрд. теңге	2760.2	3364.7	3994.6	4657.7	
өткен жылға қарағанда нақ- ты өзгерісі %-бен	113.5	106.0	106.0	106.0	119.1
Өткен жылғы қарағанда ең- бек өнімділі- гінің өзгерісі, %-бен	6.6	5.4	6.0	5.8	

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 29 тамыздағы
N 753 қаулысымен

бекітілген

Ескерту. 4-бөлім жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2008.10.21 N 967 Қаулысымен.

**4-бөлім. 2008-2010 жылдарға арналған қолданыстағы және
әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық)
бағдарламалардың тізбесі**

р / с N	қол- да- ныс- тағы МБ N	әзі- рле- не- тін МБ N	қол- да- ныс- тағы са- лалық бағ- дар- лама- лар- дың N	әзір- лене- тін са- ла- лық бағ- дар- лама- лар- дың N	Бағдарлама- ның атауы (Бағдарлама не м е с е Бағдарлама- ның әзірлеу негіздемесі бекітілген нормативтік құқықтық акт)	Іске асыру кезе- ңі	Жалпы орын- дау- шылар	Болжамды шығыстар (млн. теңге)
------------	-------------------------------------	------------------------------------	---	--	---	------------------------------	---------------------------------	---

республика									
-									
л ы қ									
бюджет									
Саны	2007 ж.	2008 ж.							
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
					Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия				
					Қолданыстағы мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар				
1	1				Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1677 Жарлығы)	2006-2016	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі ұлттық комиссия	0,0	0,0
					Өзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар				
2				1	Қазақстан Республикасындағы отбасы мен неке беделін арттыру жөнінде 2008-2010 жылдарға арналған бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысымен 146-	2008-2010	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі		0,0

				тармағына сәйкес әзір- ленуде)		дегі ұлттық комис- сия	0,0	
				Мемлекеттік бойынша жиыны:	орган	1	0,0	0,0
				мемлекеттік бағдарлама- лар:		1	0,0	0,0
				о л а р д ы ң ішінде қолда- ныстағылары		1	0,0	0,0
				с а л а л ы қ бағдарлама- лар:		1	0,0	0,0
				о л а р д ы ң ішінде әзір- ленетіндері		1	0,0	0,0
				Қазақстан Республикасы ақпарат министрлігі (206)	Мәдениет және			
				Қолданыстағы (секторалдық) бағдарламалар	мемлекеттік және салалық			
3	1			Тілдерді қол- дану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы ақпандағы N 550 Жарлығы)	2001- 2010	МAM	2981,4	3072,8
4			1	"Көне Отырар- ды қалпына келтіру" 2005-2009 жылдарға арналған бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйек- тегі N 1009 қаулысы)	2005- 2009	МAM	52,3	76,5
				Мәдениет саласын		МAM, АШМ,		

5			2	дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қарашадағы N 1161 қаулысы)	2006- 2008	Әді- летми- ні, Еңбек- мині, СІМ, Астана қала- сының әкім- дігі	2831,8	2619,7
6			3	Этносаралық және конфес- сияаралық келісімінің қазақстандық моделін жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 маусымдағы N 593 қаулысы)	2006- 2008	МAM	312,9	340,7
7	2			Шетелде тұра- тын отандас- тарды қолдау- дың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 21 қарашадағы N 1673 Жарлы- ғы)	2005- 2007 (2008 жылға дейін ұзар- ту)	МAM	622,3	542,4
8			4	Мұрағат ісін және құжатта- ма жүйелерін дамытудың 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасы			20,6	
						МAM		21,8

				(Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 қарашадағы N 1153 қаулысы)	2007-2009			
9		5		2007-2009 жылдарға арналған "Мәдени мұра" бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 желтоқсандағы N 1203 қаулысы)	2007-2009	MAM	1873,6	1376,5
				Әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар				
10		1		"Қазақстанның мәдениет пен өнерінің 2009-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысының 161-тармағына сәйкес әзірленуде)	2009-2011	MAM	0,0	0,0
				Мемлекеттік орган бойынша жиыны:		8	8694,9	8050,4
				мемлекеттік бағдарламалар:		3	3603,7	3615,2
				олардың ішінде қолданыстағылары		2	3603,7	3615,2
				олардың ішінде әзірленетіндері		1	0,0	0,0
				салалық бағдарламалар:		5	5091,2	4435,2

				олардың ішінде қолданыстағылары		5	5091,2	4435,2
				Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі (205)				
				Қолданыстағы мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар				
11	1			Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 230 Жарлығы)	2007-2011	TCM	13658,0	17161,0
12	2			Қазақстан Республикасында туризм саласын дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 231 Жарлығы)	2007-2011	TCM	2329,7	505,5
				Мемлекеттік орган бойынша жиыны:		2	15987,7	17666,5
				мемлекеттік бағдарламалар:		2	15987,7	17666,5
				олардың ішінде қолданыстағылары		2	15987,7	17666,5
				Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (201)				
				Қолданыстағы мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар				

13	1			Қазақстан Республикасында наша-корлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006-2014 жылдарға арналған стратегиясы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1678 Жарлығы)	2006-2014	ІІМ	0,0	0,0
14			1	Қазақстан Республикасында наша-корлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 240 қаулысы)	2006-2008	ІІМ	442,6	396,556
15			2	Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрестің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1355 қаулысы)	2005-2007 (2008 жылға дейін ұзарту)	ІІМ	2321,3	1655,261

					Мемлекеттік орган	3	2763,9	2051,8
					бойынша жиыны:			
					мемлекеттік бағдарламалар:	1	0,0	0,0
					олардың ішінде қолданыстағылары	1	0,0	0,0
					салалық бағдарламалар:	2	2763,9	2051,8
					олардың ішінде қолданыстағылары	2	2763,9	2051,8
					Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі (202)			
					Қолданыстағы мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар			
Жоспардан тыс мұнай өндіруге ұйымдастыру-техникалық іс-шараларын уақытында өткізу, кенорының қазу жүйесін оңтайландыру, бұрғылар қорын қоса отырып, негізгі қорларды қалпына келтіру және жаңарту, жерасты кен орнын жайғастыруда маңызды объектілер салу және қайта құру, арнаулы техника паркін жаңалау, такташаның мұнай беруін арттыру мен мұнай беру процестерін химияландырудың жаңа әдістерін қолдану жөніндегі жұмыстар есебінен қол жеткізілді.

Компания екі негізгі бағытта мұнай сатады: экспорт және ішкі нарық. 2005 жылы мұнайды экспортқа шығару шамамен 6,5 млн. тоннаны, ішкі нарыққа шығару 2,7 млн. тоннаны құрады. 2006 жылы экспортқа шығару шамамен 6,9 млн. тоннаны, ішкі нарыққа - 2,5 млн. тоннаны құрады. Жалпы алғанда, мұнай өндіру көлемі 2005 жылмен салыстырғанда 2006 жылы 2,1 % құрады.

Шоғырландырылған мұнай мен газ конденсатын өндіру біріккен кәсіпорындар қатысуымен 2005 және 2006 жылдары жыл сайын 12,9 млн. теңге құрады.

2007 жылы мұнай және газды шоғырландырылған өндіру 17,16 млн. тонна көлемінде бағаланады, бұл БӨ ҚМГ 9,52 млн. тонна өндіруде.

Компанияның еншілес ұйымы»"Атырау МӨЗ" АҚ (бұдан әрі -»"АМӨЗ" АҚ) 2005 жылы 3,5 млн. тонна мұнай өңдеді. 2006 жылы»"АМӨЗ"-да мұнай өңдеуі 3,7 млн. тонна, оның ішінде Компания ресурстарынан 2,5 млн. тонна деңгейінде күтіледі. Өңдеу көлемінің өсуі 2005 жылы 6,6 % құрады.

Шоғырландырылған мұнайды өндіру көлемі біріккен ұйымдар қатысуымен 2007

жылы 5,75 млн. тонна көлемінде бағалануда.

2007 жылы АМӨЗ мұнайды өңдеу 3,7 млн. теңге көлемінде бағалануда.

"ҚазТрансОйл" АҚ магистральдық мұнай құбырлар бойынша мұнай тасымалдаудың жалпы көлемі 2005 жылы 38,2 млн. тоннаны, 2006 жылы 43,27 млн. тонна, бұл 13,3 %-ке 2005 жылдың деңгейінен артық.

2007 жылы АМӨЗ мұнай өңдеу 3,78 млн. теңге көлемінде бағалануда.

2007 жылы бірлескен ұйымдармен бірге мұнай өңдеу көлемі 5,75 млн. теңге бағалануда. Атырау - Самара мұнай бағыты бойынша 2005 жылы 15,6 млн. теңге көлемінде мұнай тасымалданды, бұл 2005 жылмен салыстырғанда 0,42 млн. теңгеге көп .

2007 жылы мұнай көлемі 43,33 млн. теңге бағалануда, бұл 2006 жылдың деңгейінен 0 , 1 % а р т ы қ .

2005 жылы "ҚазТеңізКөлікФлоты" ҰТКҚК" АҚ-ы теңіз көлігімен жүк тасымалдаудың мемлекетаралық қызметін атқарған, оның ішінде мұнай 4 млн. тонна. 2006 жылы мұнай тасымалдау 4,9 млн. тонна көлемінде бағалануда, 2005 жылдың ұқсас көрсеткішінен 4,2% артық, тасымалдау мына бағыттар бойынша: Ақтау-Махачкала - 2,5 млн. тонна, Ақтау-Нека - 2,3 млн. тонна, Ақтау-Баку-Батуми - 0 , 0 9 7 м ы ң т о н н а .

Теңізбен мұнай тасымалдау көлемі 2007 жылы 4,36 млн. теңге бағалануда.

"Интергаз Орта Азия" АҚ магистралды газ құбырымен газ тасымалдаудың жалпы көлемі 2005 жылы 130,2 млрд. текше метрді құрады. 2006 жылы тасымалдау көлемі жоспардағы 121,9 млрд. текше метр, ішкі тасымалдау - 6,5 млрд. теңге, халықаралық транзит - 107,6 млрд. текше метр, экспортқа газ тасымалдау - 7,8 млрд. теңге. Бұл ретте 2006 жылы тасымалдау қызметтерінің 6,3% төмендеуі халықаралық туркмен және ресей газының төмендеуімен байланысты.

2007 жылы газ тасымалдау көлемі 124,8 млрд. теңге көлемінде бағаланады, бұл 2006 жылдың 2,4% деңгейінен артық.

Өнімді шығарудан түскен табыстар Компанияның 2005 жылы шоғырландырылған қаржылық есебі бойынша 906,9 млрд. теңге құрады. 2006 жылы кірістер 1 145,9 млрд. теңге құрады, бұл 2005 жылдың деңгейінен 26,4 % есе артық. Кірістер өсімі мұнайды өңдеу көлемінің ұлғаюымен, мұнайға экспорт бағасының өсуі, мұнайды жүк тасымалдауымен байланысты, газды тасымалдау тарифтерінің өсуімен, мұнай өнімдерін шығарудан түскен табыстар.

2007 жылы өнімді шығарудан түскен шоғырландырылған табыстар 939,2 млрд. теңге көлемінде бағалануда.

Компанияның өнімнің өзіндік құны 2005 жылы шоғырландырылған қаржылық есебі бойынша 417 млрд. теңге құрады, 2006 жылы 526,3 млрд. теңге, бұл 2005 жылға салыстырғанда 26,2 % артық. Шығыстардың өсуі компанияның жеткізушілерден алынатын табыстар газды шығару, және мұнай өнімдерімен байланысты.

2007 жылы консолидарлық өзіндік құн 408,8 млрд. теңге бағалануда.

2005 жылы Компанияның аз үлесін алғанда соңғы табысы 153,9 млрд. теңге құрады. 2006 жылы соңғы табыс 219,2 млрд. теңге мөлшерінде алынған, 2005 жылмен салыстырғанда 142,4 % артық.

2007 жылы консолидарлық соңғы табыс 145,5 млрд. теңге мөлшерінде бағалануда.

Компания Қазақстан Республикасының ірі салық төлеушісі болып табылады. 2005 жылы бюджетке жалпы сомасы 159,2 млрд. теңге салықтар мен төлемдер енгізілді. 2005 жылы Қазақстан Республикасының бюджетіне іс жүзінде жалпы сомасы 237,3 млрд. теңгенің салықтары мен төлемдері енгізілді. Салықтық төлемдер 2005 жылмен салыстырғанда 49 % немесе 78,1 млрд. теңгеге өсті. Бюджетке төлемдердің өсіміне мұнай өндіру көлемі артуының, мұнай бағасының қолайлы конъюнктурасының арқасында қол жеткізілді.

Бюджетке төлемдер 2007 жылы 172,7 млрд. теңге мөлшерінде бағалануда. Салықтық төлем 2006 жылмен салыстырғанда 27,2% немесе 64,4 млрд. теңгеге төмен. Бұл 2007 жылдың 1 қаңтарынан салықтық заңнаманың өзгеруімен және де өткен кезеңдердің міндеттерін төлеу сомасының төмендеуімен байланысты.

"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ

"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ (бұдан әрі - Компания) Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 шілдедегі N 3593 Жарлығына сәйкес құрылған. Компания уран мен оның қосындыларының, атом энергетикалық станциялары үшін ядролық отынның, арнайы жабдықтар мен технологиялардың, қосарлы пайдалану материалдарының экспорты мен импорты жөніндегі бас оператор болып табылады.

2005 жылы уран өндіру 3 838,1 тоннаны құрады, бұл 2004 жылдың көрсеткіштерінен 7 %-ға жоғары, оның ішінде бірлескен кәсіпорындармен: "Катко" БК - 37,8 тонна, "Ыңғай" БК - 176,8 тонна, "Бетпақ Дала" БК - 726,0 тонна өндірілді. Қазақстан Республикасы бойынша барлығы 4 345,5 тонна уран өндірілді.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-на кіретін компаниялардың тотықша-тотық өндірісі 2005 жылы 3 690,6 тоннаны құрады. 2005 жылы жалпы тотықша-тотық шығару 4 193,7 тоннаны құрады.

Табиғи уран өндіру көлемінің тұрақты өсуіне мынадай іс-шараларды іске асыру: жаңа кен орындарын игеру және қолданыстағы кеніштерді дамыту есебінен өндіріс көлемін ұлғайту;

жаңа техника мен озық технологияларды, өндірістерге ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстарды енгізу есебінен өндірісті интенсивтендіру, жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру есебінен қол жеткізілді.

2005 жылы Компанияның кірісі 50 567,5 млн. теңгені құрады. Бұл ретте кірістің

57,4%-ын (29010,4 млн. теңге) уран өнімдерін сату, 5,8%-н (2 954,3 млн. теңге) бериллий өнімдерін сату, 4,8 %-ын (2 440,6 млн. теңге) тантал-ниобий өнімдерін сату, 0,4 %-ын (199,8 млн. теңге) плавик қышқылын сату құрады, жалпы сату көлемінің 21,46 %-ын (10 851,75 млн. теңге) энергетикалық кешен өнімдерін сату құрайды, 9,75 %-ы (7932,3 млн. теңге) өзге де сатудан түскен кіріс.

2005 жылы бухгалтерлік есеп бойынша қаржы нәтижесі:»"Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" бойынша - 11983,1 млн. теңге, бұл соммада негізгі емес қызметтен 9327,9 млн. теңге, бұл МАЭК Қазатомпром АҚ активтерді қайта бағалау операциялардан, "Волковгеология" АҚ бойынша - 35,5 млн. теңге,»"Жоғары технологиялар институты" ЖШС бойынша - шығын 5,85 млн. теңге,»"Геотехнология" АҚ - шығын 0,7 млн. теңгені құрайды. Бұдан басқа, 2005 жылы бірлескен кәсіпорындардың қатысу үлесінен, атап айтқанда,»"Бетпақ Дала" БК ЖШС бойынша - 370,7 млн. теңге және»"Катко" БК бойынша - 201,4 млн. теңге кіріс алынды. "МАЭК - Казатомпром" ЖШС қызметінің 1 2 8 , 4 млн . теңгені құрады .

Салық салынатын кіріс Компания бойынша 2005 жылы 7 931,46 млн. теңгені құрады .

2005 жылы Компанияның шоғырландырылған таза кірісі 5399,9 млн. теңге құрады, бұл 2004 жылмен салыстырғанда 85 % есеге өсті.

2006 жылы компанияның шоғырландырылған кірісі 160 412,2 млн. теңге, өзіндік шығыстар 2006 жылы 103 449,1 млн. теңге құрады.

Өнімдерді сатудан түскен шоғырландырылған кіріс 2006 жылы 70%-ға ұлғайды және 86220 млн.теңгені құрады. Бұл ретте кірістің 66,8%-ын уран өнімдерін сату (57 589,5 млн. теңге), 5,7%-ын бериллий өнімдерін сату (4 883,6 млн. теңге), 3,22 %-ын тантал-ниобий өнімдерін сату (2 773,6 млн. теңге), 0,28 %-ын плавик қышқылын (239,5 млн. теңге) сату құрады, жалпы сату көлемінің 16,2 %-ын энергетикалық кешен өнімдерін сату құрайды (13 969,5 млн.теңге), басқа сату 7,8% (6 763,96 млн. теңге).

2006 жылы салық салғанға дейін Компанияның шоғырландырылған кірісі 88 105,2 млн. теңге, оның ішінде негізгі емес қызметтен түскен кіріс саны - 63 358,3 млн. теңге мөлшерінде. Компанияның шоғырландырылған таза кіріс саны 57 751,2 млн. теңгені құрады. 2006 жылы таза табыстың күрт өсуі 2005 жылмен салыстырғанда Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен жеткен келісім арқасында түсіндіріледі .

Уран нарығындағы қолайлы жағдай 57 941,5 млн. теңге мөлшерінде 2007 жылғы салық салуға дейінгі Компания кірісін анықтауға мүмкіндік береді. 2006 жылмен салыстырғанда күрт түсуі аса үлкен келісімге қол жетуімен байланыстырады. Егер салық салғанға дейінгі табыстан бұл операцияны алып тастаса, онда салық салғанға дейінгі табыс 2006 жылы 26 222,7 млн. теңге құрайды. Осы ретте, қойылған талаптарда бұл көрсеткіштің өсуі 2,2 есеге күтілуде.

2007 жылы Компанияның шоғырландырылған таза кірісін 41 407,1 млн. теңге

мөлшерінде алу күтілуде. Бұл кірістің негізгі үлесі гексафторит уранын сату есебінен алу жоспарланып отырған 30 159,3 млн. теңге - НАК Қазатомпром АҚ-қа тиесілі.

Жалпы 2005 жыл бойынша бюджетке салықтар төлеуге салынатын сома 11736,9 млн. теңге, 2006 жылы 40 618,5 млн. теңге, бұл 2005 жылдың көрсеткішінен 3,4 есе артық. Айтылған өсім, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен келісілген үлкен келісім бойынша төленген корпоративтік табыс салығы есебінен құрылған.

2007 жылы бюджетке төленетін салықтық төлемдердің жалпы соммасы 27 524,5 млн. теңге құрайды.

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" АҚ

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" АҚ (бұдан әрі - Компания) мемлекеттік астық ресурстарының сақталуы мен жаңартылуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ, елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған астық пен одан жасалған өнімдер бағасының ішкі конъюнктурасын реттеуді жүзеге асырады. Сонымен бірге, Компания мақтаны қайта өңдеу саласын дамытумен, мақта талшықтарының бәсекеге қабілеттілігін арттырумен, рапсты өндіруді қолдаумен айналысады.

2005 жылы Корпорацияның жалпы кірісі 33 391,9 млн. теңгені құрады, оның ішінде :

мемлекеттік ресурстар жөніндегі қызметтерден түсетін кіріс 7 677 млн. теңге;
жеке қызметтен түсетін кіріс 25 714,9 млн. теңге.

2005 жылы Корпорацияның жалпы шығыстары 32 939 млн. теңгені құрады, оның і ш і н д е :

мемлекеттік астық ресурстарын басқару шығыстары - 7 665 млн. теңге;
жеке қаржы-шаруашылық қызмет бойынша шығыстар - 25 274 млн. теңге, оның ішінде, жалпы және әкімшілік шығыстар - 746,3 млн. теңге.

Еншілес және бірлесіп-бақылаушы ұйымдардың қаржы нәтижелерінің есебімен Корпорацияның таза кірісі 357 млн. теңгені құрады.

Қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары бойынша 2005 жылы Корпорация 452,8 млн. теңге мөлшерінде таза кіріс алды, оның ішінде мемлекеттік ресурстар жөніндегі қызметтен - 12 млн. теңге, жеке қызметтен 440,8 млн. теңге мөлшерінде.

2005 жылдың қорытындылары бойынша Корпорация мемлекеттік белгіленген тәртіпте акциялар пакетіне 220,4 млн. теңге мөлшерінде дивидендтер аударды. 2005 жылы Корпорацияның таза кірісі 2004 жылмен салыстырғанда 19%-ға төмендеді, ол астық нарығының қалыптасқан конъюнктурасына байланысты.

Бұдан басқа, Корпорация 2004-2005 жылдары тартылған қаражаттардың есебімен 2 млн. тоннаға дейін астық сатып алды, тиісінше, сыйақы төлеу түріндегі шығыстар өсті.

2005 жылы бюджетке 594,65 млн. теңге сомасында барлық салықтар мен өзге де

міндеттемелер

аударылды.

2006 жылы Корпорацияның жалпы кірісі 24 769,2 млн. теңгені құрады, оның ішінде :

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 10 665,5 млн. теңге;
жеке қызмет бойынша - 14 103,7 млн. теңге.

2006 жылы жалпы шығыстар 24 515,4 млн. теңгені құрады, оның ішінде:
мемлекеттік астық ресурстарын басқару шығыстары - 10 654,2 млн. теңге;
жеке қызмет бойынша шығыстар - 13 861,2 млн. теңге.

2006 жылы таза кіріс 253,8 млн. теңге сомасын құрады, оның ішінде, жеке қызметтен түсетін кіріс 242,5 млн. теңгені, мемлекеттік ресурстармен басқарудан түсетін кіріс 11,3 млн. теңгені құрайды.

2006 жылы акциялар пакетіне дивидендтер сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Корпорацияның жалғыз акционерінің шешімі негізінде айқындалатын болады.

2007 жылға Корпорацияның жалпы кірісі 36 268,8 млн. теңге мөлшерінде жоспарланған, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 8 474,1 млн. теңге;
жеке қаржы-шаруашылық қызмет бойынша кіріс - 27 794,7 млн. теңге.

2007 жылға арналған жалпы шығыстар 35 993,1 млн. теңге мөлшерінде жоспарланған, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқару шығыстары - 8 459,29 млн. теңге;
жеке қаржы-шаруашылық қызмет бойынша шығыстар - 27 533,8 млн. теңге.

2007 жылы Корпорация 275,7 млн. теңге мөлшерінде таза кіріс алуды жоспарлап отыр, оның ішінде, жеке қызметтен түсетін таза кіріс 260,9 млн. теңгені, мемлекеттік астық ресурстары операцияларынан түсетін таза кіріс 14,8 млн. теңгені құрайды.

2007 жылы акциялар пакетіне дивидендтер сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Корпорацияның жалғыз акционерінің шешімі негізінде айқындалатын болады.

2007 жылы Корпорация бюджетке барлық салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді 400 млн. теңге сомасында аударуды жоспарлап отыр.

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ (бұдан әрі - Компания) "Қазақстан Республикасында бірыңғай ақпараттық кеңістікті дамыту және" "ұлттық ақпараттық технологиялар" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 492 қаулысына сәйкес құрылды.

2005 жылғы қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары бойынша Компанияның жалпы кірісі жоспарланған 678,6 млн. теңгенің орнына 602,9 млн. теңгені (88,8 %)

құрады. Кірістің нақты мөлшері 2004 жылдың ұқсас көрсеткішінен 9,9 %-ға жоғары, бұл ақша түрінде 54,5 млн. теңгені құрайды.

2005 жылы Компанияның негізгі қызметінен түскен кіріс 594,8 млн. теңгені (2004 жылғы деңгейден 9,8 %-ға жоғары) құрады, оның ішінде:

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалған жұмыстар бойынша - 279 млн. теңге (2,2 %-ға өсті);

ақпараттық бағдарламалық құралдарға жүйелі-техникалық қызмет көрсетуі және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу жөнінде қызмет көрсетулерден - 287,6 млн. теңге (25,8 %-ға өсті);

телекоммуникациялық қызмет көрсетулерден - 22,8 млн. теңге (34,3 %-ға төмендеген);

басқалар - 5,4 млн. теңге.

Негізгі қызметтен емес түсімдер жоспарланған 5 млн. теңгенің орнына 8,1 млн. теңгені құрады (162 %-ға өсті).

2006 жылы Компанияның негізгі қызметтен түскен кірістері 867,2 млн. теңге сомасын құрады (2005 жылдың деңгейінен 45,8 %-ға жоғары), оның ішінде:

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалған жұмыстар бойынша - 555,1 млн. теңге (99 %-ға өсті);

ақпараттық-бағдарламалық құралдарға жүйелі-техникалық қызмет көрсетуі және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу бойынша көрсетілген қызметтерден - 294,5 млн. теңге (2,4%-ға өсті);

телекоммуникациялық қызмет көрсетулерден - 16,5 млн. теңге (27,7%-ға төмендеген);

басқа да жұмыстар мен қызметтерден - 1,1 млн. теңге.

Негізгі қызметтен емес түсімдер жоспарланған 7,6 млн. теңге сомасын құрады.

2007 жылы Компанияның негізгі қызметтен түскен кірістері 1 575,6 млн. теңге сомасында бағаланып отыр (2006 жылдың деңгейінен 82%-ға жоғары), оның ішінде:

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалған жұмыстар бойынша - 226,5 млн. теңге (121 %-ға өсті);

ақпараттық-бағдарламалық құралдарға жүйелі-техникалық қызмет көрсетуі және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу бойынша көрсетілген қызметтерден - 339 млн. теңге (15 %-ға өсті);

телекоммуникациялық қызмет көрсетулерден - 10 млн. теңге (39%-ға төмендеген);

Негізгі қызметтен емес түсімдер 12 млн. теңге сомасын құрайды, бұл 2006 жылдың көрсеткіштерінен 57,9 %-ға жоғары.

2005 жылға Компанияның шығыстары жоспарланған 626,8 млн. теңгенің ("үнемдеу" шығыстары 58,4 млн. теңгені құрады) орнына 568,3 млн. теңгені (90,7 %) құрады. Нақты көрсеткіш 2004 жылғы ұқсас көрсеткіштен 15% -ға артық, бұл ақшалай баламада 75 млн. теңгені құрайды.

Көрсетілген жылы Компанияның негізгі қызметтері бойынша шығыстары 565,8 млн. теңге сомасында қалыптасты, бұл 2004 жылғы шығындар сомасынан 13,8 %-ға жоғары. Негізгі қызметтер бойынша шығыстар сомасының өсуі негізінен мынадай факторларға негізделген:

еңбекақы төлеуге арналған шығыстардың 69 млн. теңгеге ұлғаюынан;
өндірістік үй-жайларды жалға алуға арналған шығыстардың 6,1 млн. теңгеге ұлғаюынан;

кадрларды даярлауға арналған шығыстардың 5 млн. теңгеге ұлғаюынан;
еңбек демалыстарын төлеуге 24,6 млн. теңге сомасында резерв сомасын және ҚЕХС талаптарына сәйкес 4,5 млн. теңге сомасында негізгі құралдардың ағымдағы жөндеуіне арналған резерв сомасын құруға байланысты.

Бұл шығыстардың сомалары ұлғаюының себебі өндірістік персонал санының 2004 жылмен салыстырғанда 74 адамға өсуі болып табылады.

Негізгі қызметтен емес шығыстар - 2,5 млн. теңге.

2006 жылы Компанияның жалпы шығыстары 843,6 млн теңге сомасын құрады.

Көрсетілген жылы Компанияның негізгі қызметінің шығыстары 840 млн. теңге сомасын құрады, бұл 2005 жылдың көрсеткішінен 48,6%-ға жоғары. Шығыстың өсуі негізделген еңбекақы төлеу қорының 46,1%-ға өсуіне негізделген. Бұл өсім Компания қызметкерлерінің 2006 жылғы сәуірден бастап еңбекақыларының 30%-ға артуына, сондай-ақ өндірістік персонал санының 64 адамға ұлғаюына байланысты.

2007 жылға Компанияның жалпы шығыстары 1 549,2 млн. теңге сомасында бағаланып отыр, бұл 2006 жылғы көрсеткіштерден 84%-ға жоғары.

Компанияның негізгі қызметтерінен шығыстар 1 546,2 млн. теңге сомасында күтілуде, бұл 2006 жылғы көрсеткіштерден 83,9 %-ға жоғары. Шығыстың өсуі негізінен еңбекақы төлеу қорының 94%-ға өсуіне негізделген. Бұл өсім 2007 жылғы қаңтардан бастап қызметкерлер еңбекақыларының 30%-ға артуына, сондай-ақ өндірістік персонал санының 198 адамға ұлғаюына байланысты.

2005 жылы таза кіріс сомасы 34,5 млн. теңгені құрады, бұл 2004 жылдың көрсеткіштерінен 31,5%-ға төмен. Таза кірістің төмендеуі бюджеттік бағдарламалар бойынша шарттардың бұрын жоспарланған сомадан аз сомаға жасалуына байланысты.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша 4,9 млн. теңге сомасындағы таза кірістің бір бөлігі мемлекеттік акциялар пакетіне дивидендтер төлеуге бағытталған.

2006 жылы Компанияның таза кірісі жоспарланған 26,8 млн. теңгенің орнына 31,2 млн. теңге сомасын құрады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 шілдедегі N 550 қаулысымен бекітілген Компанияның 2006-2008 жылдарға арналған даму жоспарында көрсетілген таза кірістен мемлекеттік акциялар пакетіне аударымдар нормативіне сәйкес Қоғамының таза кірісінің 30% мемлекеттің акциялар пакетіне жіберілген.

2007 жылы Қоғамның таза кірісі 32,3 млн. теңге сомасында бағаланады. Таза кірістен мемлекеттің акциялар пакетіне аударымдар нормативіне сәйкес Компанияның таза кірісінің 30% мемлекеттің акциялар пакетіне дивидендтер төлеуге жіберіледі.

2005 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне салықтардың және өзге де міндетті төлемдердің төленген сомасы 178,2 млн. теңгені құрады.

2006 жылғы қорытындылар бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне салықтың және өзге де міндетті төлемдердің төленген сомасы 234 млн. теңгені құрады.

2007 жылғы қорытындылар бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне салықтың және өзге де міндетті төлемдердің сомасы 382 млн. теңге мөлшерінде жоспарланып отыр.

"Қазпочта" АҚ

"Қазпочта" АҚ (бұдан әрі - Қоғам) "Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнын және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1940 қаулысына сәйкес Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнын қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды.

Компанияның миссиясы Қазақстанның бүкіл аумағында жоғары сапалы деңгейдегі почта-жинақтау қызметтеріне еркін қол жетімділікті қамтамасыз етуден тұрады.

2005 жылы жазба хат-хабарларының 41,6 млн. бірлігі қабылданды, бұл өткен жылдың деңгейінен 26,8%-ға жоғары. Қабылданған сәлемдемелер саны - 1.8 млн. бірлікті, бұл өткен жылдың деңгейінен 20,0%-ға жоғары, жеткізілген мерзімді басылымдар - 162,3 млн. бірлікті құрады, бұл өткен жылдың деңгейінен 3,4%-ға жоғары. Ақшалай төлемдердің көлемі 2004 жылмен салыстырғанда 26,7%-ға ұлғайды және 198,1 млрд. теңгені құрады.

2006 жылдың қорытындылары бойынша 44,6 млн. бірлік жазба хат-хабарлар өңделді, өткен жылмен салыстырғанда өсім 7,2%-ды құрады. Сәлемдемелер 2,13 млн. бірлікте қабылданды және өңделді, бұл өткен жылдың көлемінен 20,3%-ға жоғары. Мерзімді басылымдар 171,3 млн. бірлік санында немесе 2005 жылмен салыстырғанда 5,5% өсумен жеткізілді. Ақшалай төлемдердің көлемі 2005 жылмен салыстырғанда 27,7%-ға ұлғайды және 253,0 млрд. теңгені құрады.

2007 жылы шығыс ақылы айналым көлемінің 2006 жылдың деңгейіне қарағанда 5,2 %-ға, ақшалай төлемдердің көлемі 18,0 %-ға ұлғаюы күтілуде.

Ақылы алмасу көлемінің құрылымы былай сипатталады: мерзімді басылымдарға жазылу және сату - 78,5%, жазба хат-хабарлар - 20,4%, сәлемдемелер - 1,0%, жедел почта қызметтері - 0,1%.

Ақшалай төлемдердің көлемінде зейнетақылар және жәрдемақылар 73,1%-ды,

еңбекақы - 23,8%-ды, ақшалай аударымдар - 3,1%-ды құрайды.

2006 жылы агенттікте қызметтердің мынадай түрлерін енгізу жалғасты: екінші деңгейдегі банктердің агенті ретінде тұтынушылық несиелеу және ұялы байланыс қызметіне төлемдер қабылдау.

2005-2006 жылдар кезеңінде жалпы көлемі 51,0 млрд. теңге сомасында тұтынушылық несие берілді, несие алушылар саны 40,2 мың адамға жетті; ұялы байланысқа төлемдер 24,0 млн. теңгеден сомасында қабылданды.

Қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары бойынша 2005 жылы Қоғамның кірісі 2004 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 26,6%-ға өсіп, 9 087,9 млн. теңгені құрады. 2005 жылы шығыстар 8 768,6 млн. теңгені құрады, нәтижесінде 2005 жылы Қоғамның таза кірісі 94,7 млн. теңге деңгейіне жетті.

2006 жылы кірістер 12 748 млн. теңгені, шығыстар - 12 329,9 млн. теңгені, таза кіріс - 275,7 млн. теңгені құрады, бұл 2005 жылдың көрсеткіштерінен 2.9 есеге немесе 181 млн. теңгеге жоғары.

2007 жылы кірістер 13 680,9 млн. теңге, шығыстар - 13 244,1 млн. теңге, таза кіріс - 230,6 млн. теңге деңгейінде күтілуде.

"Қазақтелеком" АҚ

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамы "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясын (бұдан әрі - "Қазақтелеком" ҰАҚ) құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы N 666 қаулысына сәйкес мемлекеттік өңірлік және мамандандырылған телекоммуникация кәсіпорындарының мүлкін Республиканың бүкіл аумағында кең ауқымды байланыс қызметтерінің көрсететін акционерлік қоғамның жарғылық қорына беру жолымен құрылды. 1996 жылы наурызда мөлшері 12,1 млрд. теңгені құрайтын жарғылық қордың көлеміне акцияның алғашқы эмиссиясы тіркелген.

Мемлекеттік акцияларының пакеті, бұрын 50%-ды және шығарудағы бағалы қағаздардың жалпы санының 1 акциясын құрайтын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2006 жылғы 27 сәуірдегі N 142 бұйрығымен "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Самұрық) берілген.

2006 жылы "Қазақтелеком" АҚ-ның 4,6% жай атаулы акциялары Холдингке тиесілі Қазақстан Республикасының ішкі қор нарығына орналастырылды. Осы орналастырудың нәтижесінде Холдингтің жай акцияларының пакеті Қоғамның барлық жай дауыс беруші акцияларының 51%-ын құрайды.

Тұтастай алғанда, телекоммуникациялық қызметтер нарығы өсудің жаңа қарқынын сақтайды: 2006 жылы оның көлемі 2005 жылмен салыстырғанда 27,5 %-ға өсті және 261 млрд. теңгені құрады.

Бұл өсім негізінен, Қазақстандағы ұялы телефондардың барынша дамуымен айқындалады, ондағы нарықтың үлесі - 44,0 %. Сондай-ақ өсудің жоғарғы қарқыны ақылы теледидар (3,0%), интернет (4,4 %), жеке желілер (2,4%), IP-телефондарының 1,8 % қызметтері бойынша тіркелген.

Бұл үрдістер нарық құрылымының белсенді шегін айқындайды.

Ең тез дамушылардың бірі қазіргі күннің өзінде нарықтың 8 %-ын айқындайтын Деректер беру мен интернет қызметтерінің нарығы болып табылады. 2006 жылы интернет желісіне кең жолақты қол жетімділік қызметі нарығының үлесі интернет желісіне коммутаторлық қол жетімділік нарығының жалпы көлеміндегі үлес пен өсу қарқынының анық азаюымен 2005 жылғы 40 %-дан 2006 жылы 69%-ға дейін ұлғаюы байқалып отырғанын айта кету қажет.

"Қазақтелеком" АҚ 2006 жылы ұялы операторлардың өте қатты дамуына қарамастан, нарықтың ең жоғарғы 41,4 % үлесін иеленіп, нарықта көшбасшылық ахуалын сақтады. "Алтел" АҚ мен "Нұрсат" АҚ еншілес компаниялардың ескере отырып,»"Қазақтелеком" АҚ-ның шоғырландырылған нарығының үлесі 2006 жылы 44,2 % - ды құрайды.

Бұдан басқа, 2006 жылы Компания "Мобайл телеком-Сервис", "Нұрсат", "Алтел" және "РадиоТелл" компанияларының акциялары мен үлестерін сатып алу жөніндегі жұмыстарды жүргізді, соның нәтижесінде республиканың телекоммуникация нарығындағы ірі инвестициялық жобалардың бірі жүзеге асырылды.

2005 жылдың қорытындылары бойынша Қоғам бойынша көрсетілген қызметтерден (негізгі қызметтен) түскен кірістердің көлемі 99 558,3 млн. теңгені, 2006 жылы - 113 912,6 млн. теңгені құрады, 2007 жылы бұл көрсеткіш 127 804,2 млн. теңге мөлшерінде бағаланады.

Негізгі қызметтер бойынша шығыстар 2005 жылы - 73 563 млн. теңгені, 2006 жылы - 88 573 млн. теңгені құрады. 2007 жылы шығыстар 109 145 млн. теңге сомасында бағаланады. 2005 жылы бюджетке төленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің мөлшері 23 149, 97 млн. теңгені, 2006 жылы - 24 585,6 млн. теңгені құрады. 2007 жылы бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің мөлшері 24 694 млн. теңге мөлшерінде күтілуде.

2006 жылы Компанияның таза кірісі 35 259,19 млн. теңгені құрады. 2007 жылғы таза пайданың мөлшері 28 409,1 млн. теңге деңгейінде бағаланады.

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" АҚ

"Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ-тың (бұдан әрі - Компания) тасымалдау процесінде темір жол саласының функционалдық тұтастығын және ыңғайлы басқарылуын қамтамасыз етуге негізделген холдингтік құрылымы бар. Қазақстанда темір жол саласын реформалау 1997 жылы құрылған "Қазақстан темір жолы" республикалық

мемлекеттік кәсіпорны құрамында қазақстандық үш темір жолды біріктірумен және оның құрамында бір мезгілде алты жол басқармасын құрумен басталды.

Тасымалдауға ұсынылатын негізгі тауар өнімдері астық, мұнай, кен, минералдық тыңайтқыштар және т.б. сияқты жаппай үйме және құймалы жүктер болып табылады.

2006 жылы жүк айналымы 191 189 млн. т-км құрады және 2005 жылғы деңгейді 19 334 млн. т-км немесе 11,2%-ға арттырды. Алдын ала бағалау бойынша 2007 жылы жүк айналымы 198 230 млн. т-км көлемінде орындалатын болады, 2006 жылға өсім - 3,7 %
н е м е с е 1 7 0 4 1 м л н . к м .

2006 жылы 17,3 млн. жолаушы тасымалданған, бұл 2005 жылғы деңгейден 5,3 %-ға артты. 2006 жылы жолаушылар айналымы 13 613 млн. жол-км құрады, 2005 жылға өсім - 12,2 %-ды немесе 1 484 млн. жол-км. 2007 жылы жолаушылар айналымы 14 160 млн. жол-км. деңгейінде күтілуде (өсуі 4%).

2006 жылғы жүк айналымы құрылымының едәуір үлес салмағын массалық жүктер алады: тас көмір - 26 %, түрлі түсті және темір рудасы - 18,9 %, мұнай жүктері - 17 %, құрылыс жүктері - 10 %, қара металдар - 7%.

Компанияның негізгі қызметінен түсетін кірістер 2005 жылы 285,9 млрд. теңгені, 2006 жылы - 382,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2005 жылғы деңгейді 34%-ға арттырды. Белгіленген жоспардың аса орындалуы (376,9 млрд. теңге) 5,7 млрд. теңгені немесе 2%-ды құрады. Оның ішінде мемлекеттік субсидиялар 9,48 млрд. теңге көлемінде алынды, бұл 2005 жылғы деңгейден 4,2%-ға және көзделген жоспардан 1,9%-ға төмен.

Сатылған өнімнің өзіндік құны 2005 жылы 246,3 млрд. теңгені, 2006 жылы - 281,45 млрд. теңгені құрады, бұл 2005 жылғы деңгейден 14 %-ға артық және жоспардағыдан 6 %
т ө м е н .

Жиынтық пайда 2006 жылы 22,45 млрд. теңге мөлшерінде алынды, бұл 2005 жылғы деңгейден (-17,2 млрд. теңге) 39,7 млрд. теңгеге жоғары.

2007 жылы өнімдерді сатудан түсетін кірістер 417,7 млрд. теңге сомасында күтілуде, 2006 жылға қарағанда өсім 9,2 %-ды құрайды. Сатылған өнімнің өзіндік құны 333,1 млрд. теңгені құрайды, жиынтық пайда 18,9 млрд. теңге сомасында күтілуде.

"Қазақстан инжиниринг" ұлттық компаниясы" АҚ

Машина жасау саласындағы қызметті жүзеге асыратын "Қазақстан инжиниринг" ұлттық компаниясы" АҚ (бұдан әрі - компания) "Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 244 қаулысының негізінде жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен құрылды.

Қазіргі уақытта Компанияның кәсіпорындары елдің отын-энергетика, көлік, ақпараттық-телекоммуникация секторлары үшін өнім шығаруды игерді. Шығарылатын өнім мен көрсетілетін қызметтер номенклатурасы өндіріс құрылысы елеулі дәрежеде

бұрынғы қорғаныс-өнеркәсіп кешенінен мұраға қалған болып табылады және қосалқы бөлшектер мен жинақтауыштар өндірісі, техникалар мен жабдықтарды ағымдағы және күрделі жөндеу басым еліміздің дамып келе жатқан экономикасының қажеттіліктеріне с а й к е л м е й д і .

Есепті 2005 жылды Компания 107 млн. теңге мөлшерінде оң қаржы нәтижелерімен аяқтады. 2004 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда Компанияның таза кірісі 244 млн. теңгеге қысқарды, бұл Компанияның құрамына "Семей инжиниринг" АҚ, "КИ 811-автомобиль жөндеу зауыты" АҚ, "КИ 832-автомобиль жөндеу зауыты" АҚ-ны кіргізуге байланысты олардың қызметінің жылдық қорытындысы залалды болды.

2005 жылдың қорытындылары бойынша Компанияның жалпы кірісі 10 174 млн. теңгені құрады, бұл 2004 жылғы көрсеткіштерді (7 817,49 млн. теңге) 2 356,59 млн. теңгеге арттырды. Осылайша, кірістердің өсу қарқыны көрсетілген мерзімге 30%-ды қ ұ р а д ы .

Кірістердің едәуір өсуі негізінен дайын өнімді (қызметтерді) сату көлемінің өсуімен н е г і з д е л г е н .

Компанияның жалпы шығыстары 10 067 млн. теңге құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен (7 466,48 млн. теңге) 2 600,52 мың теңгеге немесе 35 % асып түседі, Шығыстар өсімі негізінен өнімді өткізу көлемінің ұлғаюына байланысты.

2005 жылғы салықтар мен басқа да міндетті төлемдер сомасы 1 572,77 млн. теңгені қ ұ р а д ы .

Компанияның 2006 жылғы есептік деректеріне сәйкес кәсіпорындар шығарған өнім 8 360,5 млн. теңгені құрайды, бұл алдындағы жылмен салыстырғанда 29 % өсім құрайтын болады. Бұл өсім шығарылатын өнім номенклатурасының кеңеюіне және осы өнімдерге тұтынушылар тарапынан тапсырыстардың ұлғаюына байланысты. "КАМАЗ-Инжиниринг" ЖШС-та жинау өндірісін ұйымдастыруға байланысты болды. Мысалы, "С.М. Киров атындағы машзавод" АҚ РВ-1.1М, УП КЛУБы радиостанцияларының өндірісін оның негізгі тұтынушысы "Локомотив" АҚ үшін и г е р д і .

Сонымен бірге, тұтастай алғанда Компанияның 2006 жылғы кірістері 9 458,72 млн. теңгені құрады. Алдындағы жылмен салыстырғанда осы көрсеткіштің төмендеуі 8 %-ды құрайды. Кіріс базасы төмендеуінің негізгі себептері Компанияның бірқатар кәсіпорындарының тендерлерден ұтылуы, Қазақстан Республикасының әлеуетті құрылымдары үшін өнімдер шығаруға мамандандырылатын кәсіпорындар үшін тапсырыстардың жеткіліксіз көлемі болып табылады.

Таза кіріс 151,86 млн. теңгені құрады, бұл 2005 жылғы деңгейден (107 млн. теңге) 42%-ға артық. Сатудан түскен кірісті төмендету кезінде Компанияның таза кірісі көрсеткішінің едәуір артуы Компанияның негізгі емес қызметтен 932,3 млн. теңге сомасында кіріс алуына негізделген: Бұл кіріс Компанияның жүргізген өндірістік алаңдарды және станоктық парктерді оңтайландыру жөніндегі нысаналы бағытталған

жұмыстары нәтижесінде алынды.

Компанияның шығыстары 9 306,88 млн. теңгені құрайды, бұл 2005 жылғы өлшемдерден 8%-ға төмен. Компания шығыстарының төмендеуі Компания кәсіпорындарының жылдың ішінде жасалған шарттарының жеткіліксіз санының шығыстарын оңтайландыруға байланысты.

2006 жылы Компания бюджетке 1 349,33 млн. теңге мөлшерінде салықтар мен басқа да төлемдерді төледі.

2007 жылы өндірілген өнімдердің көлемі тұтастай Компания кәсіпорындары бойынша 11 157,84 млн. теңге мөлшерінде күтілуде, бұл 2005 жылдың осындай көрсеткішін (6 725,61 млн. теңге) 66 %-ға және 2006 жылдың көрсеткішін (8 360,5 млн. теңге) 33,45 %-ға арттырады.

Бұл ретте, Компания кәсіпорындары бойынша жалпы кіріс базасы 13 195 млн. теңгені құрайды деп күтілуде.

Компания қойылған өндірістік міндеттерді іске асыру үшін 2007 жылға 12 513,58 млн. теңге мөлшерінде шығыстарды жоспарлап отыр, бұл 2006 жылғы өлшемдерден (9 306,88 млн. теңге) 34,5%-ға жоғары.

2007 жылы Компанияның таза кірісі 681,05 млн. теңге (өсу 2006 жылға қарағанда 529,19 млн. теңге) мөлшерінде күтілуде.

2007 жылы Компания бюджетке салық пен басқа да міндетті төлемдерді 1 761,87 млн. теңге мөлшерінде аударуды жоспарлап отыр.

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" АҚ

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Компания) "Қазақстан Республикасының энергетика жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 қыркүйектегі N 1188 қаулысына сәйкес құрылды.

Компанияның миссиясы - Қазақстан Республикасының бірыңғай энергетика жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік саясат шеңберінде қазіргі заманғы техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға сай келетін Ұлттық энергетика желісін (бұдан әрі - ҰЭЖ) сенімді басқаруды жүзеге асыру.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес компания өңіраралық деңгейдегі тораптар бойынша электр энергиясын беру және Электр энергиясын желіге босатуды техникалық диспетчерлеу мен электр қуатын тұтыну жөніндегі қызметтерді жеткізуші ретінде Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілді.

2005 жылы Компанияның желілері бойынша электр энергиясын беру көлемі 31,40 млрд. кВт. құрады, бұл 2004 жылдың көрсеткішінен 4,3%-ға төмен және негізінен, Екібастұз МАЭС-2-ден электр энергиясын экспорттық жеткізу көлемінің азаюына

б а й л а н ы с т ы .

2006 жылы Компанияның желілері бойынша электр энергиясын беру көлемі 2005 жылмен салыстырғанда 180 млн. кВт ұлғайды және 31,58 млрд. кВт. с. құрады. Бұл ретте, ұсынылған жеңілдіктерді ескере отырып электр қуатын беру жөніндегі қызметтер көлемі 2005 жылмен салыстырғанда 8,7 %-ға ұлғаяды, бұл жеңілдіктерсіз төлейтін тұтынушылар үшін беру көлемінің өсуіне байланысты.

2007 жылы Компанияның желілері бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтің көлемі 33,3 млрд. кВт. с. көлемінде күтілуде.

Компанияның негізгі қызметінің кірістері 2005 жылы 18 904,9 млн. теңгені құрады, бұл 2004 жылғы көрсеткіштерден 12,3 %-ға жоғары. Компанияның 2005 жылғы кірістерінің өсімі 2005 жылғы 1 сәуірден бастап қызметтердің реттелетін түрлеріне жаңа тарифтер енгізілуіне, электр қуатын жеткізудің орташа ұзақтығының ұлғаюына және электр қуатын реттеу жөніндегі қызметтер көлемінің көбеюіне байланысты.

2006 жылы Компанияның негізгі қызметінен түсетін кірістер 22 033,6 млн. теңгені құрады, бұл 2005 жылдың көрсеткішінен 16,5%-ға жоғары. 2007 жылы Компанияның кірістері 24 395 млн. теңге мөлшерінде күтілуде.

2005 жылы Компанияның негізгі қызмет бойынша шығыстары 17 250,7 млн. теңгені құрады немесе 2004 жылғы көрсеткіштен 15,3 %-ға жоғары, ал 2006 жылы - 18 602,1 млн. теңге (2005 жылғыдан 7,5 %-ға жоғары). Негізгі қызмет бойынша шығыстардың өсуі, негізінен, негізгі құралдардың қолданысқа енгізілуімен негізделген амортизациялық аударымдардың және мүлік салығының ұлғаюына, ағымдағы шығыстарға жатқызылатын кредиттер бойынша пайыздардың ұлғаюына байланысты, бұл да Қазақстанның Ұлттық электр желісін жаңғырту жобасы бойынша негізгі құралдардың енгізілуіне байланысты. Бұдан басқа, 2005 жылы Қоғам комиссияларды, сондай-ақ кредиттік шарттарға қол қоюға байланысты басқа да шығыстарды соған сәйкес төлейтін "Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі" транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісін салу" жобасын іске асыру шеңберінде Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкісімен (бұдан әрі - ХҚКДБ), Еуропа Қайта Құру және Даму Банкісімен (бұдан әрі - ЕҚКДБ) және Қазақстанның Даму Банкімен (бұдан әрі - ҚДБ) кредиттік к е л і с і м д е р ж а с а л д ы .

2005 жылдың қорытындылары бойынша Компанияның таза кірісі 22,9 млн. теңгені құрады. 2006 жылдың қорытындылары бойынша Компанияның таза кірісі 818 млн. теңгені құрады. 2007 жылға күтілетін таза кіріс 761 млн. теңгеге тең. 2004 жылмен салыстырғанда 2005 және 2006 жылдары таза кірістің төмендеуі ағымдағы шығыстарға жатқызылатын жобалар бойынша тартылған кредиттерге қызмет көрсету жөніндегі, сондай-ақ компанияның Астана қаласына көшірілген қызметкерлеріне тұрғын үй сатумен байланысты шығындардың едәуір ұлғаюына байланысты. Бұдан басқа, 2005 жыл қорытындылары бойынша компанияның қаржылық нәтижесіне бағамдық айырмадан зиянды есептеу әсер етті.

Қазақстанның бүкіл энергия жүйесінің жұмыс істеуінің сенімділігі мен тиімділігін арттыру мақсатында Компания ХҚДБ мен ЕҚДБ-ның қарыз қаражатын тарта отырып, "Қазақстан Республикасының Ұлттық энергия желісін жаңғырту" жобасын іске асыруда. Жобаның жалпы құны 43,8 млрд. теңге. Жобаның іске асырылуы кезеңінде жаңа буын жоғары вольтті коммутациялық аппараттар мен әлемдік жетекші өндірушілердің басқа электр техникалық жабдықтарын енгізу базасында ұлттық электр желісін техникалық қайта жарақтандыруға бағытталған 77,7 % қаражат игерілді.

2004 жылы Компания "Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі" транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісін салу" жобасын іске асыру жөніндегі жұмысты бастады, жобаның жалпы құны шамамен 43,7 млрд. теңгені құрайды. Жобаны іске асырудан бастап жоба құнынан шамамен 7 % игерілді.

Құрылыс шамамен 326 млн. АҚШ доллары сомасына дейін халықаралық және қазақстандық даму институттарының қарыз қаражатын тарту есебінен жүзеге асырылады:

мемлекеттік кепілдікпен берілген ХҚДБ қарызы 100 АҚШ доллары;

ЕҚДБ синдикатталған қарызы - 147,8 млн. АҚШ доллары;

"Қазақстанның Даму Банкі" АҚ қарызы - 21 млн. АҚШ доллары және 6,97 млрд. теңге.

Сондай-ақ Компания "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық ЭБЖ салу " Жобасын іске асыруға қатысады.

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі және "Батыс Транзит" АҚ арасында мемлекеттік-жеке серіктестіктер базасында концессиялық келісім жасалды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 қазандағы N 1008 қаулысына сәйкес Компания "Батыс транзит" АҚ акционерлерінің бірі бола отырып (жарғылық капиталдың 20% мөлшерінде), жобаны іске асыруға қатысады.

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 2006 жылғы сәуірде енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес концессиялық келісімдер негізінде салынған кернеуі 220 кВ және одан жоғары өңіраралық электр беру желілері, шағын станциялар мен тарату құрылғылары осы келісімдердің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін ұлттық электр желісі құрамына беріледі.

"Қазақ ақпарат агенттігі" ұлттық компаниясы" АҚ

"Қазақпарат" АҚ (бұдан әрі - Компания) "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Қазақ ақпарат агенттігі" (ҚазААГ) республикалық қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 қарашадағы N 1186 қаулысына сәйкес құрылды.

Компанияның 2005-2006 жылдар кезеңіндегі өндірістік-қаржылық қызметінің нәтижелері бойынша, кірістер серпіні мынадай болып қалыптасты.

2005-2006 жылдардағы кірістер құрылымы
(мың теңге)

Көрсеткіштер	Өшем бірлігі	2005 жыл есебі	2006 жыл есебі	2005 жылға қарағанда 2006 жылғы кірістердің өсу қарқыны %
Барлық кірістер, оның ішінде:	мың теңге	207554	216688	104,4
Негізгі қызметтен кірістер (ақпараттық қызмет көрсету)	мың теңге	207498	216202	104,2
кірістен %, барлығы:	%	99,9	99,8	
өзге де кірістер	мың теңге	56	486	867,9
кірістен %, барлығы:	%	0,1	0,2	

Кестеде көрсетілгендей 2005-2006 жылдары Компанияның негізгі қызмет түрі, меншікті көрсеткіште 99 % құраған, ақпараттық қызмет көрсету болды.

2005 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 2006 жылы кірістердің 216,7 млн. теңгеге дейін, яғни 9,1 млн. теңгеге немесе 4,4 %-ға, соның ішінде негізгі қызмет түрі бойынша 8,7 млн. теңгеге немесе 4,2 %-ға ұлғаюы байқалды. Бұл өсу, бірінші кезекте, мемлекеттік тапсырыс көлемінің ұлғаюымен және оның сапасының жоғарылауымен, өткізу нарықтарының кеңеюімен, өнім желісінің жаңғыруымен негізделген. Бұдан басқа, жасалған ақпараттық өнімді коммерциялық пайдалану Компанияға белгілі бір өндірістік, сондай-ақ қаржылық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Алайда осы кезең ішінде Компанияның шығыстары абсолюттік мәнде 23 155 мың теңгеге немесе 11,1 % өскенін атап көрсету керек.

Шығыстар құрылымында өндірілетін өнімнің 2005 жылы 156064 млн. теңге және 2006 жылы 169180 млн. теңге құраған өзіндік құны басым. Сатылған қызметтердің өзіндік құнының үлес салмағы 70 %-дан астамды құрайды.

Кезеңінің шығыстары тиісінше 46 940 мың теңгені және 56 979 мың теңгені құрады.

2005 жылы өндірістік-қаржылық қызмет нәтижесінде Компания 4 550 мың теңге мөлшерінде таза пайда алды. 2006 жылы шығыс 9 471 мың теңгені құрады.

Соңғы үш жылда Компания белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді: негізгі құралдарды жаңарту және сатып алу есебінен материалдық-техникалық база күшейтілді, шығарылатын өнім көлемі ұлғайды, ұсынылатын өнімнің ассортименти ж а қ с а р д ы .

2005 және 2006 жылдардың нәтижелері бойынша Компания республикалық бюджетке жылдар бойынша сәйкес түрде 30 439 мың теңге және 23 395 мың теңге мөлшерінде салықтар және басқа да міндетті төлемдер төледі.

Нақтыланған деректер бойынша Компанияның 2007 жылғы кірісі бағдармен 251 300 мың теңгені құрайды. Бұл ретте мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің web-сайтын ақпараттық сүйемелдеу шеңберіндегі республикалық бюджет қаражаты кірістердің негізгі көзі болып табылатынын атап к ө р с е т у к е р е к .

Компанияның шығыстары да жоспарлы шеңберде - 230 861 мың теңге шегінде қалады. Қызметкерлердің жалақысына, байланыс қызметіне, үй-жайды жалдауға және т.б. шығыстар Компанияның шығыстарының негізгі баптары болып табылады.

2007 жылдың қорытындысы бойынша 20 439 мың теңге мөлшерінде таза пайда алу көзделіп отыр. 2007 жылдың нәтижелері бойынша Компания мемлекеттік акциялар пакетіне 715 мың теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді жоспарлап отыр.

2007 жылдың нәтижелері бойынша 51 087 мың теңге мөлшерінде бюджетке салықтар және басқа да төлемдер төлеуді жоспарлап отыр.

"Қазғарыш" АҚ

Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" АҚ (бұдан әрі - Компания) Қазақстан Республикасы Президентінің "2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту туралы" 2005 жылғы 25 қаңтардағы N 1513 Жарлығы мен "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 242 қаулысына сәйкес құрылды.

Компания өзінің қызметін жүзеге асыруды 2005 жылы бастады. Көрсетілген кезеңде Компания орындаған жұмыстар көлемінің динамикасы "Қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдарға арналған ғарыш қызметін дамытудың" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарымен ғана айқындалды.

2006 жылы 9 ғылыми-зерттеу жобасын іске асыруға республикалық бюджеттен бөлінген қаржы қаражаты мемлекеттік тапсырыс шеңберінде орындалатын 101 "Қолданбалы ғылыми зерттеулер" кіші бағдарламасы бойынша, 002 "Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер" бюджеттік бағдарламасы бойынша және 044 "Есіл"

авиациялық зымыран-ғарыш кешенін құру" бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 359 100 мың теңгені құрады. 2006 жылы негізгі емес қызметтен кіріс 226 739 мың теңгені құрады.

Компанияның 2006 жылғы жалпы кірістері 1 282 миллион теңгені құрады. 2006 жылдың жалпы шығыстары 911 миллион теңгені құрады.

2006 жылы Компанияның негізгі қызмет кірістерінің есебінен 150 270 мың теңге мөлшерінде, сондай-ақ негізгі емес қызмет есебінен, атап айтқанда екінші деңгейдегі банктердегі депозиттер және Қазақстандық қор биржасындағы РЕПО операциясы кірістерінен 26 673 мың теңге мөлшерінде қалыптастырылған таза пайдасы 176 943 мың теңгені құрады. 2005 жылдың нәтижесі бойынша Компания 2006 жылы 8 627 мың теңге мөлшерінде дивидендтер төледі.

2006 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне 132 792 мың теңге мөлшерінде салықтар және басқа да төлемдер төленді.

2007 жылдың нәтижелері бойынша:

1 550 миллион теңге - жалпы кірістер;

1313 миллион теңге - барлық шығыстар;

238 миллион теңге - таза кіріс алу жоспарланып отыр.

"Kazsatnet" ұлттық компаниясы" АҚ

Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Kazsatnet" ұлттық компаниясы" АҚ (бұдан әрі - Компания) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 8 тамыздағы N 746 Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Kazsatnet" ұлттық компаниясы акционерлік қоғамын құру туралы" қаулысына сәйкес құрылды.

2006 жылы компания Астана, Алматы қалаларында және Шығыс Қазақстан облысының аумағында мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік желісінің (бұдан әрі - ЕТС ГО) жерсеріктік сегментінің пилотты аймақ жобасын жасау бойынша жұмыстар жүргізді.

Осы жұмыстар шеңберінде мынадай жұмыстар жүргізілді:

1) Астана, Алматы қалаларында және Шығыс Қазақстан облысының аумағында мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік желісінің жерсеріктік сегментінің пилотты аймақ жобасын жасау;

2) ЕТС ГО жерсеріктік сегментіне жобалау-жоспарлау құжаттамаларын әзірлеу, оны бекітілген тәртіппен келісу;

3) Астана, Алматы қалаларында және Шығыс Қазақстан облысында ЕТС ГО жерсеріктік сегментін құру үшін жабдықтар сатып алу;

4) Астана, Алматы қалаларында және Шығыс Қазақстан облысында монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарын қамтамасыз ету үшін даярлық жұмыстарын

ж ү р г і з у ;

5) Алматы, Өскемен, Семей қалаларында өңірлік бөлімшелерді ұйымдастыру;

6) Компанияға Астана қаласында ЕТС ГО пилотты аймағына жүйелік техникалық қызмет көрсету және әкімшілендіру бойынша функцияларды беру.

2006 жылы Компания мемлекеттік органдарға деректер беру қызметін көрсеткен жоқ және тиісінше кірістер алынған жоқ.

2006 жылы компанияның шығындары 7 811 мың теңгені құрады. Жылдың нәтижелері бойынша Компания бюджетке 1 466 мың теңге сомасында салықтар және басқа да міндетті төлемдер төледі.

"Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ

Пилоттық жоба ретінде жарғылық капиталына мемлекет жүз процент қатысатын және оның орналасу орны Астана қаласы деп айқындалған "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ (бұдан әрі - Компания) Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы N 274 "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар құру және олардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Жарлығына сәйкес құрылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 наурыздағы N 212 "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес Компанияның орналастырылатын акцияларына ақы төлеуге республикалық меншіктен тоғыз ұйым берілді.

Компанияның жарғылық капиталын қалыптастыруға Республикалық бюджеттен 8 000 000 мың теңге мөлшерінде қаражат бөлінді, олар былай таратылды:

"Сарыарқа" ӘКК" ҰК" АҚ офисін және облыс орталықтарында 2 департаментті ашуға, ұстауға - 501 509 мың теңге;

мемлекеттік кәсіпорындарды қайта құрылымдау, оңалту бойынша іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге және олардың негізінде бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер мен технологияларды дамытуға, кәсіпорындарда халықаралық стандарттарға негізделген жаңа өндірістік және басқару технологияларын енгізуге - 640 000 мың т е ण г е ;

жеке меншік отандық және шет елдік капиталдың қатысуымен бірлескен жобаларды жасау және іске асыру бойынша ұйымдастыруға және іс-шараларды жүргізуге - 858 491 мың теңге;

индустриалдық парктердің инженерлік инфрақұрылымын салу жобаларын жүзеге асыруға - 6 000 000 мың теңге;

Үй-жайды жалға алу, Компания қызметкерлеріне жалақы төлеу, байланыс қызметіне, Интернетке, ұйымдастыру техникаларын, офис жиһаздарын, кеңсе

тауарларын сатып алуға, автокөлік жалдауға және басқа да төлемдер бойынша 501 509 мың теңге сомасында шығыстар көзделген.

Мемлекеттік кәсіпорындарды қайта құрылымдау, оңалту бойынша іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге және олардың негізінде бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер мен технологияларды дамытуға, кәсіпорындарда халықаралық стандарттарға негізделген жаңа өндірістік және басқару технологияларын енгізуге кәсіпорындарды технологиялық қайта жарақтандыруға, Қазақстан Республикасы әділет органдарында қайта тіркеуге бағытталған шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға 640 000 мың теңге мөлшерінде шығыстар болжанып отыр.

Жеке меншік отандық және шет елдік капиталдың қатысуымен бірлескен жобаларды жасау және іске асыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге көзделген 858 491 мың теңге сомасындағы шығыстар Компанияның бірлескен кәсіпорындардың жарғылық капиталының үлесіне, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындар құруға, оларды дамытуға, мониторингіне және басқаруға бағытталған құқықтық, консультациялық, ұйымдастыру және қаржылық іс-шараларына қатысуды көздейді.

Индустриялық парктердің инженерлік инфрақұрылымдарын салу жобасын жүзеге асыру екі жобаны іске асыруды қамтиды:

Қарағанды қаласында құны 6 000 миллион теңге Индустриялық парктің құрылысын салу (осы жобаға республикалық бюджеттен қаражат бөлінді);

Астана қаласында құны 5 000 миллион теңге Индустриялық парктің құрылысын салу (ұсыныстар Республикалық бюджет комиссиясына енгізілді).

2007 жылдың қорытындысы бойынша Компания 154,07 мың теңге мөлшерінде пайда алуды жоспарлап отыр, бұл ретте Компанияның шығыстары 335,95 мың теңгені құрайды. Компанияның 2007 жылы ғана құрылғанын ескере отырып жыл нәтижелері бойынша шығын 181,88 мың теңге мөлшерінде жоспарланып отыр.

2007 жылдың нәтижелері бойынша Компания 4,1 млн. теңге мөлшерінде бюджетке салықтар және басқа да төлемдер төлеуді жоспарлап отыр.

2008-2010 жылдарға арналған перспективалар

Ескерту. Перспективаларға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.28 N 395 , 2008.08.27 N 776 Қаулыларымен.

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы"

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ (бұдан әрі - Компания) компания өз қызметінің негізгі 3 бағытын айқындап отыр:

компанияның құнын ұлғайту жолымен акционердің экономикалық пайдасын барынша ұлғайту;

мемлекеттің стратегиялық пайдасын (мүддесін) қамтамасыз ету;
тиімділігі жоғары мұнай-газ компаниясын құру.

Компанияның пайым көкжиегіне қол жеткізу оның негізгі элементтерін жетілдіру арқылы басқару жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша стратегиялық міндетті шешу жолымен жүзеге асырылатын болады:

стратегиялық жоспарлау жүйесін;
басқаруды есепке алу жүйесін;
бизнес-жоспарлау жүйесін;
инвестициялық жоспарлау жүйесін;

еншілес кәсіпорындар үшін мақсаттар қою және олардың қызметінің нәтижелерін бағалау жүйесін;
персоналдың дәлелдеу және даму жүйесін.

2008-2010 жылдар кезеңінде Компанияның мұнай өндіруші кәсіпорындарының өндірістік қуаттарын дамыту жер үсті объектілерін салуға, қайта жаңартуға және жаңғыртуға, сенімді әрі өнімділігі жоғары жер асты жабдығын қолдануға, компьютерлік геологиялық модельдер негізінде кен орындарын игеруді бақылаудың тиімділігі жоғары жүйесін құруға саяды.

Мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі шоғырландырылған көрсеткіштер бойынша 2008 жылы 19,6 млн. тонна, 2009 жылы - 20,2 млн. тонна, 2010 жылы - 20,27 млн. тонна деңгейінде жоспарланып отыр. 2008 - 2010 жылдар кезеңінде мұнай өндірудің есепті өсу қарқыны геологиялық-кәсіпшілік зерттеу деректері мен Өзен кен орнын игерудің ағымдағы жай-күйіне негізделеді.

Мұнайды магистральды мұнай құбырлары арқылы тасымалдау шоғырландырылған деректер бойынша 2008 жылы 46 млн. тонна көлемінде, 2009 жылы 46,7 млн. тонна, 2010 жылы 47,68 млн. тонна көлемінде жоспарланып отыр. Мұнай тасымалдаудың жоспарланып отырған көлемі нарықтық жағдайлар конъюнктурасы мен көлік жүйелерінің өткізу қабілетін есепке ала отырып, Республикада мұнай өндірудің болжамды деңгейі негізінде айқындалған.

Шоғырландырылған деректер бойынша 2008 жылы - 4,4 млн. тонна, 2009 жылы - 4,5 млн. тонна, 2010 жылы - 4,2 млн. тонна мұнайды теңіз арқылы тасымалдау жоспарланып отыр.

Магистральдық газ құбырлары арқылы шоғырландырылған көрсеткіштер бойынша 2008 жылы - 131 млрд. текше м., 2009 жылы - 133 млрд. текше м., 2010 жылы - 130,89 млрд. текше м. деңгейінде табиғи газ тасымалдау жоспарланып отыр.

Газ сату көлемі шоғырландырылған көрсеткіштер бойынша 2008 жылы 4,34 млрд. текше м., 2009 жылы - 4,41 млрд. текше м., 2010 жылы - 3,95 млрд. текше м. деңгейінде жоспарланып отыр.

Көмірсутегі шикізатын өңдеу шоғырландырылған көрсеткіштер бойынша 2008 жылы 5,9 млн. тонна, 2009 жылы - 6,1 млн. тонна, 2010 жылы - 6,23 млн. тонна

деңгейінде жоспарланып отыр.

Компания кірістерінің шоғырландырылған болжамды көрсеткіштері 2008 жылы - 086,87 млрд. теңге, 2009 жылы - 1 124,19 млрд. теңге, 2010 жылы - 1 124,19 млрд. теңге деңгейінде жоспарланып отыр.

2008-2010 жылдар кезеңінде шығыстардың шоғырландырылған көрсеткіштері мынадай деңгейде жоспарланып отыр: 2008 жылы - 731,93 млрд. теңге, 2009 жылы - 760,93 млрд. теңге, 2010 жылы - 760,93 млрд. теңге.

Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша Компания 2008-2010 жылдар кезеңінде мынадай мөлшерде шоғырландырылған таза кіріс алуды жоспарлап отыр: 2008 жылы - 163,81 млрд. теңге, 2009 жылы - 164,26 млрд. теңге және 2010 жылы - 1 58,3 млрд. теңге.

2008-2010 жылдар ішінде Компания мемлекеттік бюджетке ірі салық төлеушінің позициясын сақтайды. 2008-2010 жылдар кезеңінде бюджетке болжамды төлемдер 546,34 млн. теңге көлемінде жоспарланып отыр: 2008 жылы - 175,32 млн. теңге, 2009 жылы - 185,51 млн. теңге, 2010 жылы - 160,50 млн. теңге.

"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ

Инвестициялық басымдықтары мен даму бағыты отын-ядролық циклдың барлық сатыларына қатысатын тігінен интеграцияланған компанияны құруға бағдарланған.

2008-2010 жылдарға арналған жоспарланып отырған кезеңде жаңа өндірістерді құру, негізгі құралдарды одан әрі жаңалау және әлемдік нарықтарда ұстанымын бекіту есебінен жұмыстың тұрақты және серпінді режиміне шығу басым міндет болып табылады.

2008-2010 жылдарға арналған өндірістік мүмкіндіктер мен әлемдік нарықтарда әрбір өнім бойынша сұранысын сараптай келе, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ (бұдан әрі - Компания) дамудың мынадай басымдықтарын айқындайды:

Т а б иғ и у р а н ө н д і р і с і н д е :

1) қолданыстағы кен орындарында уран өндіру көлемдерін өрістету:

"Шығыс Мыңқұдық" жылына 1000 тоннаға дейін;

- Қанжуған кен орнының жылдық өнімділігі жылына 300 тонна, 2010 жылы жобалық қуатына шығуымен;

2) кен орындарында жаңа кеніштерді салу және кеңейту:

"Ыңғай" КАМЕКО компаниясымен (Канада) бірлесіп;

"Мойынкұм" және "Төртқұдық" Кожема-Аревамен (Франция) бірлесіп;

"Заречное" Ресей Федерациясы Атомминімен және КГРК-мен бірлесіп;

"Иіркөл" қуаты жылына 750 тонна;

"Хорасан 1,2" Marubeni корпорациясы құрылтайшысы болып табылатын UrAsia London Limited және Energy Asia бірлесіп, Tokoy Elektrik Power Company (TEPCO)

және Chubu Elektrik Power Co., Ink, (Chubu) энергетикалық компанияларымен бірлесіп 2014 жылға қарай толық көлеміне шығуымен - жылына 5000 тонна уран;

"Орталық Мыңқұдық" - қуаты жылына 2000 тонна;

"Оңтүстік Ыңғай" - қуаты жылына 2000 тонна;

"Батыс Мыңқұдық" - жапонияның "Сумитомо" және "Кансай Электрик Пауэр Ко., Инк." компанияларымен бірлесіп қуаты жылына 1000 тоннаға дейін 2010 жылға қарай толық өндірістік қуатына шығуымен кеніш құрылысын салу;

"Буденовское" - Ресей Федерациясының Атомминімен бірлесіп жиынтық қуаты жылына 4 000 тонна 2009 жылға қарай толық өндірістік қуатына шығуымен;

"Семізбай" қуаты жылына 500 тонна;

3) табиғи уранның химиялық концентратын тотықша-тотыққа дейін қайта өңдеу жөніндегі қуаттарды дамыту.

"ҮМЗ" АҚ уран өнімін өндіруде:

1) уран диоксидінің ұнтақтарымен (табиғи байытылған және төмен байытылған) және PWR BWR CANDU реакторларына және Ресейден тыс жерлердегі ресейлік дизайндағы реакторларға арналған отын таблеткаларымен сыртқы нарықтарға (Жапония, Қытай, Еуропа, Оңтүстік Корея, Украина, Канада, АҚШ) шығу;

2) құрамында уран бар материалдар мен қалпына келтірілген уранды ресейлік дизайндағы реакторларға арналған таблеткаларға дейін қайта өңдеу қызметтері УГФ бар ресейлік уран нарығында өз позициясын сақтау;

3) құрамында уран бар ашылуы қиын қайталама балқымаларды қайта өңдеудің әлемдік нарығындағы монополист позициясын сақтау;

4) ХКПУ қайта өңдеу бойынша уранның тотықша-тотыққа дейін тікелей фторлауға жарамды қызмет көрсету рыногында өз позициясын сақтау;

5) Самесо (Канада) Компаниясының технологиясы бойынша "ҮМЗ" АҚ-да уран гексофторидін конверсиялау бойынша зауыт салу.

Уран өнімін өндіруде жаңа бағыт Ресей Федерациясының аумағында уранды байыту бойынша зауыт құрылысын салуға қатысумен іске асырылатын болады.

Бериллий өнімін өндіруде:

1) Қытай нарығына бастапқы бериллий өнімдерін жеткізуде жетекші позицияларға шығу;

2) АҚШ нарығында "ҮМЗ" АҚ үлесін ұлғайту;

3) дәстүрлі нарықта (Ресей, Еуропа) қол жеткен позицияларды нығайту;

Тантал-ниобий өнімін өндіруде:

1) өндірісті шикізатпен қамтамасыз ету;

2) жоғары технологиялық өнімдерді шығару бойынша өндірістерді ұйымдастыру есебінен тантал өндірісі өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру:

сыйымдылығы жоғары тантал конденсаторлық ұнтақтарын;

танталдан жасалған өнімнің жетілдірілген түрлерін шығару.

Энергия ресурстарын өндіруде:

1) Маңғыстау облысының дамуымен негізделген өңірдің энергия ресурстарына арта түсіп отырған сұранысын қамтамасыз ету;

2) Энергия ресурстарын өткізудің жаңа рыноктарын жеңіп алу, компанияның коммуналдық қызмет көрсету нарығында позициясын дамыту;

3) Энергия ресурстарын өндіру және газды тасымалдау бойынша негізгі бизнестің технологиялық, құрылымдық және қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету;

4) Инновациялық үдерістерді белсендіру, қызмет көрсетудің және ИСО сапа стандарттарының жүйесіне көшуді қоса отырып газ тарату желілерін авариясыз пайдаланудың сапасын жақсартуға бағытталған ғылыми әзірленімдерді пайдалану және жаңа технологияларды енгізу:

5) өндірісті техникалық қайта жарақтандыруға, негізгі энергетикалық жабдықтарды жаңалауға және жаңғыртуға, сондай-ақ технологияларды жетілдіруге бағытталған инвестициялық бағдарламаны орындау жолымен "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС орнықты дамуын қамтамасыз ету.

2008-2010 жылдар кезеңінде мынадай мөлшерлерде:

2008 жылы - 64 013,9 млн. теңге;

2009 жылы - 70 932,6 млн. теңге;

2010 жылы - 90 792,1 млн. теңге шоғырландырылған таза кіріс алу жоспарланып отыр.

Бюджетке салықтар сомасы және басқа да міндетті төлемдер 2008 жылы 35 719,0 млн. теңгені, 2009 жылы - 39 874,7 млн. теңгені және 2010 жылы 50 314,5 млн. теңгені құрайды.

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ-тың (бұдан әрі - Компания) қызметінің негізгі мақсаты елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, астық бағасы демпингінің алдын алу, астық өткізу нарықтарын кеңейту.

Корпорация 2008 жылы 38 158,8 млн. теңге мөлшерінде жалпы кіріс алуды жоспарлап отыр, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 8 995,8 млн. теңге;

меншікті қаржы-шаруашылық қызметінен түсетін кіріс - 29 530,5 млн. теңге.

2008 жылға арналған жалпы шығыстар 38 205,1 млн. теңге мөлшерінде жоспарланған, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан болған шығыстар - 8 980,5 млн.теңге;

меншікті қаржы-шаруашылық қызметінен болған шығыстар - 29 224,6 млн.теңге.

Корпорация 2008 жылы 321,2 млн. теңге мөлшерінде таза кіріс алуды жоспарлап отыр, оның ішінде меншікті қызметінен түсетін таза кіріс - 305,9 млн. теңгені,

мемлекеттік астық ресурстарымен жасалған операциялардан - 15,3 млн. теңгені құрайды.

2008 жылы акциялардың мемлекеттік пакетіне арналған дивидендтер сомасы Корпорацияның бірден-бір акционерінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес анықталатын болады.

Корпорация 2008 жылы барлығы 350 млн. теңге сомасында салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді бюджетке аударуды жоспарлап отыр.

2009 жылға арналған жалпы кірістер 40 734,6 млн. теңге мөлшерінде жоспарланды, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 9 535,5 млн. теңге; меншікті қаржы-шаруашылық қызмет бойынша кіріс - 31 199,1 млн. теңге.

2009 жылға арналған жалпы шығыстар 40 391,0 млн. теңге мөлшерінде жоспарланды, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан болған шығыстар - 9 519,3 млн. теңге; меншікті қаржы-шаруашылық қызметінен болған шығыстар - 30 871,7 млн. теңге.

2009 жылы Корпорация 343,6 млн. теңге мөлшерінде таза кіріс алуды жоспарлап отыр, оның ішінде меншікті қызметінен түсетін таза кіріс 327,4 млн. теңгені, мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан - 16,2 млн. теңгені құрайды.

2009 жылы акциялардың мемлекеттік пакетіне арналған дивидендтер сомасын Корпорацияның бірден-бір акционерінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес анықталатын болады.

2009 жылы барлығы 370 млн. теңге мөлшерінде салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді бюджетке аудару жоспарланып отыр.

2010 жылға арналған жалпы кірістер 43 178,7 млн. теңге мөлшерінде жоспарланды, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан түсетін кіріс - 10 107,7 млн. теңге; меншікті қаржы-шаруашылық қызмет бойынша кіріс - 33 071,0 млн. теңге.

2010 жылға арналған жалпы шығыстар 42 815,2 млн. теңге мөлшерінде жоспарланды, оның ішінде:

мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан болған шығыстар - 10 091,2 млн. теңге; меншікті қаржы-шаруашылық қызметінен болған шығыстар - 32 724,0 млн. теңге.

2010 жылы 363,4 млн. теңге мөлшерінде таза кіріс алу жоспарланып отыр, оның ішінде меншікті қызметінен түскен таза кіріс 347,0 млн. теңгені, мемлекеттік астық ресурстарын басқарудан - 16,5 млн. теңгені құрайды.

2010 жылы акциялардың мемлекеттік пакетіне арналған дивидендтер сомасы Корпорацияның бірден-бір акционерінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес анықталатын болады.

2010 жылы бюджетке аударылатын салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің болжамды сомасы шамамен 391 млн. теңгені құрайды.

2008-2010 жылдардың болжамды көрсеткіштерін талдағанда 2010 жылы тұтастай Корпорация бойынша таза кірістің 2008 және 2009 жылдармен салыстырғанда тиісінше 13,1 % және 5,8 % өскенін атап көрсету керек. Бұл өсу ең бірінші кезекте, үлкен дәрежедегі болжанып отырған сату бағасының өсуімен, сондай-ақ халықаралық әрі ішкі нарыққа да астық сату көлемінің ұлғаюымен де, сондай-ақ көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын ұйымдастыруға қарыз беруден кірістердің өсуіне де байланысты болып отыр.

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ-ның (бұдан әрі - Компания) стратегиялық мақсаты Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру және дамыту, ақпараттандыру және "электрондық үкімет" инфрақұрылымының жобалық интеграторы функциялары саласында ұлттық оператор функциясын іске асыру болып табылады.

Компанияның 2008 жылға арналған негізгі мақсаты "электронды үкіметті" құру үшін базалық инфрақұрылымды қалыптастыру мен Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру шеңберінде мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің орнатуына жәрдемдесу болып қала береді.

2008 жылдан бастап 2010 жыл бойынша кезеңде республикалық бюджеттен тікелей түсімдер болжанып отырған жоқ. "Электрондық үкіметті" қалыптастырудың Мемлекеттік бағдарламасы шеңберіндегі жұмыстардың бәрі шарттық негізде жүзеге асырылады.

Компанияның 2008 - 2010 жылдарға арналған дамуының аса маңызды көрсеткіштерінің болжамы қызмет көрсету көлемінің жыл сайынғы өсуін, Компанияның таза кірісінің ұлғаюын көздейді.

Болжам бойынша таза кірістің сомасы 2008 жылы 43 млн. теңгені, 2009 жылы - 52,6 млн. теңгені, 2010 жылы - 60,5 млн. теңгені құрайды.

Компания мемлекеттік акциялар пакетіне таза табыстан 30 % мөлшерінде:

2008 жылы - 12,9 млн. теңге;

2009 жылы - 15,8 млн. теңге;

2010 жылы - 18,2 млн. теңге дивиденд төлеуді жоспарлап отыр.

Таза кірістің қалған бөлігі өткен жылдардың шығындарын өтеуге жібереді.

Компания 2008, 2009 және 2010 жылдары салықтарды және бюджетке басқа да міндетті төлемдерді жылдарға сәйкес түрде 416 млн. теңге, 450 млн. теңге, 476,5 млн. теңге сомасында төлеуді жоспарлап отыр.

"Қазпочта" АҚ

Коммерциялық мақсаттар

2008-2010 жылдары негізгі мақсат оларды іргелі орналастыру, техникалық нығайту мен ақпараттық-коммуникациялық және банктік жабдықтармен жарақтандыру жолымен почта байланысы бөлімшелерінің бөлшек желілерін жетілдіруге бағытталған.

Бұл мына міндеттердің орындалуын болжамдайды:

деңгейі бойынша күрделі және ақпараттық технологиялық орналастырылуының сапалы негізінде почта-байланыс қызметінің стандарттық тізбесін ұсынуға мүмкіндік беретін қалалық, аудандық және ауылдық деңгейде өңірлік жүйені дамытуға қаржыландыру көздерін жұмылдыру;

"электрондық үкімет" жүйесіне қосылу үшін, теле- және ақпараттық қызмет көрсетуді, кредиттер мен тұрғын үй жинақтауларын дамыту есебінен почта байланысының жаңадан орналастырылған бөлімшелерінде көрсетілетін қызмет аясын кеңейту;

ұсынылатын почта-жинақтау қызметінің почта жіберілімдерінің жиілігін облыстық филиалдардан аудан орталықтарына дейін - аптасына 5 ретке дейін, аудан орталықтарынан ауылдық байланыс бөлімшелеріне дейін - аптасына 3 ретке дейін, сондай-ақ өңірлік желілер мен магистралдық бағыттардың оңтайландырылуын көздейтін почта жіберілімдерінің мерзімін тұтастай магистралды бағыттар бойынша "күн+4" дейін ұлғайтуды қоса алғандағы сапасын арттыру.

2008-2010 жылдары мезеттік почта аударымдары, курьерлік қызмет көрсетулер нарығында және мына іс-шараларды іске асыру жолымен коммуналдық, салықтық және басқа да төлемдердің үлесін ұлғайтуға ерекше назар аударылатын болады:

Аударым операциялары бойынша - "Почта аударымдары" КИС модулін енгізуді аяқтау жолымен үдерістерді 15,4% дейін автоматтандыру есебінен; ақша аударымдары нарығында бәсекеге қабілетті тарифтерді бекіту; алыс шет елдермен ақша аударымдармен алмасуды кезең-кезеңімен кеңейту.

Коммуналдық, салықтық және басқа да төлемдер бойынша - белсенді жарнамалық саясат жүргізу жолымен қызмет көрсетуге жаңа корпоративтік клиенттерді тарту есебінен 25% дейін; халық пен заңды тұлғаларға "бір терезе" қағидаты бойынша қызмет көрсету үшін ірі почта байланысы бөлімшелерінде "Электронды кезек" жүйелерін кезең-кезеңімен орнату жолымен ПББ-да қызмет көрсету сапасын арттыру, сондай-ақ барлық облыс және аудан орталықтарында "Төлемдерді қабылдау" КИС модулін енгізу.

Мерзімді басылымдар бойынша - киоскілік желіні дамыту бойынша жобаны енгізу жолымен 86% дейін.

Курьерлік қызмет бойынша - EMS жөнелтілімдерін қабылдау пункттерін ұлғайту есебінен 17% дейін; EMS жөнелтілімдерін қадағалау жүйесін одан әрі орнату жолымен сапасын арттыру.

Коммерциялық емес мақсаттар

"Қазпочта" АҚ көрсететін қызмет аясының кеңдігін, почта байланысы желісінің ауқымдылығын ескере келе корпоративті ақпараттық жүйеге интеграцияланған шығындарды жеке есептеу жүйесін автоматтандыру жолымен деректердің орталықтандырылған бірыңғай базасын кезең-кезеңімен құру жоспарлап отыр.

2008-2010 жылдары почта байланысы қызметтері бойынша 2007 жылдың күтіліп отырған деңгейіне қатысты төлемдік почта алмасуды 255,9 бірлікке дейін немесе 11,4% ұлғайту жоспарланып отыр.

2007 жылы мыналар Компания қызметінің аса маңызды көрсеткіштері болып табылады. Жиынтық кірістердің жоспарланып отырған деңгейі 17 051,3 млн. теңгені құрайтын болады, бұл кірістердің почта қызметтерінен 18,7%-ға, қаржы қызметінен 17,6%-ға өсуінің нәтижесінде 2007 жылғыдан 23,3 %-ға жоғары. Жиынтық шығыстар 16 751,2 млн. теңге сомасында жоспарланып отыр, өсім 2007 жылмен салыстырғанда 19,0%-ды құрады. Таза кіріс 300,1 млн. теңгені құрайды, бұл 2007 жылғы көрсеткіштен 3,4 %-ға жоғары.

2009 жылы бұл көрсеткіштер мынадай мөлшерлерде жоспарлануда: жиынтық кіріс - 17 944,6 млн. теңге, жиынтық шығыс - 17 554,5 млн. теңге, таза кіріс - 390,1 млн. теңге.

2010 жылы жоспарланған таза кіріс - 564,7 млн. теңге.

Таза кірістің есімі 2008 жылы өткен жылға қарағанда 3,4 % пайыз мөлшерінде, 2009 жылы - 30,0 %, 2010 жылы - 44,8 % жоспарлануда.

"Қазақтелеком" АҚ

"Қазақтелеком" АҚ-ның (бұдан әрі - Компания) алдағы кезеңде іске асыруы тиіс негізгі мақсаттары - бұл қызметтің барлық түрлерін, ыңғайлы тариф саясатын қолдана отырып әр сегментінде бірегей ұсыныстарды ұстанымдаудың клиенттік бағдарланған компаниясына айналдыру;

берік және ұзақ мерзімді бәсекелесті инновациялық басымдықтармен бірге Орталық Азия нарығында көшбасшылық ұстанымды сақтау және нығайту;

әлемнің жетекші операторларының стандарттарына сәйкес келетін халықаралық нарықтың толыққанды ойыншысы болып қалыптасу;

жоғары рентабельділік пен қаржылық тиімділік есебінен Компанияның инвестициялар үшін тартымдылығын ұлғайту;

"Қазақтелеком" АҚ-ның акционерлік құнын ұлғайту.

Болжау деректеріне сәйкес Қоғам бойынша көрсетілетін қызметтердің кірісі 2008 жылы 148 027,3 млн. теңгені, 2009 жылы - 166 194,3 млн. теңгені, 2010 жылы 177 827,9 млн. теңгені құрайды.

Таза пайда 2008 жылы 28 577,9 млн. теңге, 2009 жылы - 31 029,6 млн. теңге, 2010 жылы - 31 960,5 теңге деңгейінде жоспарланып отыр. Салықтар сомасы мен мемлекеттік бюджетке міндетті басқа да төлемдердің мөлшері 2008 жылы - 25510 млн.

теңге, 2009 жылы - 31 465 млн. теңге деңгейінде жоспарланып отыр.

Компанияның инвестициялық саясатының инновациялық сипаты бар және жетекші әлемдік байланыс өндірісшілерінің ең жаңа технологиялары негізінде осы заманғы телекоммуникациялық инфрақұрылымды қалыптастыруға және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ақпараттық ағынның транзитін молайтуға бағытталған.

Компанияның инвестициялық саясаты телекоммуникациялар желісін жаңарту мен дамытудың мынадай басым бағыттарына негізделген:

салынған ұлттық ақпараттық супермагистралдан, жергілікті желілерді цифрландырудан тұратын ұлттық телекоммуникациялық инфрақұрылымды техникалық жетілдіруді жалғастыруға;

жергілікті телекоммуникациялар желісін, соның ішінде ауылдық желілерді жаңғырту және дамытуға;

деректер беру желісін дамытуға;

операциялық қызмет пен бизнесті басқару сапасын арттыруға бағытталған, сондай-ақ жаңа электрондық қызметтерді енгізуге мүмкіндік беретін ақпараттық технологияларды (АТ) дамытуға;

коммерциялық жобаларды дамытуға.

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" АҚ

Компанияны дамытудың негізгі мақсаттары:

жолаушыларды, жүктерді, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау кезінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

саланың сапалы, одан әрі тұрақты дамуды қамтамасыз ететін жаңа ақпараттық және техникалық деңгейге көшуі;

Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамыту жолымен транзиттік тасымалдар көлемін арттыру;

жүктемесі көп учаскелерді электрлендіруді жүргізу;
темір жол көлігін одан әрі қайта құрылымдау;
қаржылық тұрақтылықты нығайту болып табылады.

Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Компания мынадай міндеттерді шешуді көздеп отыр:

негізгі құралдарды жаңарту және жаңғырту;

барлық ақпарат ағындарын біріктіретін және тасымалдау процесі туралы барлық деректерді шоғырландыратын бірыңғай ақпараттық желі құру;

өндірістік процестерді автоматтандыру және механикаландыру;

жүктерді шекаралас елдердің темір жол учаскелерін пайдаланбай ел аумағымен барынша қысқа бағыттар бойынша тасымалдауға мүмкіндік беретін, сондай-ақ табиғи

ресурстардың перспективалы кен орындары мен жаңа өндірістік орталықтарды игеру, ұлттық экономиканың ауданаралық көлік байланыстарын ұтымды ету, жаңа көліктік бағыттар мен транзиттік дәліздер құру сияқты маңызды міндеттерін шешу үшін жаңа темір жол желілерін салу;

қабылдау-өткізу пункттерін жақсарту және дамыту; темір жол көлігі саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру; ресурстарды ұтымды пайдалана отырып, шығыстарды оңтайландыру.

Жүк тиеу көлемінің ұлғаюы есебінен болжамды жүк айналымы 2008 жылы 2007 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 3,8%-ға ұлғайып, 205 836 млн. т-км құрайды.

Жүк тиеу көлемінің ұлғаюы есебінен болжамды жүк айналымы 2009 жылы 2008 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 4%-ға ұлғайып, 214 120 млн. т-км құрайды.

Болжамды жүк айналымы 2010 жылы 2009 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 3,5 %-ға ұлғайып, 221 651 млн. т-км құрайды.

Болжамды жолаушылар айналымы 2008 жылы 2007 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 5,9 %-ға ұлғайып, 14 998 млн. т-км құрайды.

Болжамды жолаушылар айналымы 2009 жылы 2008 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 0,2 %-ға ұлғайып, 15 028 млн. т-км құрайды.

Болжамды жолаушылар айналымы 2010 жылы 2009 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 0,2 %-ға ұлғайып, 15 058 млн. т-км құрайды.

Кірістер биылғы жылы 452,1 млрд. теңге сомасында болжануда, 2007 жылғы деңгейге қарағанда өсу - 8,2%, бұл жұмыс көлемінің өсуімен негізделген. Соның ішінде республикалық және жергілікті бюджеттерден субсидия 9,85 млрд. теңге мөлшерінде болжанып отыр (2006 - 2007 жылдар деңгейінде).

Шығыстар 2008 жылы 417,9 млрд. теңге сомасында болжануда, 2007 жылға қарағанда өсу 7,7%.

Жиынтық пайда 2008 жылы 21,23 млрд. теңге сомасында болжануда, 2007 жылға қарағанда өсу 12,5%-ды құрайды.

2009 жылы 499,83 млрд. теңге сомасында кіріс алу болжануда, соның ішінде мемлекеттік субсидиялар - 10,54 млрд. теңге. 2008 жылғы деңгейге қарағанда кірістің болжамды ұлғаюы 10,6%-ды құрайды.

Шығыстар 2009 жылы 463,69 млрд. теңге сомасында болжануда, 2008 жылға қарағанда өсу - 10,9%.

Жиынтық пайда 2009 жылы 21,3 млрд. теңге сомасында болжануда, 2008 жылға қарағанда өсу 0,3%.

2010 жылы барлығы 547,86 млрд. теңге сомасында кіріс алу болжануда, соның ішінде мемлекеттік субсидиялар - 11,28 млрд. теңге. Кірістердің 2009 жылғы деңгейге қарағанда болжамды ұлғаюы 9,6%-ды құрайтын болады.

Шығыстар 2010 жылы 509,27 млрд. теңге сомасында болжануда, 2009 жылғы деңгейге қарағанда өсу - 9,8%.

Жиынтық кіріс 2010 жылы 22,94 млрд. теңге сомасында болжануда, 2009 жылғы дейгейге қарағанда өсу - 7,7%.

Компанияның инвестициялық қызметінің стратегиялық басымдықтарын анықтау мына негізгі қағидаттар базасында жүзеге асырылды:

еңбек өнімділігінің артуын қамтамасыз ететін прогрессивтік және үнемділігі жоғары инженерлік іс-шараларды енгізу, пайдалану шығыстарын төмендету және қозғалыс қауіпсіздігін арттыру;

ұсынылып отырған күрделі қаржы салымдарының негізделуіне баға беру; инвестициялық жобалардың тиімділігін есептеу;

оларды енгізу әсері тұтастай республика экономикасының ауқымында бағаланатын жалпы салалық және әлеуметтік мәні бар сипаттағы инвестициялық жобалар.

"Қазақстан инжиниринг" ұлттық компаниясы" АҚ

"Қазақстан инжиниринг" ұлттық компаниясы" АҚ (бұдан әрі - Компания) қызметінің мақсаты шығарылатын өнімді әртараптандыру, кәсіпорындардың станок паркін жаңарту, ішкі нарықты өз өндірісінің өнімдерімен толтыру, инвестициялық және инновациялық жобаларды іске асыру, Компания кәсіпорындарының инвестициялық тартымдылығын арттыруға және стратегиялық инвесторларды іздеуге бағытталған іс-шаралар кешенін жүргізу жолымен, Қазақстан Республикасының қарулы күштері, мұнайгаз, теміржол және басқа да кешендер үшін тауарлар, жұмыстар және қызметтер үлесін ұлғайту және экспортқа бағдарланған өндірісті дамыту болып табылады.

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу:

кәсіпорындардың өндірістік әлеуетін тиімді пайдалану, менеджменттің, маркетингтің, қаржылық есепке алудың прогрессивтік әдістерін енгізу;

мемлекеттік инвестицияларды, сондай-ақ шетелдік, отандық компаниялардың инвестицияларын тарту;

ИСО 9000 халықаралық стандарты бойынша сапа менеджменті жүйесін енгізу және қолдау;

франчайзинг және мемлекетаралық, кооперация жүйесі арқылы технологиялар трансферті мақсатында әлемдік машина жасау өнімдерін шығарушыларды тарту;

ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар жүргізу және өнім өткізудің жаңа рыноктарын игере отырып, жаңа жоғары технологиялық өнім түрлерін шығару көзделіп отыр.

2008 жылы 2007 жылмен салыстырғанда өндірілетін өнімнің көлемін 11386,89 млн. теңгеге ұлғайту жоспарлануда, бұл өткен жылдың деңгейіне қарағанда 102 %-ды құрайды.

2009 жылы өнім өндіру 13 005,00 млн. теңге көлемінде жоспарлануда, бұл 2008

жылғыға қарағанда 114 %-ды құрайды.

2010 жылы өндірілетін өнім көлемі 15 740 млн. теңге көлемінде жоспарлануда, бұл 2009 жылғыға қарағанда шамамен 121%-ды құрайды.

2008-2010 жылдар кезеңінде Компания орташа өсу қарқыны 8-10 % болған жағдайда өзінің кіріс базасын серпінді үдету міндетін қойып отыр. 2008 - 2010 жылдар бөлінісінде Компания кіріс түсіруді жоспарлауда:

2008 жылы Компания кірісінің деңгейі 14 356,961 млн. теңгеге өседі деп болжануда, бұл 2007 жылдың деңгейіне қарағанда 9 %-ды құрайды;

2009 жылы Компанияның кіріс базасы 15 949,181 млн. теңге деңгейіне жететін болады, бұл 2008 жылғы өсудің 11%-н құрайды;

2010 жылы Компания кірісінің деңгейі 17 544,00 млн. теңгеге өседі, бұл 2008 жылғы деңгейге қарағанда 10%-ды құрайды.

Компания кірісінің өсуі мұнайгаз, теміржол кәсіпорындарының және құрылыс кешендерінің Компания өнімдеріне қажетсінулерінің артуымен, сондай-ақ әскери өнімдерді өндіру және өткізу көлемінің ұлғаюы есебімен шартты байланысты.

Қойылған өндірістік міндетті іске асыру үшін Компания 2008 - 2010 жылдар кезеңінде мына шығыстарды жоспарлап отыр:

2008 жылы шығыстар 13 566,2 млн. теңге сомасында жоспарлануда, бұл 2007 жылғыға қарағанда 8,4 % өсуді құрайды;

2009 жылы - 15 113,52 млн. теңге сомасына, бұл 2008 жылғыға қарағанда 11,4% өсуді құрайды ;

2010 жылы - 16 170,91 млн. теңге сомасына, бұл 2009 жылғыға қарағанда 7% өсуді құрайды ;

2008 - 2010 жылдар кезеңіне арналған жоспарланып отырған шығыстардың өсуі " Жарнама мен маркетинг жүргізу", "Демеушілік (қайырылымдылық) көмек", "Компания персоналының біліктілігін жоғарылату және үйрету" сияқты баптар есебінен жалпы және әкімшілік шығыстардың жоспарлы шығасыларының ұлғаюымен байланысты болып отыр .

2008 жылы Компанияның таза кірісі 690,76 млн. теңге мөлшерінде (2007 жылға қарағанда өсу 1,4%), 2009 жылы - 735,66 млн. теңге (2007 жылға қарағанда өсу 6,5 %), 2010 жылы - 812,54 млн. теңге (2009 жылға өсу - 10,4 %).

Жоспарланатын кезеңде таза кірістің өсуі 2006 жылдан бастап кірістілік деңгейі жоғары бірқатар инвестициялық жобаларды енгізумен, сондай-ақ Компанияға жарғылық капиталын төлеуге берілген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің пайдаланылмайтын қару-жарағы мен әскери техникасын Компания кәсіпорындарының іске асыруына негізделген.

Компания 2008 - 2010 жылдар үшін бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді мынадай көлемде аударуды жоспарлап отыр:

2008 жылы - 1 795,4 млн. теңге;

2009 жылы - 1 936,9 млн. теңге;

2010 жылы - 2 043,7 млн. теңге.

Инвестициялық саясаттың 2008-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары шеңберінде Компания кәсіпорындарының инвестициялық бағдарламасы жалпы сомасы 7 039,70 млн. теңгеге инвестиция тартуды көздеп отыр, оның ішінде:

мұнай-газ кешені үшін жабдықтар өндіруге - 258,90 млн. теңге;

көлік машиналарын жасау саласында өнім өндіруге - 3 555,60 млн. теңге;

электр техникалық және энергетикалық мақсаттағы өнім өндіруге - 704,00 млн.

т е ण г е ;

тау-кен машиналарын жасау саласында өнім өндіруге - 541,20 млн. теңге;

арнайы және қосарлы мақсаттағы өнімнің жаңа түрлерін өндіруді игеруге - 1 980,00 млн. теңге.

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" АҚ

Энергия өндіретін кәсіпорындарды, электр желілік компанияларды дамыту, қолданыстағы электр желілерін дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізу тұтынушыларды энергиямен жабдықтаудың сапасы мен сенімділігін арттыру бәсекелі ортаны дамытуды қамтамасыз етуге, Республика экономикасының электр энергиясымен өзін өзі қамтамасыз етуіне қол жеткізуге және соның нәтижесінде елдің ұлттық қауіпсіздігінің бір бөлігі ретінде энергетикалық тәуелсіздігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта Компания:

1. Компанияның көлік жүйесін оңалтуға және энергия жүйесінің диспетчерлік басқарылуын жетілдіруге бағытталған ұлттық электр желісі (бұдан әрі - ҰЭЖ) жаңғырту жобасын іске асыруды аяқтауды;

2. қазіргі транзиттің сенімділігін арттыруға, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстанда электр энергиясы мен қуаттардың тапшылығын жабуға мүмкіндік беретін "Қазақстанның Солтүстігі - Оңтүстігі" транзиті 500 кВ екінші электр тарату желісінің құрылысы, 500 кВ "Алма" кіші электр станциясының құрылысы жобасын іске асыруды қоса алғанда, ҰЭЖ-ні одан әрі дамытуды қамтамасыз етуді;

3. ҰЭЖ жаңғырту жобасы мен "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" жобасын іске асыру үшін тартылған қарыз қаражаттары бойынша Компанияның міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етуді;

4. Қоғамның теңгеріміндегі электр желілік объектілерді жөндеу мен пайдалану жөнінде қажетті жұмыстарды жүргізуді, сондай-ақ жабдықтардың ескіргендерін жаңартуға және жаңа жабдық орнатуға қажетті инвестицияларды жүзеге асыруды;

5. нарықтық қатынастарды дамытуға ықпал етуді;

6. компанияның шығынсыз қызметін қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін Компания:

1. Компанияның және Қазақстан Республикасының Біртұтас энергетикалық жүйесінің (бұдан әрі - БЭЖ) басқару құрылымын жетілдіру, электр желілерін дамыту, БЭЖ-нің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жаңа осы заманғы технологияларды енгізу, ұсынылатын қызметтердің сапасы мен Қазақстан Республикасының БЭЖ-нің жұмыс істеу сенімділігін арттыру жөнінде жұмыстар жүргізу.

2. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электр энергетикасы саласындағы нарықтық қатынастарды одан әрі дамытуға бағытталған нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеуге қатысу.

3. "Қазақстанның Солтүстігі - Оңтүстігі" транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісін салуды жүзеге асыру;

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігімен бірлесе отырып, тарифтік әдіснаманы жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Қазақстан Республикасында тұтынудың өсуіне байланысты 2008 - 2010 жылдары техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтердің көлемін 2008 жылы 72,21 млрд. кВт. сағатқа, 2009 жылы 75,82 млрд. кВт. сағатқа және 2010 жылы 78,0 млрд. кВт. сағатқа жыл сайын ұлғайту жоспарланып отыр.

Электр энергиясын Компанияның желілері бойынша беру көлемі 2008 жылы 34,0 млрд. кВт.сағат мөлшерінде жоспарланып отыр, 2009 жылы Компанияның желілері бойынша беру көлемі 34,7 млрд. кВт.сағат және 2010 жылы 35,3 млрд. кВт.сағат көлемінде жоспарланады.

Қызметтердің болжанатын көлеміне сәйкес, сондай-ақ қызметтердің реттелетін түрлеріне арналған тарифтердің жоспарланатын өсуін ескере отырып, Компания 2008 - 2010 жылдары:

2008 жылы - 2,3 млрд. теңге;

2009 жылы - 2,7 млрд. теңге;

2010 жылы - 3,7 млрд. теңге мөлшерінде таза кіріс алуды жоспарлап отыр.

"Қазақ ақпарат агенттігі" ұлттық компаниясы" АҚ

"Қазақ ақпарат агенттігі" ұлттық компаниясы" АҚ-ты (бұдан әрі - Компания) дамытудың мақсаты - ұлттық қана емес сонымен бірге өңірлік те (орталық-азия немесе каспий) масштабқа ие қуатты, тармақталған және жедел ақпараттық агенттікті қалыптастыру болып табылады.

Компанияның 2008-2010 жылдардағы кезеңге арналған стратегиялық мақсаты Қазақстан Республикасы және Орталық Азия елдері мен Каспий өңірінің ақпараттық қажеттіліктерін қамтамасыз ететін, ақпаратты алу, беру және өңдеу саласында жоғары ақпараттық технологияларды қолдана отырып жұмыс істейтін мықты тілшілер қосыны

бар ақпараттық-талдау агенттігін қалыптастыру болып табылады.

Компанияның 2008 жылға арналған негізгі мақсаты ақпараттық сипаттағы хабарлар қалыптастыру мен таратудың сандық және сапалық көрсеткіштерін жақсарту болып табылады.

С о н ы ң і ш і н д е :

Компанияның нарықтағы үлесін проценттік қатынаста 5%-ға дейін жеткізу; ақпараттық өнімдер көлемін А2 форматын 7 500 бетіне дейін ұлғайту. Мыналар Компанияның алдағы кезеңге арналған міндеттері болып табылады:

- 1) дамудың бизнес-бағдарлық стратегиясын қалыптастыру және іске асыру;
- 2) ақпараттық өнімнің бәсекелестік қабілетін арттыру;
- 3) ақпараттық және техникалық инфрақұрылымды жетілдіру;
- 4) ақпараттық материалдардың сапасын жақсарту;

5) Қазақстанның резиденттеріне және шетелдік тұтынушыларға жаңалықтар ақпаратын жеткізуді жедел әрі толық ауқымды сервиспен қамтамасыз ету;

6) тілшілер қосынын кеңейту, сондай-ақ республика ішіндегі және шет елдердегі тілшілер қосындарының қызметін жақсарту үшін жағдай жасау;

7) Компания қызметінің қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін жетілдіру;

2008 жылы 263 920 мың теңге деңгейінде жалпы кіріс алу жоспарлануда, 2009 жылы - 279 755 мың теңге, 2010 жылы - 296 541 мың теңге, шығыстар тиісінше - 257 663 мың теңгені, 267 644 мың теңгені және 287 486 мың теңгені құрайды. Көрсетілген кезеңдегі Компания кірістерінің негізгі көзі ақпараттық өнімдер шығару болып табылмақ.

Қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері бойынша Компания мынадай таза кіріс алуды

к ө з д е л і п				о т ы р :			
2008	жылы	-	4	380	мың	теңге;	
2009	жылы	-	8	478	мың	теңге;	
2010	жылы	-	6	338	мың	теңге;	

2008, 2009 және 2010 жылдары Компания акциялардың мемлекеттік пакеттеріне жылдар бойынша тиісінше 219 мың теңге, 424 мың теңге және 317 мың теңге мөлшерінде дивидендтер төлеуді жоспарлап отыр.

Осы кезеңде Компания бюджетке салықтар мен басқа төлемдер түрінде мынадай мөлшердегі аударымдар көлемін жоспарлап отыр: 2008 жылы - 92 044 мың теңге, 2009 жылы - 99 241 мың теңге, 2010 жылы - 99 241 теңге.

"Қазақстан Ғарыш Сапары" ұлттық компаниясы" АҚ

2007 - 2009 жылдары Компанияның қызметін қаржыландыру көздерін, соның ішінде кредиттер тарту есебінен әртараптандыру жоспарлануда. Даму институттарынан, атап айтқанда Қазақстан Даму Банкінен, Ұлттық инновациялық қордан, ұлттық

инвестициялық қордан, Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығынан қосымша инвестициялар тарту көзделеді.

Сонымен бірге, шығыстарды бөлуді біріккен кәсіпорындар құру, соның ішінде шетелдік серіктестермен бірге, жолымен жобаларды іске асыру нұсқасы қарастырылуда, бұл қазақстандық көздерге түсетін қаржы жүгі мен тәуекелді азайтып қана қоймай, үздік өндірістік және басқару технологияларын тартуға, қызметтердің әлемдік нарығына шығуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Компанияның жалпы кірістері 2008, 2009 және 2010 жылдары 14 358 млн. теңге, 32 693 млн. теңге және 7 092 млн. теңге деңгейінде жоспарланып отыр.

Компанияның жалпы шығыстары 12 134 млн. теңге, 25 103 млн. теңге және 4 784 млн. теңге мөлшерінде жоспарлануда.

2008, 2009 және 2010 жылдардың қорытындылары бойынша Компания 2 224 млн. теңге, 7 591 млн. теңге және 2 307 млн. теңге мөлшерінде таза пайда алуды жоспарлауда.

2008-2010 жылдары Компания мемлекеттік бюджетке мынадай төлемдерді салықтар мен бюджетке басқа да төлемдерді төлеуді жоспарлады:

2008 жыл - 174 966 мың теңге;

2009 жыл - 189 539 мың теңге;

2010 жыл - 202 804 мың теңге.

"Kazsatnet" ұлттық компаниясы" АҚ

"Kazsatnet" ұлттық компаниясы" АҚ (бұдан әрі - Компания) құрудағы негізгі мақсат байланыс пен таратудың ұлттық спутниктік жүйесін дамыту болып табылады. Компанияның жоспарлы кезеңге арналған мақсаты Қазақстан Республикасының МО Б К О қ ұ р у .

Осыған байланысты Компанияның алдындағы 2008-2010 жылдарға арналған негізгі м і н д е т т е р і :

МО БКО-ны, соның ішінде спутниктік сегментті құру жобаларын басқару;

МО БКО құру, МО БКО-ға әкімшілік және жүйелік-техникалық қызмет көрсету, мемлекеттік органдарды телекоммуникациялық қызметтердің барлық аясымен қамтамасыз ету болып табылады.

Мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай іс-шараларды орындау қажет:

МО БКО құру жобасын іске асыру және "электрондық үкіметті" дамыту жөніндегі жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясат шеңберінде телекоммуникациялық қызметтердің барлық түрлерін ұсыну;

құрылған мультисервистік желі инфрақұрылымының мониторингі мен техникалық қызмет көрсетуі үшін қажетті жағдайлар жасау;

әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге және ақпаратты қорғаудың бірыңғай

саясатын қамтамасыз етуге бағытталған тиімділігі жоғары ақпараттық технологиялар ж а с а у ;

деректер беру саласында ғылымды қажет ететін технологиялар жасау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;

жеке және заңды тұлғалардың жалпыға бірдей қол жетімді мемлекеттік ақпараттық ресурстарға қол жеткізуі үшін техникалық жағдайлар ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

байланыстың ұлттық спутниктік жүйесі саласындағы жобаларды басқару; ұлттық қауіпсіздік саласындағы ақпараттық жүйелер мен өзге де ақпараттық өнімдерді жобалау, тарату және пайдалану;

ақпараттандыру және телекоммуникация саласындағы стандарттар жобаларын ә з і р л е у г е қ а т ы с у ;

спутниктік, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар саласындағы о қ у ж ә н е к а с т и н г .

2008 жылдан бастап 2010 жылға дейінгі кезеңде Компанияның шығыстары 25 626,9 млн. теңге көлемінде болжануда, соның ішінде: 2008 жылы - 8 591,0 млн. теңге, 2009 жылы - 8 717,2 млн. теңге, 2010 жылы - 8 318,7 млн. теңге.

Компанияның болжамды шығыстарының көздері мен қаржыландыру көлемі республикалық бюджет пен өзге де көздер түсімдерінен болжануда.

Қаржылық қызмет нәтижелері, алдымен Компанияның жұмыс істеуінің негізгі индикаторы болып табылатын экономикалық көрсеткіштерден көрінетін болады.

Әдетте, негізгі қаражатқа қаржы салу қызметтің қаржылық нәтижелеріне жан-жақты және көп қырлы әсер етеді - Компания бюджетінің шығыс бөлігін ұлғайту, бюджеттің кіріс бөлігіне түсімдер болжанбайды, өйткені Компанияның қызметі мемлекеттік органдарға қызметтер көрсетуге бағытталатын болады, болжанған кезеңде коммерциялық қызмет көрсету қарастырылмайды.

Осы кезеңде Компанияның зиянды қызметін жоспарлау Компанияның жаңа қалыптаса бастауына, сондай-ақ МО БКО-ны құру тек 2011 жылы аяқталатынына байланысты көрсетілетін қызметтер көлемінің жеткілікті болуымен түсіндіріледі.

2008- 2010 жылдар кезеңінде бюджетке салықтар мен өзге де міндетті төлемдердің жалпы сомасы 1 210,7 млн. теңге сомасында жоспарлануда, соның ішінде 2008 жылы 226,1 млн. теңге, 2009 жылы - 386,3 млн. теңге, 2010 жылы - 598,3 млн. теңге.

"Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ

"Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" АҚ-ның (бұдан әрі - Компания) стратегиялық мақсаты - тауарлар мен қызметтер шығару, сонымен бірге пайдалы қазбаларды өндіру мен қайта өңдеу жөніндегі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейтуге, қайта жаңартуға және техникалық қайта

жарактандыруға, сондай-ақ жаңаларын құруға бағытталған өзін ақтайтын және тиімді инвестициялық жобаларды қаржыландыру жолымен мемлекеттік активтерді тиімді басқаруды арттыру болып табылады.

Компанияның 2008 жылға арналған мақсаты активтерді заңды тұлғалардың жарғылық капиталына үлес ретінде тиімді пайдалану жолымен Компанияның шығынсыздығына қол жеткізу болып табылады.

Көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:
компанияның бизнес-жоспарының шығыс бөлігін әзірлеу;
компания активтерін есептей отырып кіріс көздерін айқындау;
еншілес компаниялардың стратегиялары мен бизнес-жоспарларын әзірлеу;
компанияны және оның еншілес құрылымдарын корпоративтік басқару жүйесін ж а с а у ;

компанияның шоғырландырылған бизнес-жоспарларын әзірлеу;
компанияның инвестициялық жобаларға қатысу шарттарын әзірлеу;
қолда бар активтерді пайдалана отырып инвестициялық жобаларды іске асыру;
компанияның жиынтық кірісін алу.

2008 жылы Компания жарғылық капиталды республикалық бюджет қаражаты есебінен 3 000 млн. теңге мөлшерінде ұлғайтуды жоспарлап отыр, соның ішінде:
2 000 млн. теңге Астана қаласында "Жаңа өнеркәсіп аймағының (индустриялық парк) инфрақұрылымын салуға";

1 000 млн. теңге жеке отандық және шетелдік капиталдың қатысуымен біріккен инвестициялық жобаларды іске асыруға.

Компания 2008-2010 жылдар кезеңінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі инвестициялық жобаларға қатысуы үшін 20 кен орны объектісі бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын алуды жоспарлауда.

Компанияның кірістері 2008 жылы - 2 137,85 млн. теңгеге, 2009 жылы - 2 807,72 млн. теңгеге және 2010 жылы - 3 429,36 млн. теңгеге жоспарлануда.

Шығыстар 2008, 2009 және 2010 жылдары тиісінше 254,99 млн. теңге, 270,29 млн. теңге және 286,51 млн. теңге деңгейінде жоспарланды.

2008 жылдың қорытындылары бойынша Компания 1 318 млн. теңге мөлшерінде таза кіріс алуды жоспарлап отыр, соның 50%-н республикалық бюджетке аудару ж о с п а р л а н у д а .

2009 және 2010 жылдары таза кіріс жылдар бойынша тиісінше 1 772,00 млн. теңге және 2 200,00 млн. теңге көлемінде жоспарланды, оның 50%-ы акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивиденд ретінде төленетін болады.

Ұлттық компанияларды дамытудың 2008-2010 жылдарға арналған негізгі көрсеткіштері

Ескерту. Перспективаларға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.28 N 395 , 2008.08.27 N 776 Қаулыларымен.

Орташа айлық жалақының көрсеткіштері (мың теңге)					
Компаниялардың атауы	2006 ж. факт	2007 ж. бағалау	2008 ж. болжам	2009 ж. болжам	2010 ж. болжам
"KEGOC" АҚ	67,10	68,80	72,30	76,10	81,40
"ҚазМұнайГаз" АҚ	138,60	148,90	152,10	154,36	154,36
"Қазатомөнеркәсіп" АҚ	71,78	89,80	94,86	99,62	104,14
"Қазақтелеком" АҚ	60,04	77,19	83,56	88,22	94,39
"Қазпочта" АҚ	32,80	33,80	49,04	52,34	54,34
"Қазақстан темір жолы" АҚ	54,37	61,5	67,91	74,95	82,30
"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ	93,23	117,03	123,22	133,08	142,39
"Азық-түлік корпорациясы" ҰК" АҚ	132,00	146,00	157,00	163,00	170,00
"Қазақпарат" АҚ	72,26	83,33	73,19	80,51	88,56
"Қазақстан инжинирингі" ҰК" АҚ	31,92	40,44	42,49	47,08	54,55
"Қазақстан Ғарыш Сапары" ҰК" АҚ	119,00	159,00	326,00	404,00	425,00
"Kazsatnet" ҰК" АҚ	109,0	226,00	270,00	331,00	393,00
"Сарыарқа" ӘКК" АҚ	-	209,89	237,86	252,13	267,26

Қызметкерлердің саны (адам)					
Компаниялардың атауы	2006 ж. факт	2007 ж. бағалау	2008 ж. болжам	2009 ж. болжам	2010 ж. болжам
"KEGOC" АҚ	3933	4013	4095	4095	4095
"ҚазМұнайГаз" АҚ	32617	33911	34274	34338	34338
"Қазатомөнеркәсіп" АҚ	18796	21786	23631	24757	25290
"Қазақтелеком" АҚ	32836	31806	31440	34864	31864
"Қазпочта" АҚ	16193	17240	16947	16774	16774
"Қазақстан темір жолы" АҚ	135376	138514	1390701	139682	140238
"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ	434	670	700	730	760
"Азық-түлік корпорациясы" АҚ	340	340	350	360	370

"Қазақпарат" АҚ	126	130	154	154	154
"Қазақстан инжинирингі" ҰК" АҚ	5117	5302	5383	5383	5521
"Қазақстан Ғарыш Сапары" ҰК" АҚ	263	356	522	556	540
"Kazsatnet" ҰК" АҚ	19	157	169	17	181
"Сарыарқа" ӘКК" АҚ	-	58	58	58	58
Жиыны	246050	254283	256794	258906	260183

Жалақы қоры (млн. теңге)

Компаниялардың атауы	2006 ж. факт	2007 ж. бағалау	2008 ж. болжам	2009 ж. болжам	2010 ж. болжам
"KEGOC" АҚ	3123,30	3314,05	3551,40	3737,15	3998,75
"ҚазМұнайГаз" АҚ	49281, 00	60561, 60	62543, 84	63603, 17	63603, 17
"Қазатомөнеркәсіп" АҚ	16189, 54	23476, 80	26899, 40	29596, 80	31604, 20
"Қазақтелеком" АҚ	23655, 23	29462, 68	31525, 07	33731, 82	36093, 05
"Қазпочта" АҚ	6679,86	7156,67	10236, 17	10814, 67	10814, 67
"Қазақстан темір жолы" АҚ	8833 0,00	10222 2,00	11332 3,00	12562 4,00	13849 4,00
"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ	485,54	940,95	1035,04	1165,75	1298,62
"Азық-түлік корпорациясы" АҚ	539,98	597,61	658,48	704,57	753,89
"Қазақпарат" АҚ	109,25	130,00	135,26	148,79	163,67
"Қазақстан инжинирингі" ҰК" АҚ	1959,99	2572,95	2744,68	3119,14	3614,05
"Қазақстан Ғарыш Сапары" ҰК" АҚ	376,75	677,70	1020,53	1347,88	1377,56
"Kazsatnet" ҰК" АҚ	2,06	425,34	548,06	687,90	854,65
"Сарыарқа" ӘКК" АҚ	-	133,91	165,55	175,48	186,01
Жиыны	190732, 8	231672	254386	274457, 12	292856, 24

Негізгі қызметтен түсетін кіріс (млн. теңге)

Компаниялардың атауы	2006 ж. факт	2007 ж. бағалау	2008 ж. болжам	2009 ж. болжам	2010 ж. болжам
"KEGOC" АҚ	22033,63	23394,03	25693,65	28571,75	31555,85
"ҚазМұнайГаз" АҚ	1145943, 45	939207, 60	1080302, 19	1118603, 32	1118603, 32

"Қазатомөнеркәсіп" АҚ	86220,00	130190,10	152352,00	182090,60	204590,70
"Қазақтелеком" АҚ	113912,57	127804,25	148027,35	166194,30	177827,90
"Қазпочта" АҚ	11860,63	13465,64	16125,54	16914,41	16914,41
"Қазақстан темір жолы" АҚ	382596,00	417686,00	452103,00	499830,00	547858,00
"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ	867,22	1575,57	1720,71	1831,27	1956,25
"Азық-түлік корпорациясы" АҚ	22393,20	34382,35	35949,75	38385,27	40688,38
"Қазақпарат" АҚ	216,20	251,30	263,92	279,76	296,54
"Қазақстан инжинирингі" ҰК" АҚ	8475,42	10882,38	12740,09	13224,46	14811,44
"Қазақстан Ғарыш Сапары" ҰК" АҚ	1252,81	1274,74	13507,14	31194,43	6596,62
"Kazsatnet" ҰК" АҚ	0,02	0,15	0,45	0,63	0,82
"Сарыарқа" ӘКК" АҚ	-	-	2137,85	2801,72	3429,36
Жиыны	1795771,15	1700117,11	1940923,64	2099921,92	2165129,59

Таза пайда (млн. теңге)

Компаниялардың атауы	2006 ж. факт	2007 ж. бағалау	2008 ж. болжам	2009 ж. болжам	2010 ж. болжам
"KEGOC" АҚ	818,02	761,13	2250,67	2746,84	3680,00
"ҚазМұнайГаз" АҚ	245685,65	145517,01	163810,92	164259,64	158300,00
"Қазатомөнеркәсіп" АҚ	57751,20	41407,10	64013,90	70663,70	86945,90
"Қазақтелеком" АҚ	35259,19	28409,13	28577,99	31029,64	31960,53
"Қазпочта" АҚ	275,66	290,10	300,06	390,07	564,70
"Қазақстан темір жолы" АҚ	22446,00	18859,00	21227,00	21299,00	22937,00
"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ	31,22	32,34	42,96	52,56	60,54
"Азық-түлік корпорациясы" АҚ	253,83	275,68	321,27	343,61	363,43
"Қазақпарат" АҚ	-9,47	14,31	4,38	8,48	6,34
"Қазақстан инжинирингі" ҰК" АҚ	151,86	681,05	690,76	735,66	812,54
"Қазақстан Ғарыш Сапары" ҰК" АҚ	155,22	237,81	2224,32	7590,60	2307,39
"Kazsatnet" ҰК" АҚ	-7,81	-1381,83	-2617,74	-3849,87	-5060,53
"Сарыарқа" ӘКК" АҚ	-	-181,88	1318,00	1772,00	2200,00

Жиыны	362810, 57	234920, 95	282164, 49	297041, 93	305077, 84
Дивидендтер (млн. теңге)					
Компаниялардың атауы	2006 ж. факт	2007 ж. бағалау	2008 ж. болжам	2009 ж. болжам	2010 ж. болжам
"KEGOC" АҚ	ұлттық компанияларды мемлекеттік акциялар пакеті "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" АҚ жарғылық капиталына төлеуге берілген				
"ҚазМұнайГаз" АҚ					
"Қазақстан темір жолы" АҚ					
"Қазпочта" АҚ					
"Қазақтелеком" АҚ					
"Қазақстан инжинирингі" ҰК" АҚ					
"Қазатомөнеркәсіп" АҚ	390,74	1508,00	2119,10	1774,40	1842,20
"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ	9,37	9,70	ұлттық компанияларды мемлекеттік акциялар пакеті "Самғау" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ жарғылық капиталына төлеуге берілген		
"Азық-түлік корпорациясы" АҚ	121,24	130,45	ұлттық компанияларды мемлекеттік акциялар пакеті "ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ жарғылық капиталына төлеуге берілген		
"Қазақпарат" АҚ	-	0,72	0,22	0,42	0,31
"Қазақстан Ғарыш Сапары" ҰК" АҚ	-	-	-	-	-
"Kazsatnet" ҰК" АҚ	ұлттық компанияларды мемлекеттік акциялар пакеті "Самғау" ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі" АҚ жарғылық капиталына төлеуге берілген				
"Сарыарқа" ӘКК" АҚ	-	-	659,00	886,00	1100,00
Жиыны	521,35	1648,87	2791,21	2676,59	2960,68
Инвестициялар (млн. теңге)					
Компаниялардың атауы	2006 ж. факт	2007 ж. бағалау	2008 ж. болжам	2009 ж. болжам	2010 ж. болжам
"KEGOC" АҚ	7120,60	13838,80	32178,60	23304,90	10500,00
"ҚазМұнайГаз" АҚ	150370, 00	239891, 09	228403, 19	157791, 56	157791, 56

"Қазатомөнеркәсіп" АҚ	28208,50	1 626 55,40	70770,60	51941,90	20696,40
"Қазақтелеком" АҚ	38807,70	56271,50	36586,62	38726,06	59577,00
"Қазпочта" АҚ	2114,10	5069,32	2858,70	2752,00	1627,50
"Қазақстан темір жолы" АҚ	76523,00	1 409 80,00	82170,00	82765,00	86590,00
"Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ	35,14	120,00	100,00	80,00	100,00
"Азық-түлік корпорациясы" АҚ	5273,63	1010,50	30027,24	26801,33	318,33
"Қазақпарат" АҚ	-	-	-	-	-
"Қазақстан инжинирингі" ҰК" АҚ	343,20	170,00	258,00	320,00	350,00
"Қазақстан Ғарыш Сапары" ҰК" АҚ	287,88	473,90	19051,56	13335,03	3915,06
"Kazsatnet" ҰК" АҚ	1425,00	4880,68	8590,99	8717,22	8318,73
"Сарыарқа" ӘКК" АҚ	-	8000,00	3000,00	600,00	743,00
Жиыны	310508,75	633361,19	513995,50	407135,00	350527,58

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК